Ардагерлер	Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне әуе билеттерін беру	«Эйр Астана» Қазақстан бойынша және ТМД елдеріне сапар жасау үшін Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне 3 840 әуе билетін ұсынды.
Медицина	Ауыр дертке шалдыққан балалар мен оларды алып жүретін ата-аналарына әуе билеттерін беру	Ауыр дертке шалдыққан балалар мен оларды алып жүретін ата-аналарына 124 әуе билеті берілді.
	Қазақстан ауруханаларындағы балаларға арналған қарқынды терапия бөлімшелерін заманауи жабдықпен қамтамасыз ету	«АЯЛА» қорының қайырымдылық қызметін қолдау үшін Алматыда, Астанада және Атырауда орнатылған кассаларда 3 317 АҚШ доллары жиналды. Қостанай облыстық балалар ауруханасы 3 128 АҚШ доллары сомасына медициналық жабдық алды.
Демеуші	ЮНЕСКО қамқорлығымен өткен «Өнер ғаламшары-2018» халықаралық фестивалі	Фестиваль Қазақстанның елордасы – Астана қаласының 20 жылдығын мерекелеуге арналды. 18 билет берілді. Бұл жобаның негізгі мақсаты – дарынды жастарға қолдау көрсету және оларды дамыту, мәдениетаралық ұнқатысуға ықпалдасу, сондай-ақ аймақтың жас ұрпақтары арасындағы байланысты нығайту және кеңейту.
Қайырмалдық	Қазақстанда қар барысын сақтау жобасына арналған «Шегі жоқ жабайы табиғат» қоры	«Эйр Астана» жобаны қолдау үшін 10 000-нан астам АҚШ долларын қорға қайырмалдыққа берді.
Жұмыскерлердің қайырымдылық жобаларында ерікті көмек көрсетуі	Табылған заттар бюросы	Қазан айында жерде қызмет көрсету департаменті табылған заттар бюросындағы заттарды сұрыптау, буып-түю және табыстау жөніндегі қайырымдылық науқанын бастады. Сұрауы жоқ заттар сақталып, «Teen Challenge Kazakhstan – әйелдерді оңалту бағдарламасы» қайырымдылық қорына табысталды. Қор қиын өмірлік жағдайларға тап болған әйелдерді, белгілі тұрғылықты жері жоқ жалғызбасты аналарды, күш көрсетуден және эмоционалдық зорлық-зомбылықтан зардап шеккен әйелдер мен балаларды және балалар үйлерінде өмір сүре бастаған балаларды әлеуметтік оңалтуға және бейімдеуге қолдау көрсетеді.
	«Қайырымдылық эстафетасы»	Идея алғаш рет Алматы әуежайындағы билет сату бөлімінде туындаған, енді жауапкершілік бір бөлімнен екіншісіне беріліп отырады. 2018 жылы алауды жерде қызмет көрсету бөлімі табыстады. Әріптестер Талғардағы балалар үйіне қолдау көрсету үшін қаражат жинауға арналған жәрмеңкені ұйымдастырды.
	«АЯЛА» қайырымдылық қорымен бірге көтерілген «Аяз Атаға хат» жаңа жылдық бастамасы	Арнайы (түзету) мектеп-интернаттарының, балалар үйлерінің оқушылары, сондай-ақ үйден оқытылатын немесе мүмкіндіктері шектеулі балалар Аяз Атаға хат жазады. «АЯЛА» қоры мерекені осы хаттармен безендіреді. Кез келген адам конвертті таңдап, хатты оқи алады және балаға сыйлық алатын ақшаны салады немесе өзі сатып алып береді. Шыршалар Алматыда 1-4-ші орталықтарда және әуежай офисінде орнатылып, 54 баланың хаты ілінді.

КОРПОРАТИВТІК ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖАЛҒАСЫ БІЗДІҢ АДАМДАР

Таланттылардың ілгері басуына көмектесу

Біздің адамдарымыз стратегияны іске асыруда маңызды роль атқарады. Біздің бизнесіміз сияқты қарқынды бизнесіміз перспективалы және белсенді мамандар штатын тартып, оларға қолдау көрсететін таланттарды басқару стратегиясының болуы өте маңызды. Біз жоғары дәрежелі мамандарды жалдауға және дамытуға ұмтыламыз және қызметкерлермен байланысты барлық процестеріміздің: қабылдаудың, оқытып-үйрету мен дамытудың, тиімділігін бағалаудың және мойындаудың негізіне алынатын HEART (қонақжайлық, нәтижелілік, белсенділік, сенімділік және сенім) құндылығын ілгерілеті отырып, персонал белсенділігінің жоғары деңгейін қолдаймыз. Біз бәріне тең мүмкіндіктер берілетін қолайлы ортада, жұмыс орындарында икемді, қонақжай және әдептілікке негізделген мәдениетті ынталандырамыз және ілгерілетеміз.

«Біз қызметкерлерді жалдаймыз, бағалаймыз және сіңірген еңбектерінің негізінде көтермелейміз. Біздің барлық адамдарымыз талантты, сол себепті персоналмен жұмыс жүргізетін басшылар ретіндегі біздің жұмысымыз қызметкерлердің әлеуетін барынша ашып, олардың белсенділік деңгейлерін жоғарылатудан тұрады».

Евгения Ни, персоналды басқару және әкімшілік мәселелер жөніндегі вице-президент



Талантты адамдарды тарту

Біз Компаниямызды қызметкерлер үшін қызықты және өршіл мүмкіндіктер ашылған, мансаптық өсу үшін барлық жағдай жасалған, үйлесімді, инклюзивті және құндылықтарға негізделген мәдениет қалыптастырылған, жұмыс істеуге қолайлы тамаша орынға айналдыруға ұмтыламыз. Талантты адамдарды тарту кезінде біз назар аударатын ең маңызды факторлар мыналар болып табылады:

- үздік жұмыс беруші ретіндегі брендімізді күшейту;
- дамыту, қатыстыру және ілгерілету арқылы талантты адамдарға қолдау көрсету;
- гендерлік теңдікті, сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы ісқимылды қамтамасыз ету.

Біз осы салалардағы табысқа саясаттар мен рәсімдерді енгізу, сондай-ақ жоғарғы басшылық тарапынан тұрақты бағалау жағдайында қадағалау мен бақылау жүргізу арқылы қол жеткіздік. Біз адамдарды меритократия қағидаты негізінде жалдаймыз және ілгерілетеміз, талаптарға сай келетін және жеткілікті біліктілік пен қасиеттерді иеленетін барлық – ішкі және сыртқы үміткерлерге тең құқықтар береміз.

Ұзақ мерзімді даму мақсаттарымызды іске асыру үшін біз әуе кемелерінің паркі мен маршруттық желіні жыл сайынғы кеңейтуге

қолдау көрсету мақсатында үнемі жаңа жұмыскерлерді тарту жұмысын жүргіземіз.

Біз ақпарат алмасудың бірегей жаңа тәсілімен және «Арманыңды өлшеп көр» бірыңғай тақырыптамасымен біріктірілген әр түрлі рекрутинг арналарын іске қостық. Жұмыс беруші брендині дамыту Компанияның өсу стратегиясының іске асырылуына байланысты.

2017 жылы іске қосылған және бүкіл Қазақстаннан үміткерлерді іріктеуге, жұмысқа орналастыруға және оқытып-үйретуге, сондай-ақ жас ұрпақпен бұрынғыдан да ашық қатынастар құруға бағытталған «Арманыңды өлшеп көр» рекрутингтік науқаны 2018 жылы да жалғастырылды.

Жастардың авиациямен байланысты мамандықтарға қызығушылығы жылдан-жылға артып келеді және біздің басты мақсатымыз – авиацияда кәсіби мансап жолын құру үшін жаңа мүмкіндіктер ашу.

Біз «Мансап күні» жобасын іске қостық, бұл жоба шеңберінде Компания өкілдері аудиториямен өз табыс жолының тарихымен бөліседі. Сонымен қатар, біз «100 мамандық», «Өз жолыңды тап» және «Көшбасшы KZ» сияқты жастар ұйымдарымен ынтымақтастығымызды жалғастырдық. Осы жобалар шеңберінде жоғары сынып оқушылары мен студенттерге ұшқыштар ұшу кезінде ұшырасатын әр түрлі жағдайлар ахуалында авиациялық симуляторды сынап көру, ұшқыштардың, инженерлер мен бортсеріктердің табысқа жету тарихтарын тыңдау мүмкіндігі беріледі.

Екінші жыл қатарынан біз Робототехника бойынша республикалық чемпионатқа қатысамыз, онда семинарлар өткізіп, мектеп оқушыларын инженер мамандығымен таныстырамыз. Біз сондай-ақ мектеп оқушылары үшін Крэнфилд университеті мен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің жанындағы «Ұлттық зияткерлік меншік институты» республикалық мемлекеттік кәсіпорны ұйымдастырған көлік саласындағы ең үздік жобаға республикалық конкурста әділ қазылар алқасының мүшелері ретінде қатыстық.

Конкурс кейіннен Крэнфилд университетіндегі таныстыру бағдарламасына жіберілген студенттердің арасында көлік саласындағы қызығушылықтарын арттыру және білімдерін тереңдету мақсатында өткізілді.

Үздік әлемдік практикаларды ұстана отырып, біз сондай-ақ Компания қызметкерлерінің ұсынымдары бойынша білікті ұшқыштарды тартуға арналған рефералды бағдарламаны іске қостық. Бағдарлама өте жақсы нәтиже берді, 6 ай ішінде ұсынымдар бойынша жеті білікті ұшқыш жалданды және бұл мұнымен шектелмейді.

Қызметкерлерді жалдау процесін жақсарту мақсатында біз job.airastana.com жаңа мансаптық веб-сайтын іске қостық, бұл веб-сайт біз үшін үміткерлердің тәжірибесін жақсарту процесінде маңызды басымдықтардың біріне айналды. Біз үміткерлерден өтінімдердің берілу процесін ықшамдадық, олар персоналды іріктеу жөніндегі мамандардан дереу кері байланыс алады.

Жұмыс беруші бренді

Көптеген жоғары білікті мамандардың ішінен ең жақсы қызметкерлерді іріктеу және сақтап қалу «Эйр Астана» үшін негізгі басымдық болып табылады. 2018 жылы біз қайтадан үздік жұмыс беруші мәртебесін бекіттік және біздің қызметіміз брендімізді Қазақстанда және оның шегінен тыс жерлерде бөліп көрсетуге мүмкіндік берген бес негізгі жетістікпен ерекшеленді:

- біз үш жыл қатарынан жұмыс берушілер брендингі саласындағы зерттеулерге маманданатын жетекші халықаралық агенттік – Universum нұсқасы бойынша Қазақстандағы ең тартымды жұмыс беруші рейтингін басқарып келеміз;
- біз KC Recognition жобасы – сіңірген еңбекті мойындаудың электронды жүйесі үшін «Орталық Азияның 2018 жылғы HR-бренді сыйлығы» аясында HeadHunter компаниясының марапатын алдық;
- біз HR-процестерді автоматтандыру жобамыз үшін Қазақстанда алғаш рет өткізілген персоналды басқару саласындағы WOW!HR_KZ халықаралық бизнес-сыйлығының «Цифрлық шешімдер» номинациясында жеңімпаз атандық, бұл үшін «Эйр Астананы» Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі де марапаттады;
- біз персоналды басқару саласындағы бизнес-процестерді тиімді басқару мақсатында қағазсыз құжат айналымының электрондық жүйесін енгізген Қазақстандағы алғашқы Компания болдық, бұл жүйе сондай-ақ «Қазақстанды цифрландыру бойынша жол картасына» сәйкес ҚР үкіметінің цифрлық құралына біріктірілуі мүмкін;
- Words and Pictures серіктесімізбен бірлесе отырып, Компания «Коммуникациялық стратегияның ең жақсы өзгерісі» номинациясында Компания қызметкерлерінің жаңа стратегиясының коммуникациясымен байланысты «Imagine if...» жобасымен ішкі коммуникациялар жөніндегі жобалардың FEIEA Grand Prix 2018 халықаралық конкурсының финалға қатысушысы болды.

Ab-initio ұшқыштарды оқыту бағдарламасы

2018 жылы біз жастарға беделді әуе компаниясында жоғары ақы төленетін мамандыққа ие болу мүмкіндігін беру үшін жергілікті мамандардың – білікті ұшқыштардың жетіспеушілік жағдайын жақсарту мақсатында 2008 жылы іске қосылған табысты Ab-initio ұшқыштарды оқыту бағдарламасының 10 жылдығын атап өттік. 2018 жылы Ab-initio бағдарламасына берілген өтінімдер саны

2017 жылмен салыстырғанда 74%-ға артты. Бағдарлама біздің білікті ұшқыштарға деген қажеттіліктерімізді қамтамасыз етіп келеді, бағдарламаның 178 түлегі қазірдің өзінде A320, B767 және E190 үлгісіндегі әуе кемелерімізде капитан немесе екінші ұшқыш болып табылады. Қазіргі уақытта 26 кадет осы бағдарлама бойынша оқытудан өтіп жатыр, сондай-ақ 2019 жылғы сәуір-мамыр айларында жаңа кадеттердің оқуға келуі күтіледі. Компания алдағы бес жыл ішінде жыл сайын 35-40 кадеттен оқытуға ниетті болып отыр.

Тағлымдамадан өту бағдарламалары

Талантты түлектерге мансап жолдарын «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры топтарында дамыту мүмкіндігін беретін «Жас Өркен» және «Цифрлық жаз» сияқты мемлекеттік бастамаларға қолдау көрсету мақсатында «Эйр Астананың» жоғарыда аталған бағдарламалардың студенттерін мансап жолдарын дамытуға көмектесу үшін тағлымдамадан өту бастамасы аясында тартуы табысты болды.

2014 жылдан бастап біздің Компаниямызда тағлымдамадан өту бағдарламасы табысты қолданылып келеді. Жерде қызмет көрсету департаментінде табысты іске асырғаннан кейін біз тағлымдамадан өту бағдарламасын қаржы, ақпараттық технологиялар және электрондық бизнес, сондай-ақ ұшуды ұйымдастыру департаменттерінде енгізуді жалғастырамыз. Жалпы алғанда, 2014 жылдан бастап 2018 жылға дейін қоса алғандағы кезеңде 360 тағлымдамадан өтуші «Эйр Астана» компаниясында жұмыс істеу мүмкіндігін алды, олардың 153-і кейіннен табысты жұмысқа орналасты.

Саналуандық және тең құқықтар қағидаты

«Эйр Астана» шын мәнінде сан алуан штатының құндылығын мойындайды және әр түрлі жастағы, мәдениеттегі және ұлттағы ерлер мен әйелдерге тең мүмкіндіктер беретіндігін мақтан тұтады. Біз мәдени және кәсіби алмасуды қолдаймыз және шетелдік әріптестерімізді Компаниямыздың қуатты активі ретінде мойындаймыз. Оларды бірегей халықаралық тәжірибелері және ұйымдастырушылық мәдениетке қосқан үлестері, мәдениеттер мен пікірлердің саналуандығы үшін бағалаймыз. 2019 жылы үш негізгі салаға баса назар аударуды жоспарлаймыз:

- Компания ішінде саналуандық және тең құқықтар қағидаттарын көтермелеуді және қолдауды жалғастыру;
- саналуандық және тең құқықтар мәдениетін қолдау үшін қажетті құралдар мен рәсімдердің болуын қамтамасыз ету;
- ішкі және сыртқы серіктестікті көтермелеу және ілгерілету.

Талантты адамдардың тартылуын сандармен көрсету**32**

бос орындар жәрмеңкесі және университеттердегі таныстырылымдар

10

Мектеп оқушыларымен және олардың ата-аналарымен кәсіби бағдар беру бойынша 10 іс-шара (Крэнфилд университеті, робототехника бойынша жарыстар, «Өз жолыңды тап» жобасы, lessons.kz және т.с.с.).

5

Мектеп оқушыларымен және студенттермен авиациялық симуляторда 5 таныстыру сессиясы

>3 500

осы іс-шараларға тартылған қатысушылардың жалпы саны

Саналуандық және тең құқықтар қағидатын сандармен көрсету

- Қызметкерлеріміздің 60%-дан астамы – әйелдер
- Әйелдер барлық топ-менеджерлердің 41%-ын құрайды
- Барлық қызметкерлердің 33%-дан астамы әр түрлі этникалық топтардан шыққан



КОРПОРАТИВТІК ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖАЛҒАСЫ БІЗДІҢ АДАМДАР

Белсенді қатысу

«Үлгіні басшылыққа ала отырып, өз әріптестеріміз бен олардың дамуына қамқорлық жасай отырып, құндылықтарымыздың арқасында өмір сүретін тартымды мәдениетті қалыптастыру жұмыс беруші брендінің абырой-беделін қолдау мен біздің «Эйр Астананы» жұмыс істеуге қолайлы тамаша орын етуге басқарушылық үлесіміздің кілті болып табылады».

Евгения Ни, персоналды басқару және әкімшілік мәселелер жөніндегі вице-президент

Біз тәжірибе мен қызметкерлердің белсенділік дәрежесі тығыз байланысты деп есептейміз және, саланың басқа да көшбасшылары сияқты, үш негізгі элементке: физикалық, технологиялық және мәдени ортаға баса назар аударуымызды жалғастырамыз. Біз орнықты және тартымды мәдениетті қалыптастыру үшін командамыздың жоғары белсенділік деңгейін қамтамасыз ету мақсатында адамдар арасындағы үнқатысуды қолдауымыз және көтермелеуіміз қажет болатындығын түсінеміз.

Біз жұмыс күшін ауыстыру, демографиялық өзгерістер, жұмыс күшін әртараптандыру, цифрландыру және т.б. сияқты жаһандық үрдістердің бизнесімізге қазірдің өзінде әсерін тигізіп отырғандығын түсінеміз және осы сын-тегеуіріндерді қабылдап, оларды мүмкіндікке айналдыруға дайынбыз.

Қызметкерлерге түсініктірек болуы үшін 2018 жылы біз өз әріптестерімізге сіңірген еңбектерін мойындауды дербестендіріп, мұны уақтылы және айқын етуге көмектесетін қызметкерлердің белсенділігін жақсарту жөніндегі KS Recognition жаңа тұғырнамасын ұсындық. Бұл құрал «Эйр Астана» командасында танымал болды, біз оны Компания ішінде және оның шегінен тыс сіңірген еңбекті мойындау мәдениетін қалыптастыруға қосылған үлес ретінде қарастырамыз.

Біз сондай-ақ қызметкерлердің идеялармен алмасуларына және Компанияның соңғы жаңалықтары мен бастамаларынан хабардар болуларына көмектесе отырып, байланысты жақсартатын KS App мобильді қолданбасын әзірлеуді жалғастырдық.

Мұндай бастамалар америкалық Gallup компаниясымен бірлесе отырып өткізілген қызметкерлердің белсенділік сауалнамасы нәтижелерінде оң пікірлерге ие болды.

1 462 қызметкер қатысқан 2018 жылғы сауалнама белсенділіктің оң үрдіске ие болып отырғандығын көрсетті. Бұл нәтиже Компаниямыздың корпоративтік мәдениетті дамыту жөніндегі бастамаларының тиімділігін айғақтайды.

Сыйақы

«Эйр Астана» тиянақталған және ауыспалы төлемді, сондай-ақ қолжетімді, нарықта бәсекеге қабілетті, икемді және нәтижеге бағдарланған қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді жеңілдіктерді (соның ішінде медициналық сақтандыруды) ұсынуға ұмтылады.

2016 жылдан бастап Қазақстандағы барлық қызметкерлер үшін корпоративтік зейнетақы жоспары қолданылады. Бұл бастаманың мақсаты негізгі қызметкерлерді ұстап қалу және жұмыскерлердің өздерінің жеке қаржылық қауіпсіздіктеріне жауаптылықпен қараулары болып табылады. Жоспарға сәйкес, әрбір қызметкер ай сайын өз табысының 5%-ын енгізеді, Компания үздіксіз жұмыс өтілінің алғашқы 10 жылы ішінде барлық жұмыскерлер үшін дәл сондай мөлшерде қарсы жарнаны қамтамасыз етеді. 10 жылдық жұмыс өтілінен кейін Компания тарапынан салым мөлшері ұлғаяды. Белгілі бір жағдайларда жұмыскер өз зейнетақы төлемдерінің бүкіл сомасын, соның ішінде жұмыскер мен Компания төлеген барлық жарналарды, сондай-ақ есептелген инвестициялық кірісті ала алады.

Біз өзіміздің барлық қызметкерлерімізге мынадай жеңілдіктерді ұсынамыз:

- медициналық сақтандыру;
- ұшқыштар үшін лицензияны жоғалтудан сақтандыру;
- «Эйр Астана» әуе компаниясының немесе серіктес әуе компанияларының рейстеріне 50-90 %-дық жеңілдіктер;
- қызметтік тасымалдау (жұмысқа/жұмыстан);
- мобильді байланыс шығындарын өтеу;
- фитнес залдарындағы жеңілдіктер;
- ресторандардағы, барлар мен қонақ үйлердегі жеңілдіктер.

Таланттарды дамыту

«Эйр Астана» бизнес-көшбасшыларды дамытуға баса көңіл бөледі және Крэнфилд Менеджмент мектебімен ынтымақтастықта топ-менеджерлерді оқыту бағдарламаларын жалғастырады. Біз мықты басқарушылар

командасы ұйымның табысқа жетуіндегі негізгі факторлардың бірі болып табылады деп есептейміз.

2018 жылы біз, мықты бренд қалыптастыру және кең ауқымды авиация саласы үшін Компаниямызда озық тәжірибе орталығын құру жөніндегі 3 жылдық жоспарымызға сәйкес, «Эйр Астана» оқу академиясын дамытуда елеулі табысқа қол жеткіздік.

Біздің негізгі мақсаттарымыз:

- кәсіби және инновациялық оқу орталығын құру;
- орталықтандырылған және стандартталған оқыту әдіснамасын дамыту;
- жаттықтырушылар құрамын дамыту.

2015 жылы негізі қаланған Академия бүкіл корпоративтік жедел оқытуды бір шатырдың астына біріктіреді және қазіргі уақытта барлық бағыттардағы авиация мамандарын, соның ішінде ұшқыштарды, бортсеріктерді, инженерлерді және азаматтық авиацияның басқа да мамандарын EASA стандарттарына сәйкес деңгейде даярлайды.

2018 жыл бойында біздің оқыту жөніндегі барлық бөлімшелеріміз Академия жанында біріктірілді. Академиямызды оқыту және дамыту саласындағы озық тәжірибе орталығына айналдыру үшін стратегия әзірлеу – үнемі басты назарымызда. Біздің стратегиямыз төрт негізгі тірекке: коммерциялық және қаржылық өсуге, стандарттау мен ықшамдауға, инновациялық өнімдерге және жаттықтырушыларды оқытып-үйретуге баса көңіл бөле отырып, «Эйр Астананы» жаңа деңгейге шығаратын кәсіби және инновациялық оқу орталығын құрудан тұрады. Мақсаты – Академияның Компаниямыздың барлық бөлімшелерінде стандартталған оқыту әдіснамасын қолдануы.

Қызметкерлеріміздің дағдылары мен білімдерін дамытуға бағытталған саясатымызға сәйкес, 2018 жылы біз оқытуымызды жалғастырып, бірнеше жаңа корпоративтік бағдарламаны, персоналды іріктеу және әрі қарай көтермелеу және көшбасшылыққа ынталандыру үшін оқытып-үйрету, қызметкерлердің өнімділігін арттыру жөніндегі бағдарламаларды табысты іске қостық. Бұл департаменттердің ішіндегі ұшу өндірісі, бортта қызмет көрсету, сату және маркетинг, жерде қызмет көрсету және қаржы сияқты бірқатар жобаларды қамтыды. Электронды оқыту және жүйелерді әзірлеу 2018 жылы да, 2019 жылы да Академия стратегиясының негізгі элементі болып табылады. Электронды оқытуға баса көңіл бөле отырып, Академия ықшамдауға, бейімдеуге, өзін-өзі оқытуға және қызметкерлерді оқыту процесіне тартуға екпін түсіреді.

«Эйр Астана» оқу Академиясының даму жоспары



Таланттарды жоспарлау

Сала жылдам қарқынмен өзгеріп, дамып келеді. Іріктелген үміткерлер уақыт өте келе басқарушы құрамдағы негізгі тұлғаларға айналуы үшін көшбасшылық талантты алдын ала анықтауға барған сайын көбірек көңіл бөлінуде. Операциялық және қаржылық тиімділікпен қатар, бізге басқарушылық тұрақтылықты қамтамасыз ету қажет. Сабақтастықты жоспарлаудың маңыздылығы шешуші мәнге ие және біз мұны «Барлық деңгейлерде персоналды дамыту мен сабақтастықты жоспарлау» бағдарламасы енгізілген 2006 жылы ұғындық.

Биылғы жылы біз осы процесті жеке іс-шаралар жоспарына бөліп шығардық, өйткені бұл – барлық табысты ұйымдардың ең үздік практикасы. Бұл бағыттағы жұмысты басқарушы құрамнан бастадық және таяу уақытта сабақтастықты орнықты жоспарлау мәдениетін қалыптастыру үшін процесті Компаниядағы басқарушылық және аса маңызды рольдердің барлық деңгейлеріне таратуды жоспарлаймыз.

Біз «Эйр Астана» таланттары» бағдарламасын жүргіземіз, оның мақсаты – басқарушы емес құрамның арасынан болашақ көшбасшыларды анықтау және дамыту. Бұл біздің әріптестеріміз үшін – өздерін тексеру және әлеуеттерін іске асыру мүмкіндігі.

Алдыңғы екі бағдарлама тамаша нәтиже берді: біз қатысушылардың 70%-ын сақтап қалдық және ілгерілеттік.

Біздің кадрларды жоспарлау және таланттыларды іздеу процесіміз, сондай-ақ білім беру және оқыту бағдарламаларымыз әр түрлі дарынды адамдарды табуға және тартуға, жоғарырақ лауазымдарға ауысу үшін ынтасы мен қабілеті бар қызметкерлерді дамытуға көмектеседі. Компания басшылығы саналуандықты қамтамасыз ету стратегиясын іске асыру жауапкершілігін өзіне алып, саналуандық және тең құқықтар қағидаттарына негізделген корпоративтік мәдениетті ілгерілетуде еліктеуге тұрарлық үлгі болады.

Адам құқықтары

«Эйр Астана» адам құқықтарын қорғауға бейіл. Бұл Халықаралық еңбек ұйымының адамның еңбек саласындағы негізгі қағидаттары мен құқықтары туралы декларациясында мазмұндалған қағидаттарды сақтауды қамтиды.

Компанияның Іскерлік этика кодексі бар, ол сондай-ақ Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін ұстанады. Сонымен қатар, «Эйр Астана» адам құқықтарының мойындалған қағидаттарын, соның ішінде кемсітушілікке, денсаулық сақтауға және қауіпсіздікке, бұзушылықтар туралы хабардар етуге және парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа жол бермеуге қатысты қағидаттарын қолдайтын басқа да саясаттарды енгізді.

Парақорлыққа қатысты саясат және болжалды бұзушылықтар туралы хабарламалар

«Эйр Астана» өз бизнесін адал жүргізуге ұмтылады және барлық қызметкерлері осы қағидаттарға сәйкес келеді деп күтеді.

Біз болжалды бұзушылықтар туралы хабарландырудың жаңа Саясатын әзірледік: қызметкерлерге арналған хабардар етудің қолданыстағы арналарына қосымша, тәуелсіз бөгде оператор анонимді негізде телефон, электронды пошта және Интернет арқылы хабарлаудың қосымша мүмкіндігін береді.

Біз жаңа саясатқа сәйкес қызметкерлердің шынайы алаңдаушылық білдіруін құптаймыз. Кез келген қауіптен пікірі мұқият тексеріледі, сондай-ақ тексеру нәтижелері бойынша қажетті шаралар қабылданады.

Сонымен қатар, біз ұлттық және халықаралық нормалардың сақталуын қамтамасыз ету үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету жөніндегі жаңа Саясатты әзірледік. Кез келген саясатты бұзу дереу жұмыстан шығаруды негіздейтін маңызды себеп ретінде бағаланады.

Қазіргі заманғы құлдық

Адам құқықтары Жалпыға ортақ адам құқықтарының декларациясында айқындалған және біз өз практикамыз бен жеткізушілеріміздің оларды бұзбауына ұмтыламыз. Халықаралық әуе компаниясы ретінде біз көлік секторында жұмыс істейтін ұйымдар кейбір жеткізушілердің немесе бизнес бойынша серіктестердің арасында қазіргі заманғы құлдықтың қандай да бір нысанының болу мүмкіндігі тәуекелін қабылдамаулары тиіс деп есептейміз. Біздің саясатымыз қазіргі заманғы құлдықты болдырмауға бағытталған рәсімдерді ұйғарады және біз қызметкерлер мен мердігерлерді қазіргі заманғы құлдық немесе адам саудасы жағдайлары туралы кез келген оқиғалар немесе күдіктер туралы хабарлауға шақырамыз.

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі

Біз Компанияның корпоративтік басқару жүйесінің негізгі компоненті ретінде тәуекелдерді басқарудың маңыздылығын мойындаймыз. «Эйр Астана» компаниясының тәуекелдерін басқару тәуекелдерді бағалау Компания қызметіндегі барлық процестердің ажырамас бөлігі болып табылады деген қағидатқа негізделген. Тәуекелдерді тиімді басқару және оларды азайту мақсатында біз саладағы тәуекелдерді бағалаудың озық практикаларын пайдалана отырып, тәуекелдерді басқару жүйесін дамытуымызды жалғастырамыз.

Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі (ТБКЖ) «Эйр Астана» компаниясының корпоративтік басқаруының ажырамас бөлігі болып табылады. Компанияның ТБКЖ, корпоративтік басқаруды, тиімділікті басқаруды және ішкі бақылау әдістерін қоса алғанда, бизнестің барлық басқа аспектілерімен бірігуді қамтамасыз етеді. Компанияның тәуекелдерді басқару практикасы сондай-ақ орнықты даму саласында жетілуге септігін тигізеді, өзгермелі жағдайларға бейімделу үшін Компанияның өміршеңдігі мен икемділігін бағалауға мүмкіндік береді. Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі – Компания құнын құру, сақтау және ақыр соңында сату мүмкіндіктерін ұлғайту мақсатында нәтижелерді оңтайландыруда Директорлар кеңесі мен басшылыққа көмек көрсету.

Компанияның тәуекелдерді басқару саясаты «COSO Ұйым тәуекелдерін басқарудың тұжырымдамалық негіздері – Стратегиямен және тиімділікпен бірігу» құжатына енгізілген өзгерістерді көрсету және Компания тәуекелдерін басқарудың корпоративтік жүйесі аясында тәуекелдерді басқару саласындағы ең үздік халықаралық практикалардың енгізілуін қамтамасыз ету үшін 2018 жылы қайта қаралды және жаңартылды.

Тәуекелдерді басқарудың жаңартылған саясатында тәуекелдерді есепке алудың стратегия әзірлеу кезіндегі, сондай-ақ барлық бөлімшелер жұмысы мен олардың функцияларының тиімділігін арттырудағы маңыздылығы баса көрсетіледі. Ол сондай-ақ бүкіл ұйым қызметіндегі процестерде

тәуекелдерді басқарудың интеграциялануына баса назар аударады.

Талап етілетін мінез-құлық пен мәдениеттің сақталуын қамтамасыз ету мақсатында тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі аясында Директорлар кеңесінің, Аудит жөніндегі комитеттің, Компания басшылығы мен әрбір қызметкердің нақты айқындалған рольдері мен міндеттері болады. Міндеттер сондай-ақ Компанияда тәуекелдерді басқарудың тиімді әдістерін әзірлеу және енгізу мақсатында бөлінген.

Директорлар кеңесі Компанияда тәуекелдердің бақылануы үшін негізгі жауапкершілікті көтереді және тәуекелдерді басқарудың мынадай функцияларын орындайды:

- ▶ Компания мақсаттарын/міндеттерін (қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді) белгілеу;
- ▶ Компанияның тәуекелдерді басқару саясатын бекіту;
- ▶ Компанияның нақты тәуекелдерді басқару жөніндегі басқа да саясаттарын бекіту;
- ▶ ішкі бақылау мен тәуекелдерді басқаруды жетілдіру туралы сыртқы аудиторлардың есептерін талдау;
- ▶ жарты жылдық негізде Компания тәуекелдерінің тізілімі мен тәуекелдер картасын қарастыру және бекіту;
- ▶ Компанияның тәуекел тәбеті мен тәуекелдерге төзімділік деңгейлерін бекіту;
- ▶ тәуекелдерді басқару үшін жауапты құрылымдық бөлімше басшысының Компанияның негізгі тәуекелдерінің сипаттамасы мен талдауы берілген есептерін қарастыру;
- ▶ Компанияның тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігі туралы есептерді қарастыру;
- ▶ Директорлар кеңесі Комитеттерінің көмегімен қызметті қадағалау.

Аудит жөніндегі комитет тәуекелдерді басқару мәселесі бойынша акционерлер мүдделерінде әрекет етеді және тәуекелдерді басқару жүйесінің сенімділігі мен тиімділігіне қатысты Директорлар кеңесіне қадағалау қолдауын қамтамасыз етеді, сондай-ақ тәуекелдерді басқару шеңберінде мынадай міндеттерді атқарады:

- ▶ жарты жылдық негізде тәуекелдер картасының өзгерістері туралы есептерді қарастыру;
- ▶ тәуекелдер тізіліміндегі өзгерістерді және оларда мазмұндалатын ақпаратты қарастыру;
- ▶ негізгі тәуекелдер бойынша есептерді қарастыру;
- ▶ жыл сайынғы негізде тәуекел тәбетін қарастыру;
- ▶ жарты жылдық негізде іске асырылған тәуекелдер туралы ақпарат берілген есептерді қарастыру;
- ▶ тәуекелдерді басқарудың стандартты процесінен кез келген елеулі ауытқулар туралы ақпарат берілген есептерді қарастыру;
- ▶ қажет болған жағдайда, тәуекелдерді басқаруға қатысты нормативтік талаптарға сәйкестік туралы ақпарат берілген есептерді тексеру.

Тәуекелдерді басқару жүйесі



Тәуекелдер жөніндегі комитет алдын ала шолуларды ұсынып, Компания Президентіне Компания тәуекелдерін басқару мәселелері бойынша шешімдер қабылдау үшін ұсынымдар беретін Президенттің жанындағы консультативтік-кеңес органы болып табылады. Комитет тәуекелдерді басқарудың тиімді корпоративтік жүйесінің ұйымдастырылуы үшін және корпоративтік саясаттардың тиімділігі мен оларға сәйкестікті қамтамасыз ету мақсатында тәуекелдерді басқару құрылымының құрылуы үшін жауап береді.

Тәуекелдер жөніндегі комитет төмендегі функцияларды атқара отырып, тәуекелдерді басқару жүйесінің тұтастығы мен функционалдығын қамтамасыз етеді:

- жыл сайын тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесінің (ТБКЖ) стратегиялық жоспарын бекіту;
- тәуекелдерді басқару саясатын жүзеге асыру;
- болуы мүмкін тәуекелдерді анықтауға және бағалауға мүмкіндік беретін тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін ұйымдастыру;

- Компанияның құрылымдық бөлімшелерінің саясат қағидаларына сәйкестігін қамтамасыз ету;
- Компанияның тәуекелдер тізілімі мен тәуекелдер картасын жартыжылдық қарастыру және алдын ала бекіту;
- Компанияның тәуекел табетіне жыл сайын шолу жасау және алдын ала мақұлдау;
- іске асырылған тәуекелдер туралы ақпарат берілген тоқсан сайынғы есептерді дайындау;
- жыл сайынғы негізде корпоративтік тәуекелдер нұсқаулығын қарастыру және бекіту, олардың комиссия көрсеткен мәртебесін бағалау;
- кем дегенде жыл сайынғы негізде негізгі тәуекелдер бойынша тәуекелдерді басқару әрекеттерінің жоспарларын қарастыру және бекіту;
- Компанияның тәуекелдерді басқару жөніндегі есептерін қарастыру және өз өкілеттіктері шегінде барабар шараларды қабылдау;

- Компания тәуекелдеріне жауап ретінде тәуекелдерге ден қою және оларды басқару әдістерін бекіту;
- тәуекелдерді басқару саласындағы ішкі рәсімдерді жетілдіру.

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖАЛҒАСЫ

Компанияның операциялық құрылымы тәуекелдерді басқарудың теңдестірілген тәсілін ұсынатын «Қорғаудың үш деңгейі» («Жауапкершілік деңгейлері») үлгісін қамтиды.

Бірінші желі: компанияның құрылымдық бөлімшелері және әрбір қызметкері. Компанияның құрылымдық бөлімшелерінің тәуекелдерді басқару процесіндегі негізгі функциялары мыналар болып табылады:

- тәуекелдерді анықтау және бағалау, тәуекелдерге ден қою стратегиясын айқындау, негізгі тәуекелдер үшін тәуекелдерді басқару әрекеттерінің жоспарларын әзірлеу және енгізу, бақыланатын/орындалатын операциялар шегінде тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру;
- сенім білдірілген бизнес-процестер шеңберінде бақылау рәсімдерін енгізу, қадағалау және жетілдіру;
- әрбір бөлімше өкілеттіктерінің Компанияның тәуекел тәбетіне сәйкестігін қамтамасыз ету;
- тәуекелдерді басқару жөніндегі бөлімшеге негізгі тәуекелдер бойынша тәуекелдерді басқару әрекеттері жоспарларының орындалуы туралы есептерді ұсыну;
- іске асырылған тәуекелдер және бизнестегі оқыс оқиғалар туралы дерекқорды жүргізу;
- мүдделі тараптарға, соның ішінде (бірақ онымен шектелместен) тәуекелдерді басқару жөніндегі бөлімшеге тәуекелдер туралы толық ақпаратты уақтылы ұсыну.

Екінші желі: тәуекелдердің басқарылуы үшін жауап беретін құрылымдық бөлімше (басқарушылық есеп және тәуекелдерді басқару департаментінің тәуекелдерді басқару жөніндегі бөлімшесі).

Тәуекелдерді басқару жөніндегі бөлімше тәуекелдерді басқарудың тиімді практикаларының енгізілуін қамтамасыз ету және қадағалау үшін жауап береді.

Тәуекелдерді басқару жөніндегі бөлімшенің негізгі функциялары төмендегілерді қамтиды (бірақ олармен шектелмейді):

- Компаниядағы тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесінің қызметін үйлестіру;
- тәуекелдерді басқару процестеріндегі кез келген елеулі ауытқулар туралы Компанияның Тәуекелдер жөніндегі комитеті мен Директорлар кеңесін хабардар ету;
- Компания акционерлеріне тәуекелдер туралы тұрақты есептерді ұсыну;
- іске асырылған тәуекелдердің дерекқорын жүргізу, тәуекелдерге елеулі ықпалын тигізге алатын сыртқы факторларды қадағалау;
- тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесінің стратегиялық жоспарын дайындау;
- тәуекелдер тізілімінің, тәуекелдер картасының және негізгі тәуекелдерге қатысты тәуекелдерді басқару әрекеттері жоспарларының жарты жылдық жаңартылуын бақылау;
- анықталған тәуекелдердің бағалануын бақылау/Компания мамандарының қатысуымен тәуекелдерді бағалау;
- Тәуекелдер жөніндегі комитетпен бірге Компанияның тәуекел тәбетін бағалау және алдын ала бекіту;
- тәуекелдер жөніндегі жиынтық есептерді дайындау және оларды Компанияның Тәуекелдер жөніндегі комитетіне, Аудит жөніндегі комитетіне және Директорлар кеңесіне ұсыну;
- тәуекелдерді басқарудың әдіснамалық негізін, тәуекелдерді қадағалау саясаттарын, ережелері мен рәсімдерін (сәйкесінше) әзірлеу, енгізу және жаңарту;
- тәуекелдерді басқарудың басқа бизнес-процестермен біріктірілуін қамтамасыз ету және Компанияда тәуекелдерді басқару мәдениетін дамыту;

➤ тәуекелдер туралы ақпараттың жеткілікті ашылуы және талдануы тұрғысынан стратегиялық, инвестициялық жобаларды үйлестіру;

➤ Компания жұмыскерлеріне тәуекелдерді басқару бойынша әдістемелік және консультациялық көмек көрсету;

➤ ішкі аудит жоспарын қалыптастыру, ақпарат алмасу, аудиторлық тексерістер нәтижелерін талқылау, біліммен және әдістермен алмасу тұрғысынан Компанияның ішкі аудит департаментімен ынтымақтасу;

➤ кез келген ықтимал тәуекелдерді (нақты немесе әлеуетті), тәуекелдің күшеюін көрсететін жағымсыз үрдістерді анықтау, тәуекел тудыратын факторларды талдау және болжалды залалдар көлемін бағалау.

Үшінші желі: ішкі аудит департаменті.

Компанияның Ішкі аудит департаменті мынадай негізгі функцияларды атқарады:

- тәуекелдерді басқару рәсімдерінің және тәуекелдерді бағалау әдістерінің аудиті, сондай-ақ тәуекелдерді басқару рәсімдерінің тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстарды әзірлеу;
- Қоғамның Директорлар кеңесіне тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесінің тиімділігін бағалау туралы есептерді ұсыну;
- бекітілген Ережеге сәйкес, басқа да функциялар.

Компанияның Ішкі аудит департаменті тәуекелдерді басқару жүйесіндегі кез келген олқылықтар мен кемшіліктерді анықтау үшін тұрақты тексерулер жүргізеді (соның ішінде тәуелсіз сыртқы консультантты тарта отырып).

Маңызды тәуекелдер

Компания тәуекелдерді олардың стратегия мен бизнес-мақсаттардың іске асырылуына тигізуі мүмкін елеулі ықпалына сәйкес айқындайды.

Негізгі тәуекелдер – олар іске асқан жағдайда, Компания ерекше назар аударатын стратегиялық мақсаттардың жүзеге асуына елеулі теріс ықпалын тигізуі мүмкін тәуекелдер. Негізгі тәуекелдер төменде кесте түрінде берілген.

● Төмен ● Орташа ● Жоғары

Тәуекелдің атауы	Сипаттамасы	Тәуекелді азайту
<p>1</p> <p>Авиациялық оқиға тәуекелі</p> <p>●</p>	<p>Қауіпсіздіктің тиімді басқарылуы болуы мүмкін оқыс оқиғаларды немесе апаттарды барынша азайту үшін шешуші мәнге ие.</p> <p>Мұндай оқиғаның салдары Компанияға қолайсыз әсерін тигізуі мүмкін.</p>	<p>Ұшу сапарларының қауіпсіздігімен байланысты тәуекелдерді азайту мақсатында Компания ұшу сапарларының қауіпсіздігін басқару және сақталуын бақылау жүйесін құрды, осы жүйенің көмегімен ол тиімділіктің сақталуы мен қадағалануын тексереді, сондай-ақ ұшу сапарлары қауіпсіздігінің тиімділік көрсеткіштерін белгілейді және бақылайды. Компанияда адами факторды есепке алудың тиімді бағдарламасы қолданылады. Рәсімдердің сақталуына ерекше көңіл бөлінеді. Атап айтқанда, ұшу тренингтері саласында Компания стандарттауға баса назар аудара отырып, нұсқаушыларды даярлауға елеулі инвестициялар жасады.</p> <p>Реттеуші органдар, Еуропалық авиациялық қауіпсіздік агенттігі (EASA), Аруба азаматтық авиация басқармасы және Қазақстанның Азаматтық авиация комитеті, сондай-ақ салалық аудиттер шеңберінде (IOSA) тұрақты тәуелсіз бағалауларды жүргізеді.</p>
<p>2</p> <p>Білікті ұшқыштардың жетіспеушілігі тәуекелі</p> <p>●</p>	<p>«Эйр Астана» компаниясының өндірістік көрсеткіштері мен ұшуларды жоспарлауы көптеген факторларға байланысты, солардың бірі білікті ұшқыштардың жеткілікті санын сақтай білу болып табылады.</p>	<p>Бұл тәуекелді барынша азайту үшін «Эйр Астана» 2009 жылдан бері қолданылып келе жатқан Ab-initio ұшқыштарды оқыту бағдарламасын бастады, оған қазірдің өзінде 210-нан астам ұшқыш қатысты. 2016 жылы түлектердің біріншісі капитан атағына дейін көтерілді. Бұл бағдарлама – жергілікті ұшқыштарды даярлайтын маңызды көз және тұрақты экипаж ағынын қамтамасыз ету жөніндегі ұзақ мерзімді стратегиялық мақсатымыздың іргетасы. «Эйр Астана» сондай-ақ ұшқыштарды тікелей ішкі нарықтан қабылдайды. Ab-initio бағдарламасы мен жергілікті ұшқыштар рекрутингі негізгі көздер болып табылады және олар халықаралық еңбек нарығында мердігерлерді тарту арқылы толықтырылады. Компания өзінің бәсекеге қабілетті болып табылатындығына көз жеткізу үшін үнемі еңбек жағдайларын қайта қарап отырады. Бұдан басқа, 2018 жылы Компания өзінің іс басындағы қызметкерлеріне ұшқыштардың ашық бос орындарына өз достарын және/немесе туыстарын шақыруды ұсынатын жалдау құралы – рефералды бағдарламаны іске қосты.</p>
<p>3</p> <p>Қызмет көрсету стандарттарына сәйкес сапалы қызмет көрсетуді ұсынбау тәуекелі</p> <p>●</p>	<p>Клиенттердің қанағаттану дәрежесін жоғары деңгейде ұстау Компания үшін маңызды мәнге ие. Жоғары сапалы қызметтерді ұсынбау Компанияның абырой-беделіне нұқсан келтіруі, клиенттердің кетуіне және Skytrax рейтингінің төмендеуіне, сондай-ақ 2018 жылы алынған TripAdvisor наградасын сақтап қалудың мүмкін болмауына алып келуі мүмкін.</p>	<p>«Эйр Астана» бортсеріктер дағдыларының жоғары деңгейін қолдауға бағытталған жан-жақты оқыту бағдарламаларын ұсынады. Бортта қызмет көрсету бөлімінің құрылымы борттық экипаждың күнделікті жұмыс рәсімдеріне қосымша бақылау тетіктерін енгізуді көздейді. Сапа және стандарттар бөлімі әр түрлі рәсімдер (мысалы, бортсерік-нұсқаушылар арқылы жолаушылардың пікірлерін білу) арқылы клиенттердің қанағаттану деңгейіне тұрақты қадағалау жүргізеді және бортсеріктер көрсететін қызметтердің жоғары сапасын қолдау үшін стандарттарды белгілейді.</p>

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖАЛҒАСЫ

Төмен

Орташа

Жоғары

Тәуекелдің атауы	Сипаттамасы	Тәуекелді азайту
<p>3</p> <p>Қызмет көрсету стандарттарына сәйкес сапалы қызмет көрсетуді ұсынбау тәуекелі</p>	<p>Сипаттамасын 41-беттен оқыңыздар</p>	<p>Өнімділік бөлімі белгіленген стандарттарға сәйкес ынталандыру мен тиімділікті қажетті деңгейде ұстап тұру үшін бортсеріктермен үздіксіз жұмыс жүргізеді. Өндірістік бөлім және бортсеріктермен жұмыс істеу орталығы күнделікті жұмыс мәселелерін шешуде қолдау көрсетеді, бұл бортсеріктердің бортта жоғары деңгейде қызмет көрсетуді қамтамасыз етуден тұратын негізгі міндеттеріне ден қоюларына мүмкіндік береді. Өнім және тамақтандыруды ұйымдастыру бөлімі борттағы тамақтанудың сервистің жоғары деңгейіне сәйкес ұсынылуы үшін жауап береді. Ұшуды ұйымдастыру барысында жайлылықты арттыру үшін IFS бизнес-класс жолаушылары үшін де, жолаушылардың бейілдігін арттыру жөніндегі Nomad Club бонустық бағдарламасының мүшелері үшін де сервисті дербестендіру мақсатында ұшу үшін қажетті барлық маңызды ақпаратты, мысалы, жолаушылар, олардың тамақтанудағы ерекше тілектері және т.с.с. туралы егжей-тегжейлі мәліметтерді қамтитын CrewPads планшеттерін ұсынды.</p> <p>Жердегі қызметтер үшін персонал қабылдау процесі клиенттерге қызмет көрсетуге бағдарланған адамдарды жалдайтындай етіп ұйымдастырылған. Қызметкерлер Компания стандарттарына сәйкес ауқымды оқытудан өтеді. Сынақ мерзімі ішінде жаңадан қабылданған қызметкерлер жаңа мамандарға көмектесетін және жұмыстарын түзетін тәжірибелі жаттықтырушының бақылауында болады. Жұмысты күнделікті бағалауды супервайзер жүзеге асырады, ол персоналдың біліктілік деңгейін (көрсетілетін қызметтердің сапасын қоса алғанда) бақылауға және кемшіліктерді жоюға көмектеседі.</p>
<p>4</p> <p>Кибершабуылдар және ақпараттық жүйе іркілістері тәуекелі</p>	<p>Компанияның ақпараттық технологиялар жүйесі мен инфрақұрылымы оның тұрақты қызметі үшін өте маңызды. Технологиялар ролінің арта түсуі жағдайларында компаниялар қазіргі уақытта кибершабуылдар мен ақпараттық технологиялардағы іркілістерге барған сайын көбірек ұшырауда, ал олар едәуір мөлшерде абырой-бедел мен қаржы жоғалтуға алып келуі мүмкін.</p>	<p>Осы тәуекелді еңсеру үшін «Эйр Астана» сенімді киберқауіпсіздік шараларын енгізді. Компания ақпараттық қауіпсіздік саласындағы үздік салалық практикалар мен стандарттарға сәйкес келетін процестерді әзірледі. Қызметкерлердің ақпараттық қауіпсіздік туралы хабардарлығын арттыру үшін қызметкерлерді ақпараттық қауіпсіздік мәселелері бойынша оқытып-үйрету және ақпараттық қауіпсіздік саясатымен таныстыру тұрақты негізде жүргізіледі. Ақпараттық технологиялар инфрақұрылымы резервтеу және резервтік көшірмелеу жүйелерінің болуы арқасында ең жақсы ықтимал шектерде бизнестің үздіксіздігін қолдауға толықтай бағдарланған.</p>
<p>5</p> <p>Отынға жұмсалатын шығындардың ұлғаюы тәуекелі</p>	<p>2018 жылы мұнай бағасы алдыңғы жылмен салыстырғанда 30%-дан астам шамаға едәуір ұлғайды. Бұл өсу авиация саласына елеулі әсерін тигізді, өйткені отынға жұмсалатын шығындар кез келген әуе компаниясының негізгі шығыстар бабы болып табылады.</p> <p>Демек, осы саладағы барлық салалық компаниялар сияқты, «Эйр Астана» да отын бағасының жоғары құбылмалылығымен және ілеспе шығындармен байланысты тәуекелдерге ұшырайды.</p>	<p>Компания тұрақты келісімшарттар жасасу арқылы бәсекелі бағаны қамтамасыз ету мақсатында қазақстандық жеткізушілермен келіссөздер жүргізеді. Бұдан басқа, «Эйр Астана» жеткізушілермен бағаны төмендету жөнінде тұрақты келіссөздер жүргізеді. Ішкі және халықаралық станциялар үшін нарықтағы баламалы жеткізушілерді тұрақты қадағалап отыру маңызды аспектілердің бірі болып табылады. Тәуекелді азайтудың қосымша құралы ретінде «Эйр Астана» Компанияға шектеулер қойылмайтын ішкі және халықаралық маршруттарда отын алымын қолданады. Отын алымының мөлшері отын бағасы мен нарықтық жағдайларға байланысты болады.</p> <p>Отынды тұтынудың жалпы көлемін азайту мақсатында Компания соңғы жылдары өз паркіне жаңа анағұрлым үнемді ұшақтарды, соның ішінде Airbus A320neo және Airbus A321neo ұшақтарын (қозғалтқыштың жаңа нұсқасымен) қосты. Бұдан басқа, Компанияның кейбір ұшқыштарды даярлау бағдарламалары отын көлемін тиімді басқару дағдыларын қамтиды.</p> <p>2018 жылы Компания өзінің 2019 жылы халықаралық нарықта отынды тұтынуын хеджерлеу үшін «А» рейтингіндегі халықаралық банктермен отынды хеджерлеу туралы келісімдер жасасты.</p>

● Төмен ● Орташа ● Жоғары

Тәуекелдің атауы	Сипаттамасы	Тәуекелді азайту
<p>6</p> <p>Маршруттар желісінің тиімді жоспарын әзірлеудің мүмкін болмау тәуекелі</p> <p>●</p>	<p>Біздің мақсатымыз – тікелей жолаушылар ағыны үшін ыңғайлы кестені және халықаралық және ішкі рейстер арасында жиі кездесетін тоғысуларды қамтамасыз ететін халықаралық маршруттар желісін құру. Тиісті әртараптандырудың болмауы маршруттар желісінің тиімді кеңеюіне тосқауыл болып, нысаналы табыстарды алуға кедергі келтіруі мүмкін. Бұдан басқа, Компания өзінің ағымдағы маршруттарын жоғалту немесе олардың азаюы тәуекеліне және өзі әзірлеген жоспарға сәйкес жаңа маршруттарды енгізудің мүмкін болмауы тәуекеліне ұшырайды.</p>	<p>Бұл тәуекелдерді басқару үшін Компания слоттарға өтінімдерді уақтылы береді, жаңа слоттар алу үшін үйлестірушілермен келіссөздер жүргізеді, тасымалдауға коммерциялық құқық берілуін қамтамасыз ету үшін Қазақстанның Азаматтық авиация комитетімен (ҚР ААК) тығыз байланыста жұмыс істейді, маршруттардың тиімділігіне тұрақты түрде талдау жүргізеді, маршруттардың болжамдық талдауын жасайды және дерекқорлардағы ақпаратты пайдаланады. Қажет болған жағдайда, маршруттар желісінің жоспарына тиісті өзгерістер енгізіледі.</p>
<p>7</p> <p>Негізгі басқарушы кадрлардың жеткіліксіз болу тәуекелі</p> <p>●</p>	<p>Негізгі басқарушы персоналдың сақталуы Компанияның алдағы уақытта табысты жұмыс істеуі және маңызды басқарушылық шешімдерді қабылдауы үшін маңызды мәнге ие.</p>	<p>Адамдардың ең маңызды ресурстардың бірі болып табылатындығын мойындай отырып, «Эйр Астана» таңдаулы үміткерлердің дамуын қамтамасыз ету үшін негізгі басқарушы лауазымдардың сабақтастық жоспарын әзірледі. Бұдан басқа, 2010 жылы Компания кіші деңгейдегі қызметкерлердің арасында дарындарды анықтауға арналған бағдарламаны іске асырды.</p>

Сақтандыру

«Эйр Астана» пайдаланатын тәуекелдерді басқару құралдарының бірі сақтандыру болып табылады: аванстық сыйлықақы төлеу арқылы кейбір тәуекелдер өзге контрагенттерге өтеді.

Компания өз мүдделерінің тиімді қорғалуын қамтамасыз ету мақсатында өз ішкі саясатында мазмұндалған талаптарға сәйкес келетін сақтандыру компанияларымен келісімдер жасасады. Бұдан басқа, сақтандыру өтелімінің қаржылық сенімділігін қамтамасыз ету және ашық рәсімдер арқылы оны сатып алу шаралары қабылданады. «Эйр Астана» әуе компаниясының әрбір сақтандыру өтелімі жыл сайынғы негізде жаңартылып отырады.

Авиациялық сақтандыру

«Эйр Астана» жетекші халықаралық сақтандыру нарықтарындағы көшбасшы брокерлер ұсынатын қызметтер арқылы авиациялық тәуекелдерді қамтиды. Компания өз авиациялық тәуекелдерін сақтандыру шарттарының мынадай түрлерін рәсімдеу арқылы сақтандырады:

- әуе кемесіне, қосалқы бөлшектер мен жабдыққа келтірілетін барлық мүлктік залал тәуекелдерін авиациялық сақтандыру және әуе компаниясының үшінші тұлғалар

алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру;

- әуе кемелеріне келтірілетін мүлктік залал тәуекелдерін авиациялық сақтандыру (франшизаны сақтандыру);
- соғыс қатерлерін және олармен байланысты әуе кемесіне, соның ішінде қосалқы бөлшектерге келтірілетін мүлктік залал тәуекелдерін авиациялық сақтандыру;
- соғыс қатерлері, әуе кемесін заңсыз басып алу (айдап әкету) әрекеттерінің және олармен байланысты тәуекелдердің салдарынан үшінші тұлғалар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілікті авиациялық сақтандыру.

Авиациялық емес сақтандыру

Авиациялық сақтандыру жөніндегі өтелімдерден басқа, «Эйр Астана» әуе компаниясы мүлктің зақымдалуы салдарынан болатын қаржылық тәуекелді, жалпы жауапкершілікті азайту үшін сақтандыру полистерінің басқа да

түрлерін, сондай-ақ жұмыскерлердің жазатайым оқиғалардан сақтандырылуы мен медициналық шығындардың өтелуін қамтамасыз ететін полистерді тұрақты негізде сатып алады. Компания авиациялық емес сақтандыру полистерінің мынадай негізгі түрлерін сатып алады:

- қызметкерлерді медициналық сақтандыру;
- Компанияның директорлары мен лауазымды тұлғаларының жауапкершілігін сақтандыру;
- мүлкті сақтандыру;
- көлік құралдарын сақтандыру (ОСАГО және КАСКО);
- жұмыскерлерді еңбек (ресми) міндеттерін атқару кезіндегі жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру;
- зиян келтіргені үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру;
- ұшқыш лицензиясын жоғалту жағдайына сақтандыру.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ КОМПАНИЯНЫ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЖОЛДАУЫ

«Компаниямыздың корпоративтік басқару жүйесі әділдік, адалдық, жауапкершілік, ашықтық, кәсібилік және біліктілік сияқты негізгі қағидаттарға негізделген».

Құрметті акционер,

Корпоративтік басқару саласында тиімді саясаттарды енгізе отырып, біз Компанияны басқару қағидаттарының барлық стейкхолдерлер мүдделеріне сәйкестігін қамтамасыз етеміз. Ұлыбританияның Корпоративтік басқару кодексі элементтерін алғаш қолдана отырып, біз өз есептілігіміздің үздік халықаралық практикаға сәйкестігі саласында айтарлықтай прогреске қол жеткізуге ұмтыламыз.

Директорлар кеңесі өз стейкхолдерлері үшін қалаулы нәтижелерді қамтамасыз етуге бағытталған Компания қызметін басқаруда маңызды роль атқарады. Біз Компания мен оның қызметкерлерінің табысты дамуы, клиенттеріміздің қауіпсіз және жайлы ұшу сапарлары үшін жағдай жасауға, сонымен қатар, Компанияның ұзақ мерзімді акционерлік құнын жоғарылатуға және орнықты дамуын қамтамасыз етуге ұмтыламыз.

Біз аталмыш басымдықтарға қол жеткізу үшін тиімді шешімдер қабылдауға септігін тигізетін сенімді жүйе құрдық. Біздің корпоративтік басқару жүйеміз әділдік, адалдық, жауапкершілік, ашықтық, кәсібилік және біліктілік сияқты қағидаттарды ұстанады.

Директорлар кеңесі өз мүшелері арасында негізгі басымдықты салалар бойынша міндеттерді бөледі. Директорлар кеңесі қызметінің құрылымы төмендегі басымдықты бағыттар бойынша Компанияның корпоративтік органдары мен Директорлар

кеңесі арасында өзара әрекеттесудің жоғары деңгейін қамтамасыз етеді:

- акционерлердің құқықтары мен мүдделері;
- Компанияны тиімді басқару және оның басшылықты қадағалауы;
- ақпараттың әділ ашылуы және айқындық;
- заңдылық және этика;
- дивидендік саясат;
- кадр саясаты;
- қоршаған ортаны қорғау;
- корпоративтік дау-жанжалдар және мүдделер қақтығыстары;
- корпоративтік жауапкершілік.

Үздік халықаралық практикаларға сәйкес келуге ұмтыла отырып, біз корпоративтік басқару жүйесін үнемі дамытып отырамыз. Жауапкершіліктің, есептіліктің, тиімділіктің, ашықтықтың және ақпаратты ашудың тиісті стандарттарын, әсіресе тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау тұрғысынан қамтамасыз ету үшін ЭЫДҰ (Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы) және Ұлыбританияның Корпоративтік басқару кодексі белгілеген қағидаттарға сәйкес келетін практикаларды енгіземіз.

Мен 2017 жылы белгіленген корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі негізгі міндеттерімізге 2018 жылы қол жеткізгенімізді қуана хабарлаймын.

Біріншіден, Компания Жарғысына акционерлердің Жалпы жиналысы бекіткен өзгерістер енгізілді, олар Кеңес құрамындағы тәуелсіз директорлар санын арттыру және Директорлар кеңесі құрамына Компания Президентін/бас директорын сайлау мүмкіндігін береді.

Екіншіден, Ұлыбритания Кодексінің стандарттарына негізделген жаңа Корпоративтік басқару кодексін енгізуге даярлау аяқталды және 2019 жылы Директорлар кеңесі мен акционерлердің бекітуіне шығарылады. Қабылданған шаралар

сондай-ақ Директорлар кеңесінің тиімділігін арттыруға және сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету практикалары мен орнықты дамуды жақсартуға бағытталған жаңа рәсімдер мен саясаттарды дамытуға арналды.

Біздің корпоративтік басқару практикамызды талдау кезінде біз халықаралық стандарттармен салыстыру жүргізуге ұмтыламыз. Ұлыбританияның қаржы есептілігі жөніндегі кеңесі (FRC) шығарған Ұлыбританияның Корпоративтік басқару кодексінде мазмұндалған негізгі қағидаттар мен ережелерге сай боламыз деп үміттенеміз. Біз Кодексті Компаниямыздың қызметіне лайықты және үйлесімді болып табылады және тиімді басқару құрылымын қамтамасыз етуге, Компания құнын қалыптастыра және сақтай отырып, акционерлеріміздің мүдделерін қорғауға көмектеседі деп есептейміз.

Үшіншіден, Директорлар кеңесі отырыстарында материалдардың барынша жақсы пайдаланылуын қамтамасыз ету және Кеңес отырыстарында директорлардың уақытты пайдалы қолдануын үлғайту мақсатында жаңа автоматтандырылған технологиялар енгізілді.

Бұдан әрі сіздер корпоративтік басқару саласындағы қызметпен және практикамен, атап айтқанда, Директорлар кеңесінің қызметімен, оның ролімен және өкілеттіктерімен, сондай-ақ Директорлар кеңесінің әрбір комитетінің 2018 жыл ішіндегі қызметімен таныса аласыздар.

Нұржан Байдәулетов,
Директорлар кеңесінің төрағасы

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ

Акционерлердің жалпы жиналысы

Директорлар кеңесі ұсынған ұсынымдарды ескере отырып, Компания қызметіне қатысты негізгі мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға уәкілетті Қоғамның корпоративтік басқару құрылымындағы жоғарғы орган.

Ішкі аудит қызметі

Қоғамның ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару және корпоративтік басқару жүйелерін жетілдіруге бағытталған тәуелсіз және объективті ұсынымдарды береді.

Директорлар кеңесі

Қоғам қызметін жалпы басқару, атқарушы орган қызметін, сондай-ақ Компанияның корпоративтік басқару қағидаттарын қолдай отырып, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерін бақылау үшін жауап береді.

Корпоративтік хатшы

Акционерлер, Директорлар кеңесі және атқарушы орган арасындағы өзара әрекеттесуде маңызды роль атқарады. Заңнамалық және корпоративтік талаптарға сәйкестікті қамтамасыз етеді.

Директорлар кеңесінің комитеттері

Бірнеше Комитет Директорлар кеңесінің нақты функцияларын тиімді орындауына жәрдемдесу мақсатында құрылды. Комитеттер Директорлар кеңесінің Компания қызметін жалпы басқаруды жүзеге асыруына қолдау көрсету мақсатында егжей-тегжейлі жұмыс пен талқылауларды жүргізеді.

Аудит жөніндегі комитет

Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет

Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет

Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік жөніндегі комитет

Қазынашылық жөніндегі комитет

Президент

Қоғамның ағымдағы қызметін Президент басқарады. Президент акционерлердің Жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдерді орындайды.

Қоғамның жоғарғы басшылығы

Компанияның тұрақты қызметі, стратегия мен мақсаттардың іске асырылуы, сондай-ақ негізгі міндеттердің орындалуы үшін жауап береді.

Акционерлер

Компания қызметіне қатысты барлық маңызды мәселелер бойынша шешімдер қабылдау жыл сайынғы негізде өткізілетін немесе Директорлар кеңесіне шығарылған және қарастырылған мәселелер бойынша белгіленген тәртіпте (қажет болған жағдайда) шақырылатын акционерлердің Жалпы жиналысының құзыретіне жатады.

Компания акцияларының 51 %-ы «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-на тиесілі. Қор ұлттық экономиканың бәсекеге

қабілеттілігі мен орнықтылығын арттыру және ел экономикасының өсуіне тәуекелдің сыртқы факторларын жұмсарту мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 13 қазандағы жарлығына және Қазақстан Республикасы үкіметінің 2008 жылғы 17 қазандағы қаулысына сәйкес 2008 жылғы 3 қарашада құрылды.

Компания акцияларының 49 %-ы қару-жарақ, қауіпсіздік және аэроғарыш саласындағы, әуеде, құрлықта, теңізде және ғарышта пайдаланылатын жүйелерді әзірлеумен,

жеткізумен және қолдаумен айналысатын британдық BAE Systems PLC корпорациясының еншілес компаниясы – BAE Systems (Kazakhstan) Limited компаниясына тиесілі.

2018 жылы акционерлердің бес жалпы жиналысы, соның ішінде 2018 жылғы 31 мамырда акционерлердің жылдық жалпы жиналысы өткізілді.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ БІЛІКТІ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰРАМЫ

Нұржан Байдәулетов

Директорлар кеңесінің төрағасы

Атқарушы емес директор

Сайланған күні

2008 жылғы желтоқсан айы

Біліктілігі мен тәжірибесі

1986 жылы Мәскеу мемлекеттік қатынас жолдары және темір жол көлігін жүргізу институтын тәмамдаған. Көлік саласындағы мансап жолы – 30 жылға жуық.

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-да 2008 жылы активтерді басқару жөніндегі бас директор, кейіннен басқарушы директор ретінде жұмыс істеп бастағанға дейін көлік және коммуникациялар вице-министрі, Қазақстан Республикасы көлік және коммуникациялар министрлігінің Қатынас жолдары комитетінің төрағасы лауазымдарын атқарды. 2012 жылдан бастап 2016 жылға дейін қоса алғандағы кезеңде «Қазпошта» АҚ және «ҚазақстанТемірЖолы» Ұлттық компаниясы» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы болды.

Өзге тағайындалулары

«Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы (2012 жылдан бастап), «QazaqAir» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы (2017 жылдан бастап).

Фани Битенов

Атқарушы емес директор

Сайланған күні

2017 жылғы қаңтар айы

Біліктілігі мен тәжірибесі

Құқық докторы (Doctor of Civil Law), Макгилл университеті (Монреаль қаласы, Канада); құқық магистрі (LLM), Абердин университеті (Абердин қаласы, Ұлыбритания), экономика магистрі (MA), Қазақстандық менеджмент, экономика және болжау институты (Алматы қаласы, Қазақстан).

Халықаралық (Bracewell & Giuliani) және қазақстандық заң компанияларында негізгі лауазымдарды атқарды. 2012 жылы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Мемлекеттің мүліктік құқықтарын қорғау департаментін басқарды, 2013 жылдан бастап – «Болашақ» консалтингтік тобы» ЖШС директорының орынбасары, 2016 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ басқармасының мүшесі, құқықтық сүйемелдеу және тәуекелдер жөніндегі басқарушы директоры.

Өзге тағайындалулары

Шанхай халықаралық арбитраж орталығының арбитрі, Қазақстандық мұнай-газ саласы заңгерлері қауымдастығының мүшесі.

Майлз Уэсткотт

Атқарушы емес директор

Сайланған күні

2018 жылғы наурыз айы

Біліктілігі мен тәжірибесі

Майлз Уэсткотт Бристоль университетінің түлегі болып табылады. Консалтинг, бөлшек сауда және қонақ үй бизнесі салаларын қоса алғанда, бухгалтерия мен қаржы менеджментінде жұмыс тәжірибесі бар.

Майлз Англия мен Уэльстің Дипломды бухгалтерлер институтының мүшесі және Royal Ordnance зейнеткерлік бағдарламасы қамқоршылық кеңесінің төрағасы болып табылады. 2001 жылы Уэсткотт BAE Systems компаниясына қосылып, содан бері компанияда жердегі, сондай-ақ әуе секторларында бірқатар қаржылық басқарушы лауазымдарды атқарды, ал таяу уақыттан бері әскери әуе күштері бөлімшесінде қаржы директоры лауазымын атқарады. Оның міндеттеріне ұзақ мерзімді, күрделі қорғаныстық келісімшарттарды, шығындарды азайту бағдарламаларын, жүйелерді енгізуді, бизнесті интеграциялауды және Ұлыбритания мен шет елдерде клиенттерді тартуды қаржылық басқару кіреді.

Өзге тағайындалулары

2018 жылғы қаңтар айынан бастап BAE Systems компаниялар тобының қаржылық бақылаушысы, сондай-ақ қосылулар мен жұтылулар үшін жауап береді.

Комитеттердегі мүшелігі

Т С К

«Эйр Астана» компаниясының жарғылық капиталында үлесі жоқ.

Комитеттердегі мүшелігі

Ж К

«Эйр Астана» компаниясының жарғылық капиталында үлесі жоқ.

Комитеттердегі мүшелігі

Т К

«Эйр Астана» компаниясының жарғылық капиталында үлесі жоқ.

Директорлар кеңесінің комитеттері

- А Аудит жөніндегі комитет Т Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет
- С Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет Ж Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік жөніндегі комитет
- Қ Қазынашылық жөніндегі комитет Баламалы мүше Комитет Төрағасы

Алан Фрэйзер**Атқарушы емес директор****Сайланған күні**

2015 жылғы қаңтар айы

Біліктілігі мен тәжірибесі:

Стратклайд университетін тәмамдады, бухгалтерлік есеп және экономика саласындағы бакалавр дәрежесі бар, сертификатталған бухгалтер (Глазго). 1989 жылдан бастап – British Aerospace компаниясының қаржы директоры, 1995 жылдан бастап – British Aerospace компаниясының Royal Ordnance Plc еншілес компаниясының қаржы директоры, стратегия жөніндегі директоры. 1998 жылдан бастап – Hecklerand Koch GmbH компаниясының басқарушы директоры. 1999 жылдан бастап 2014 жылға дейін қоса алғандағы кезеңде BAE Systems компаниясында қосылулар мен жұтылулар жөніндегі директор, аймақтық бөлімшенің стратегия және бизнесті дамыту жөніндегі директоры, басқарушы директор болып жұмыс істеді.

Өзге тағайындалулары

Жалпы мақсаттағы авиация нарығына қызмет көрсететін, авиониканы жобалаумен, әзірлеумен және өндірумен айналысатын Trig Avionics Limited компаниясының атқарушы емес директоры. Ол Шотландияның Эдинбург қаласында орналасқан.

Комитеттердегі мүшелігі

«Эйр Астана» компаниясының жарғылық капиталында үлесі жоқ.

Дмитрий Ларионов**Тәуелсіз атқарушы емес директор****Сайланған күні**

2008 жылғы сәуір айы

Біліктілігі мен тәжірибесі:

Бухгалтерлік есеп және қаржы есептілігі саласындағы жетекші сарапшы, бірқатар біліктіліктері бар: Ұлыбритания Директорлар институтының сертификатталған директоры (CertIoD), Қазақстандық тәуелсіз директорлар қауымдастығының корпоративтік басқару жөніндегі сертификатталған директоры (CCGD). 2003 жылдан бастап 2010 жылға дейін қоса алғандағы кезеңде – Қазақстан Республикасы Кәсіби бухгалтерлер палатасы төрағасының орынбасары, кеңесінің мүшесі. 2008 жылдан бастап 2010 жылға дейін қоса алғандағы кезеңде – Халықаралық бухгалтерлер федерациясының даму жөніндегі комитетінің мүшесі. 2008 жылдан бастап 2015 жылға дейін қоса алғандағы кезеңде – «Қазақтелеком» АҚ тәуелсіз директоры.

Өзге тағайындалулары

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жанындағы Бухгалтерлік есеп және аудит жөніндегі консультативтік кеңес мүшесі, «Астана ЭКСПО 2017» ҰҚ» АҚ, «Қазақстан инжиниринг» ҰҚ» АҚ тәуелсіз директоры, Дүниежүзілік банктің қаржы есептілігін реформалау орталығының консультанты, «BDO KazakhstanAudit» АҚ телекоммуникациялар жөніндегі халықаралық серіктесі.

Комитеттердегі мүшелігі

«Эйр Астана» компаниясының жарғылық капиталында үлесі жоқ.

Лорд Томас Александр Хескет**Тәуелсіз атқарушы емес директор****Сайланған күні**

2007 жылғы қараша айы

Біліктілігі мен тәжірибесі:

Мемлекеттік қызметте және халықаралық бизнес саласында ұзақ және табысты мансап жолынан өткен. 1990 жылдан бастап – Ұлыбританияның сауда және индустрия департаментінің индустрия министрі. 1991 жылдан бастап 1993 жылға дейін қоса алғандағы кезеңде – патшайымның құрметті қарауылының капитаны, Парламенттің лордтар палатасының бас партиялық ұйымдастырушысы, Ұлыбритания Құпия кеңесінің мүшесі. Содан соң British Mediterranean Airways әуе компаниясының төрағасы (2007 жылға дейін қоса алғанда), сондай-ақ Babcock International компаниясы төрағасының атқарушы емес орынбасары (2010 жылға дейін қоса алғанда) лауазымдарын атқарды.

2004-2005 жылдарда – Ұлыбритания Консервативтік партиясының қазынашысы.

Өзге тағайындалулары

жоқ

Комитеттердегі мүшелігі

«Эйр Астана» компаниясының жарғылық капиталында үлесі жоқ.

КОМПАНИЯНЫҢ ЖОҒАРҒЫ БАСШЫЛЫҒЫ



Питер Фостер Президент

Питер Фостер мырза авиациялық бизнестегі мансап жолын Cathay Pacific Airways Ltd. құрылтайшысы болып табылатын John Swire and Sons (HK) компаниясында тағлымдамадан өтуші басшы лауазымынан бастады, бұл компанияға ол Кембридждегі университетті бітіре салысымен 1982 жылы келген болатын. 1982 жылдан бастап 1999 жылға дейін қоса алғандағы кезеңде Cathay Pacific Airways Ltd әуе компаниясының Гонконгтағы, Азиядағы, Австралиядағы және Еуропадағы менеджері, содан соң аға менеджері ретінде жұмыс істеді, INSEAD (Франция) институтында іскерлік басқару бойынша оқытудан өтті. Фостер мырза Cathay Pacific Airways әуе компаниясынан 1999 жылы кетіп, Philippine Airlines Inc. компаниясының оңалту тобын басқарды. Кейіннен, 2002 жылдан бастап 2005 жылға дейін қоса алғандағы кезеңде, «Эйр Астана» әуе компаниясының Президенті лауазымына тағайындалғанға дейін Royal Brunei Airlines әуе компаниясында бас атқарушы директор болып жұмыс істеді. 2015 жылы Питер Фостер Қазақстанда британдық авиацияны дамытуға сіңірген еңбегі үшін Британдық империя орденінің (OBE) кавалері атағына ие болды.



Алма Әлиғожина Жоспарлау жөніндегі атқарушы директор

Алма – «Эйр Астана» әуе компаниясында оның қалыптасуының бастапқы кезеңінде – ұшуды жүзеге асыру басталғанға дейін 2001 жылы жұмыс істеп бастаған

алғашқы қызметкерлердің бірі. Алма өзінің мансап жолын корпоративтік даму жөніндегі менеджер позициясынан бастап, содан соң мансаптық өсудің арқасында корпоративтік даму жөніндегі директор, содан соң корпоративтік жоспарлау жөніндегі аға вице-президент болды, ал қазіргі уақытта жоспарлау жөніндегі Атқарушы директор болып табылады. «Болашақ» халықаралық стипендиясы бойынша Шығыс Каролина университетін (АҚШ) тәмамдап, іскерлік әкімшілік ету магистрі (MBA) дәрежесін алды. Сондай-ақ оған Тулуза бизнес мектебінің (Франция) аэроғарыш саласындағы іскерлік әкімшілік ету магистрі (MBA) дәрежесі берілді.



Ибрагим Жанлыел Қаржы жөніндегі атқарушы директор

Ибрагим – «Эйр Астана» әуе компаниясында 2003 жылдан бастап жұмыс істейтін алғашқы қызметкерлердің бірі. Компанияда жұмыс істеу кезінде әр түрлі лауазымдарды атқарды. Ол өзінің мансап жолын 25 жыл бұрын туризм индустриясында бастады және авиациялық бизнесте 20 жылдық жұмыс тәжірибесі бар. «Эйр Астанаға» келгенге дейін KLM әуе компаниясында, Таяу Шығыста, содан соң Алматы қаласында әуе компаниясының Қазақстандағы және көршілес елдердегі өкілдігінде жұмыс істеген. Ибрагим Қазақстанның Еуропалық бизнес-қауымдастығы Директорлар кеңесіне мүшелігінің үшінші мерзімін атқаруда. Ол Boğaziçi University университетінің (Стамбул) MBA дипломына ие, сондай-ақ Marmara University университетінде экономикалық білім алған.



Энтони Реган Өндірістік мәселелер жөніндегі атқарушы директор

Энтонидің авиациондықта 35 жылдан астам жұмыс тәжірибесі бар. 2012 жылы «Эйр Астана» АҚ-на келгенге дейін ол Air France-KLM еуропалық холдингтік әуе компаниясының Cityjet еншілес компаниясында (2001 жылдан бастап) ұшу өндірісі жөніндегі басшы болды. Бұған дейін CAE Parc Aviation (әуе компаниялары үшін ұшқыштар құрамын және жердегі жұмыскерлерді даярлау ұйымы) директоры болды. Мансап жолының бастапқы кезеңінде Энтони Ирландияның әуе корпусында (Ирландияның қорғаныс күштері) ұшқыш болып жұмыс істеген, онда операциялық қызмет бойынша бірқатар лауазымдарды, соның ішінде ұшулар жөніндегі бас нұсқаушы лауазымын атқарды. Зейнетке комендант атағында шықты. Ол қолданыстағы EASA және FAA ATPPL көліктік авиация ұшқышы лицензиясына ие. Энтони – математика және математикалық физика саласындағы Дублин университеттік колледжінің түлегі.



Герхард Коетци Корпоративтік қауіпсіздік стандарттарына сәйкестікті қамтамасыз ету жөніндегі аға вице-президент

Еңбек жолын әскери-әуе күштерінің штурманы ретінде бастаған Герхард оқиғалардың білікті тексерушісі болып табылады, оның (авиациялық) қауіпсіздік бағдарламасын

Компания басшылығы Директорлар кеңесі қабылдаған мақсаттар мен стратегиялардың табысты жоспарлануы және іске асырылуы үшін, сондай-ақ Компания қызметінің тұрақты басқарылуы және негізгі міндеттердің орындалуы үшін жауап береді.

басқару, экипаж ресурстарын басқару және ұшу схемаларын әзірлеу біліктілігі бар. Коммерция бакалавры дәрежесіне, Оңтүстік Африка университетінің көлік экономикасы бойынша үздік дипломына ие. Соңғы 25 жылда ұшу қауіпсіздігі саласында, соның ішінде BAE Systems компаниясының басқарушы консультанты ретінде белсенді жұмыс істеді.



Евгения Ни

Персоналды басқару және әкімшілік мәселелер жөніндегі вице-президент

Е.А. Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің шет тілдер факультеті мен заң факультетін тәмамдады. Менеджмент және персоналды басқару саласындағы дипломдары мен сертификаттары бар. 2002 жылдан бастап «Эйр Астана» әуе компаниясы президентінің ассистенті болып жұмыс істеді, қазіргі уақытта Компанияның еңбекті қорғау бөліміне, әкімшілік-шаруашылық басқармасына, сондай-ақ көлікпен қамтамасыз ету мәселелеріне де жетекшілік ететін персоналды басқару департаментін басқарады. Ол басшылық еткен жылдар ішінде персоналды іріктеудің, корпоративтік оқытудың ашық жүйесі құрылды, қызметкерлердің жұмысын бағалау және сыйақы төлеу жүйесі енгізілді. Сарапшы, модератор, спикер ретінде кәсіби конференциялар мен конгрестерге тұрақты түрде қатысып отырады.



Чаминдра Ленава

Ақпараттық технологиялар және электрондық бизнесті дамыту жөніндегі вице-президент

Чаминдра «Эйр Астана» компаниясына 2009 жылы қосылды. Ол IT саласындағы кәсіби маман болып табылады, үш ұлттық әуе компаниясында басқарушылық тәжірибесі бар. Авиация индустриясындағы мансап жолын бастағанға дейін электроника және телекоммуникациялар саласындағы зерттеулермен университетте жұмыс істеген. Іскерлік әкімшілік ету магистрі (Коломбо университеті), заң ғылымдарының бакалавры (Лондон университеті), электрондық және телекоммуникациялық технологиялар саласындағы ғылымдар бакалавры (Моратува университеті) дәрежесіне ие. Сонымен қатар, Чаминдра – жобаларды басқару саласындағы PMP (Project Management Professional, PMI USA) дәрежесіне ие сертификатталған маман және Британдық компьютерлік қоғамдастықтың ақпараттық технологиялар жөніндегі дипломды маманы (CITP). Чаминдраның IT әр түрлі салаларындағы сертификаттары бар және ол брондау, билеттерді рәсімдеу жүйелері, жөнелтімдерді және бизнес-процестерді басқару жүйелері саласындағы кәсіби маман болып табылады.



Бэлла Тормышева

Корпоративтік коммуникациялар жөніндегі вице-президент

Халықаралық қатынастар магистрі дәрежесіне ие. Жұртшылықпен байланыс және ақпарат-

тық-мәдени қызмет саласында 20 жылдан астам жұмыс тәжірибесі бар. Сондай-ақ Қазақстаннан тыс жерлерде өткізілген көптеген оқу тренингтеріне қатысты.

«Эйр Астана» әуе компаниясына келгенге дейін Қазақстан Республикасында, Қырғыз Республикасында және Тәжікстан Республикасында аккредиттелген Еуропалық комиссия өкілдігінде жұмыс істеді.



Ердәулет Шәмшиев

Стратегиялық даму жөніндегі вице-президент

Ердәулет «Эйр Астана» компаниясында жұмыс істеп бастаған алғашқы қызметкерлердің бірі болып табылады, оның авиацияда 20 жылдан астам жұмыс тәжірибесі бар. Әуе компаниясына 2002 жылы компанияның Пекиндегі өкілдігінің директоры ретінде қосылды. 2009 жылы Компанияның Қытайдағы және Монғолиядағы аймақтық менеджері болып тағайындалды. Қазіргі уақытта стратегиялық даму жөніндегі вице-президент лауазымын атқарады. «Эйр Астана» әуе компаниясына келгенге дейін Ердәулет Алматы қаласының Халықаралық әуежайында, сондай-ақ «Эйр Қазақстан» әуе компаниясында жұмыс істеді. Пекин тіл және мәдениет институтын және Алматы қаласындағы Азаматтық авиация академиясын тәмамдады.

Ескертпе: Бөлімде Вице-президент деңгейіне дейінгі жоғарғы басшылық мүшелерінің өмірбаяндары берілген. Жоғарғы басшылық мүшелерінің толық тізімі Компания веб-сайтында қолжетімді: <https://airastana.com/global/ru-ru/0-nas/0-kompanii/Rukovodstvo-Eir-Astany>

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ 2018 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТІ

2018 жылы Директорлар кеңесі мына мәселелерді қарастырды:

Стратегиялық даму

- › Қоғамның ірі инвестициялық жобаларының іске асырылуы туралы есеп.
- › Қоғам стратегиясының іске асырылуы туралы есепті қарастыру.
- › Қоғамның ірі инвестициялық жобаларға қатысу мәселесін қарастыру:
 - Авиациялық жүк тасымалдары.
 - Лоукост әуе компаниясын құру жобасы.
- › Қоғамның 2019-2023 жылдарға арналған бизнес-жоспары (даму жоспары) мен 2019 жылға арналған бюджетті алдын ала мақұлдау.
- › Қоғам басшылығының Embraer E190-E2 үлгісіндегі бес, Airbus A321neo FB үлгісіндегі үш әуе кемесінің операциялық лизингіне қатысты ұсынысын қарастыру.
- › Қоғам басшылығының бір Embraer 190 ұшағын кері лизингпен сату жөніндегі мәмілеге қатысты ұсынысын қарастыру.
- › Қоғам басшылығының Boeing B757-200 үлгісіндегі бір әуе кемесінің операциялық лизингі бойынша келісімді ұзарту жөніндегі ұсынысын қарастыру.
- › Boeing 787 бір әуе кемесінің жеткізілуі кейінге қалдырылуына байланысты Қоғам міндеттемелерін ұлғайту туралы шешім.

Комитеттің есебі – 59-бетте.

Тәуекел менеджменті

- › Қоғамның тәуекелдерді басқару жөніндегі жаңа саясатын бекіту.
- › Қоғамның операциялық қауіпсіздік жөніндегі есептерін қарастыру.
- › Қоғамның іске асырылған тәуекелдер жөніндегі есептерін қарастыру.
- › Қоғамның 2018 жылғы I және II жартыжылдыққа жаңартылған тәуекелдер тіркелімін, негізгі тәуекелдер тіркелімін және тәуекелдер картасын бекіту.
- › Компанияның тәуекел табетін бекіту.

Ішкі бақылау және аудит

- › Қоғамның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалау жөніндегі есепті қарастыру.
- › Ішкі аудит қызметінің жұмысы туралы 2017 жылғы жылдық есепті және 2018 жылғы тоқсандық есептерді қарастыру.
- › Қоғамның Ішкі аудит қызметінің жұмысын тоқсандық бағалау.
- › Қоғамның Ішкі аудит қызметінің 2019 жылға арналған жылдық аудиторлық жоспарын бекіту.
- › Ішкі аудит қызметінің қызметкерлерін тағайындау.
- › Компанияның кепілдіктер картасын бекіту.

Комитеттің есебі – 56-бетте.

Қаржылық-шаруашылық қызмет

- › Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы тұрақты есептерді қарастыру.
- › Қоғамның Есеп саясатына өзгерістер мен толықтыруларды бекіту.
- › Қоғамның функционалдық валютасын өзгерту жөніндегі ұсынымдарды қарастыру.
- › Қоғам депозиттерінің орналастырылу жай-күйі және банктік тәуекелдері жөніндегі тоқсан сайынғы есепті қарастыру.
- › Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитетке тағайындауларға қатысты ұсынымдар беру: инженерлік-техникалық қызмет көрсету жөніндегі жаңа вице-президент позициясы.
- › Санкт-Петербург қаласында өкілдік құрумен байланысты мәселелер.
- › Ірі мәмілелерді жасасуға және кредиттік желілерді ашуға қатысты шешімдер.
- › «Эйр Астана» компаниясының 2017 жылғы таза кірісін бөлуге және бір жай акцияға шаққанда 2017 жылғы дивидендтерді төлеу мөлшеріне қатысты ұсыныс беру.
- › Қоғамның өндірістік қауіпсіздік, еңбекті, денсаулықты және қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызметі туралы есепті қарастыру.
- › Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік туралы есепті бекіту.

Басқару және сыйақы беру

- › Тәуелсіз сыртқы консультанттың Қоғамдағы корпоративтік басқару практикасының тиімділігі туралы есебінің нәтижелерін қарастыру.
- › Қоғамның Директорлар кеңесінің қазынашылық жөніндегі комитеті мүшелерін сайлау және өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату.
- › Жоғары буын басшылары үшін жылдық бонустық жоспарды бекіту.
- › Сыйақыларының мөлшерін Қоғамның Директорлар кеңесі белгілейтін Қоғам жұмыскерлерінің 2019 жылғы сыйақылары мен еңбекақы бойынша ұсыныстарын жыл сайынғы қарастыру.
- › Қоғамның Ішкі аудит қызметінің жұмысын бағалаудың өзгертілген тәртібін бекіту.

КӨШБАСШЫЛЫҚ

Директорлар кеңесінің ролі

Директорлар кеңесі Компанияның қауіпсіз, табысты және орнықты дамуын қамтамасыз етуде, сондай-ақ ұзақ мерзімді акционерлік құнды құруда маңызды роль атқарады.

«Эйр Астанада» Директорлар кеңесі маңызды роль атқаратын аталмыш басымдықтарға қол жеткізу мақсатында оңтайлы шешімдердің қабылдануын қамтамасыз ететін тиімді корпоративтік басқару жүйесі қолданылады. Директорлар кеңесінің негізгі міндеттеріне төмендегілер жатады (бірақ олармен шектелмейді):

- Қоғам қызметінің (дамуының) басымдықты бағыттарын айқындау, сондай-ақ Қоғам дамуының ұзақ мерзімді стратегиясын алдын ала мақұлдау және акционерлердің жалпы жиналысының бекітуіне шығару;
- орта мерзімді және қысқа мерзімді бизнес-жоспарларды (даму жоспары мен жылдық бюджетті) және оларға енгізілген қандай да бір өзгерістерді, соның ішінде бекітілген бизнес-жоспарларда қарастырылмаған капитал жұмсалуды алдын ала мақұлдау және акционерлердің жалпы жиналысының бекітуіне шығару;
- Қоғамның жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіту;

➤ Қоғамның ірі мәмілелер жасасуы (Қоғам активтерінің жалпы құнының 25%-нан астам) және Қоғамның меншікті капиталы мөлшерінің 10%-дан астамын құрайтын сомаға міндеттемелерді ұлғайту туралы шешімдер қабылдау;

➤ олар бойынша шешімдерді заңнамаға және (немесе) жарғыға сәйкес акционерлердің Жалпы жиналысы қабылдауы тиіс мәселелерді акционерлердің Жалпы жиналысының қарауына және шешімдер қабылдауына ұсыну;

➤ Қоғам тіркеушісін таңдау және бұрынғы тіркеушімен шартты бұзу туралы шешім қабылдау.

➤ Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, Президенттің ұсынымы бойынша Ішкі аудит қызметі жұмыскерлерінің еңбекақы мөлшері мен оларға еңбекақы төлеу талаптарын, президенттің ұсыныстарын ескере отырып, Аудит жөніндегі комитеттің ұсынымы бойынша ішкі аудит қызметі жұмыскерлеріне сыйақы беру тәртібін айқындау, сондай-ақ Ішкі аудит қызметі жұмыскерлеріне қойылатын біліктілік талаптарын бекіту.

Функцияларды бөлу

Директорлар кеңесінің Төрағасы мен Қоғам Президентінің құзыреттері бөлінген және акционерлер бекіткен Қоғам Жарғысы мен Корпоративтік басқару кодексінде айқын белгіленген.

Директорлар кеңесінің Төрағасы Директорлар кеңесін басқару және оның өз жауапкершілік аясындағы барлық аспектілер бойынша тиімді жұмыс істеуі үшін жауап береді. Директорлар кеңесінің Төрағасы роліне Қоғамның тәуелсіз директорлары қолдау көрсетеді.

Қоғам Президенті Директорлар кеңесі мен акционерлер бекіткен міндеттер мен стратегияның табысты жоспарлануы және іске асырылуы, сондай-ақ жалпы алғанда Компания қызметіне ағымдағы басшылық ету үшін жауапты болады.

Президенттің стратегиялық ролін орындауға Қоғамның жоғарғы басшылық командасы қолдау көрсетеді.

Директорлар кеңесі мен Комитеттер мүшелерінің 2018 жылғы отырыстарға қатысуы

	Директорлар кеңесі	Аудит жөніндегі комитет	Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет	Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет	Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік жөніндегі комитет	Қазынашылық жөніндегі комитет
Отырыстардың жалпы саны	12	9	11	5	3	6
Нұржан Байдәулетов	100%	-	100%	100%	-	-
Ғани Битенов	100%	-	-	-	100%	100%
Дэвид Коул (ДК құрамынан 2018 жылғы 31 наурызда шықты)	100%	-	100%	-	-	100%
Майлз Уэсткотт (ДК құрамына 2018 жылғы 31 наурызда кірді)	100%	-	100%	-	-	100%
Алан Фрейзер	100%	-	-	100%	100%	-
Дмитрий Ларионов	100%	100%	100%	100%	100%	100%
Лорд Томас Александр Хескет	100%	100%	100%	-	100%	-

КӨШБАСШЫЛЫҚ ЖАЛҒАСЫ

Директорлар кеңесінің Төрағасы

Директорлар кеңесінің Төрағасын Директорлар кеңесінің мүшелері қатарынан акционерлердің жалпы жиналысы сайлайды. Ол «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ ұсынған кандидатуралардың қатарынан сайланады. Директорлар кеңесінің Төрағасы Директорлар кеңесін басқару және оның өз жауапкершілік аясындағы барлық аспектілер бойынша тиімді жұмыс істеуі үшін жауап береді, сондай-ақ акционерлермен тиімді диалогты қамтамасыз етеді. Директорлар кеңесінің Төрағасы директорлардың Директорлар кеңесінің қызметіне, соның ішінде Кеңес пен Компания Президенті арасындағы сындарлы қатынастарға тиімді үлес қосуын қамтамасыз етеді. Директорлар кеңесінің Төрағасы корпоративтік хатшымен бірге директорлардың анық және нақты ақпаратты уақтылы алуын қамтамасыз етеді және отырыстың Директорлар кеңесі бекітетін күн тәртібін белгіленген тәртіпте дайындайды.

Корпоративтік хатшы

Корпоративтік хатшы Қоғамның әр түрлі басқару органдары арасындағы ашық диалогқа ықпалдасуда және олардың заңнама талаптары мен Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкестігін қамтамасыз етуде маңызды роль атқарады. Корпоративтік хатшы барлық акционерлер құқықтарының сақталуын, акционерлердің хабарламаларын тиісті органның тиісінше қарастыруын және акционерлердің құқықтарымен байланысты кез келген даулардың шешілуін қамтамасыз етеді.

Корпоративтік хатшыны тағайындау және өкілеттіктерін тоқтату Директорлар кеңесінің құзыретіне жатады.

Кондачкова Елена Викторовна

Кондачкова Елена 2007 жылы Қоғамның Корпоративтік хатшысы болып тағайындалды. Елена Компанияға 2002 жылы қосылды және Корпоративтік хатшы болып тағайындалғанға дейін қаржы және стратегиялық жоспарлау департаменттерінде әр түрлі лауазымдарды атқарды. «Эйр Астанаға» келгенге дейін авиация саласындағы әр түрлі кәсіпорындарда, соның ішінде Астана қаласының әуежайында және бірқатар қазақстандық әуе компанияларында жұмыс істеді.

Елена Л. Гумилев атындағы Еуразия университетін (Қазақстан, 1998 жыл), Санкт-Петербург мемлекеттік азаматтық авиация университетін (Ресей Федерациясы, 2007 жыл) тәмамдады. Сондай-ақ 2001 жылдан бастап 2002 жылға дейін қоса алғандағы кезеңде Халықаралық қатынастар және дипломатия академиясында (Молдова) оқытудан өтті.

2011 жылы алғашқы түлектер қатарында «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының корпоративтік хатшыларды сертификаттау бағдарламасын табысты аяқтады.

Қазіргі уақытта Елена Сертификатталған хатшылар мен әкімшілер институтының (Лондон, Ұлыбритания) бағдарламасы бойынша оқытудан өтуде.

Президент және бас директор

«Эйр Астана» компаниясының ағымдағы қызметін Президент басқарады. Президент – акционерлердің Жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті, Қоғамның атқарушы органы функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлға.

Заңнамаға және Қоғам Жарғысына сәйкес, Президент Қоғам атынан төмендегі қызмет түрлерін жүзеге асыруға уәкілетті:

- Директорлар кеңесінің бизнес-жоспары мен шешімдерін іске асыру, сондай-ақ ұсынылатын бизнес-жоспарларды, жылдық қаржы есептілігін, басшылықтың жыл сайынғы есептерін дайындау және ұсыну;
- Қоғам атынан шарттарды, келісімшарттарды жасасып, оларға қол қою және қызметті жүзеге асыру, сондай-ақ басқа тұлғалармен, мемлекеттік ұйымдарды қоса алғандағы ұйымдармен, кәсіпорындармен және мекемелермен мәмілелер жасасу кезінде Қоғам атынан өкілдік ету;
- Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды, соның ішінде өндіріске, инженерлік-техникалық қызмет көрсетуге, тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуға, бухгалтерлік есепке, коммерциялық саясатқа, еңбек және жұмыспен қамтылу мәселелеріне қатысты бұйрықтар мен нұсқауларды шығару және бекіту, оларға өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды енгізу; басқа да функциялар.

ТИІМДІЛІК

Директорлар кеңесінің құрамы

2018 жылғы 31 желтоқсандағы ахуал бойынша Директорлар кеңесі алты мүшеден: «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ тағайындайтын екі мүшеден, BAE Systems plc. компаниясынан ұсынылған екі мүшеден, сондай-ақ екі тәуелсіз директордан тұрды. Қоғамның Директорлар кеңесін кумулятивтік дауыс беру арқылы акционерлердің Жалпы жиналысы сайлайды.

Компанияның ішкі бағалауы негізінде біз Директорлар кеңесінің құрамын Компаниядағы корпоративтік басқарудың ағымдағы даму кезеңінде біліктілік деңгейі, Директорлар кеңесі мүшелерінің жас мөлшері және акционерлер мүдделерінің ұсынылуы бойынша жеткілікті дәрежеде үйлестірілген және оңтайлы құрам деп есептейміз.

Директорлар кеңесінің құрамында 2018 жылы орын алған өзгерістер

2018 жылғы 31 наурызда Директорлар кеңесінің құрамынан шыққан Дэвид Коулдің орнына 2018 жылғы 31 наурызда Майлз Уэсткотт тағайындалды.

Бейілдік

Директорлар кеңесі Кеңестің әрбір мүшесінің өз міндеттерін тиімді орындау үшін жеткілікті уақыт бөле алатындығына қанағаттанады.

Даму

Жаңа директорларды лауазымға барынша тиімді енгізу үшін «Эйр Астана» компаниясында тиісті бағдарлау бағдарламасы әзірленген. Ол жаңа директордың Компания қызметімен және оның негізгі активтерімен, кездесулер барысында басшылық өкілдерімен барынша қысқа мерзімде танысуына, сондай-ақ қалыптасқан практика және корпоративтік басқару стандарттары, Компания мен сала қызметінің өзіне тән ерекшелігі туралы ақпаратты және Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін орындау үшін қажетті басқа да мәліметтерді алуына мүмкіндік береді.

2018 жылы Директорлар кеңесінің құрамына Кеңестің жаңа мүшелерін лауазымға енгізу рәсіміне сәйкес Майлз Уэсткотт енгізілді.

Директорлар кеңесі жаңа директорлар сайланған мезеттен бастап алғашқы алты ай ішінде біздің лауазымға енгізу жөніндегі ағымдағы бағдарламамызға сәйкес тиісті даярлықты қамтамасыз етуге, сондай-ақ Компанияның Директорлар кеңесінде жұмыс істеу үшін қажетті білімдер мен дағдыларды тұрақты түрде жақсартып отыруға міндетті.

Ақпаратпен және қолдаумен қамтамасыз ету

Директорлар кеңесі анық, нақты және толық ақпаратты уақтылы алады. Директорлар кеңесінің Төрағасы директорлардың толық және нақты ақпаратты алуы үшін жауапкершілік көтереді және жаңадан сайланған директорлардың өз өкілеттіктерін орындау үшін қажетті барлық дағдыларды меңгергендігіне көз жеткізеді. Атқарушы орган мен Ішкі аудит қызметі тиісті ақпаратты беруге міндеттенеді, ал қажет болған жағдайда, директорлар қажетті деректерді сұрата алады.

Директорлар кеңесі мен оның Комитеттері өз функцияларын толық көлемде орындау үшін Қоғамның тиісті жылға арналған бюджетінде қарастырылған қаражат және қосымша ресурстар шегінде белгіленген тәртіпте сыртқы сарапшылар мен консультанттардың қызметтерін пайдалануға құқылы.

Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесінің, оның комитеттерінің және атқарушы органның арасында тиісті ақпарат алмасуды қамтамасыз етеді.

Директорлар сондай-ақ Директорлар кеңесіне корпоративтік басқарудың барлық мәселелері бойынша консультация беру және Директорлар кеңесінің рәсімдерді сақтауын қамтамасыз ету үшін жауапты Корпоративтік хатшының консультациясы мен көмегін алу мүмкіндігіне ие. Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесінің отырыстары мен акционерлердің жалпы жиналысының дайындалуы және өткізілуі, соның ішінде тиісті ақпарат пен материалдардың ашылуын қамтамасыз ету үшін жауапкершілік көтереді, өйткені бұл рәсімдердің сақталмауы

акционерлердің құқықтары мен мүдделерін бұзуы мүмкін. Корпоративтік хатшы Жарғы талаптарына және өзге де ішкі құжаттарға сәйкес Қоғам органдары арасында тиімді өзара ықпалдасуды қамтамасыз етеді, сондай-ақ Қоғамның лауазымды тұлғаларын корпоративтік басқару практикасындағы соңғы өзгерістер туралы хабардар етеді.

Қайта сайлау

Акционерлер мүдделерінің әділ және объективті ұсынылуын қамтамасыз ету мақсатында Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің тиімділігі және бейілдігі жыл сайын қайта қаралады. Директорлар кеңесіне сайланған тұлғалар жыл сайынғы негізде бір жылдық мерзімге қайта сайланады. Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет, барлық атқарушы емес директорлардың басқа компанияларда жұмыспен қамтылуын және мүдделер қақтығысының болмауын ескере отырып, олардың жеке дағдыларының, тәжірибесінің, үлесінің және бейілдігінің сәйкестігіне көз жеткізеді.

ЕСЕПТІЛІК

Қаржы есептілігі және бизнес-есептілік

Өз қызметі шеңберінде Директорлар кеңесі, басшылықтың елеулі пайымдауларын және сыртқы аудитордың қорытындыларын ескере отырып, Қоғамның қаржылық және іскерлік есептілігінің тұтастығы мен сапасын қолдауға баса назар аударады. Қоғам ашықтық және есептілік, тұтастық және сенімділік, әділдік және тәуелсіздік, кәсібилік және біліктілік сияқты қағидаттар негізінде өзінің қаржылық және бизнес-есептілігін жүргізеді.

Қараңыздар:

- 64-бет – басшылықтың әділдік, үйлесімділік және Компанияның түсінікті қаржы есептілігі туралы растауы;
- 65-бет – жүргізілген аудит және аудитордың өкілеттіктері жөніндегі ақпараттың ашылуы туралы тәуелсіз аудитордың есебі;
- 1-43-беттер – Қоғамның бизнес-үлгісінің және негізгі міндеттерге қол жеткізу стратегиясының құрылымын түсінуге арналған стратегиялық есеп.

Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау

Қоғамның тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін қамтамасыз ету үшін жауапкершілік Директорлар кеңесіне жүктеледі. Директорлар кеңесі Аудит жөніндегі комитеттің көмегімен жыл бойында ішкі бақылау жүйесінің тиімділігіне жыл сайынғы талдауды жүргізеді.

Директорлар кеңесі Компаниядағы тәуекелдер мен қоршаған ортаны басқарудың жалпы жүйесін үнемі қарастырып және бағалап отырады. 2018 жылы біз Компаниямыздың ағымдағы және болашақ қызметіне әсерін тигізетін негізгі тәуекелдерімізді бағалаудан өткіздік.

2018 жылы біз сондай-ақ Компания тәуекелдерін басқарудың корпоративтік жүйесі (CRMS) аясында тәуекелдерді басқару саласындағы ең үздік халықаралық практикалардың енгізілуін қамтамасыз ету үшін «COSO Ұйым тәуекелдерін басқарудың тұжырымдамалық негіздері – Стратегиямен және тиімділікпен бірігу» құжатына енгізілген өзгерістерді көрсету мақсатында тәуекелдерді басқару саясатын қайта қарадық және жаңарттық.

Қоғамның тәуекелдерді басқару жүйесі жөніндегі бұдан арғы ақпарат осы есептің 38-40-беттерінде мазмұндалған.

Тәуекелдерді басқарудың жаңартылған саясатында тәуекелдерді есепке алудың стратегия әзірлеу кезіндегі, сондай-ақ барлық бөлімшелер жұмысы мен олардың функцияларының тиімділігін арттырудағы маңыздылығы баса көрсетіледі, сондай-ақ бүкіл ұйымдағы процестерде тәуекелдерді басқарудың интеграциялануына баса назар аударады.

Негізгі тәуекелдер, екіұштылықтар және оларды азайту шаралары туралы ақпаратты осы есептің 41-43-беттерінен қараңыз.

Аудит жөніндегі комитет және аудиторлар

Аудит жөніндегі комитеттің есебі 56-57-беттерде орналастырылған және, Комитеттің қызметі, оның Ішкі аудит қызметімен және сыртқы аудитормен өзара әрекеттесуі туралы ақпаратты қамтитын Корпоративтік басқару кодексінің ережелеріне сәйкес, комитет және аудиторлар туралы ақпаратты мазмұндайды.

Сыйақы

Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақылар мен өтемақыларды төлеу рәсімі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы негізінде әзірленген Қоғамның

Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу жөніндегі ішкі саясатқа, Қоғамның Жарғысы мен Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес белгіленген.

Қоғамның Директорлар кеңесінің Қоғам акционерлері ұсынған мүшелеріне сыйақы төленбейді.

Сыйақы Қоғамның тәуелсіз директорларына төленеді. Сыйақы мөлшерін Директорлар кеңесінің ұсынуы және Қоғамның Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитетінің ұсынымдары бойынша акционерлердің Жалпы жиналысы белгілейді.

Атқарушы орган үшін сыйақы мөлшерін де сондай-ақ Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет ұсынымдары бойынша акционерлердің Жалпы жиналысы белгілейді.

Қоғамның тәуелсіз директорларына төленеді:

- Директорлар кеңесінің отырыстарына қатысқаны үшін жыл сайынғы тиянақталған сыйақы;
- Директорлар кеңесі комитеттерінің отырыстарына қатысқаны үшін қосымша сыйақы;
- өз өкілеттіктерін орындауымен байланысты шығындарын өтеу.

Жыл сайынғы тиянақталған және қосымша сыйақылар, сондай-ақ өтемақылар акционерлердің Жалпы жиналысының тиісті шешімі негізінде Қоғамның тәуелсіз директорымен жасалған шартта белгіленеді.

2018 жылы Қоғамның тәуелсіз директорларына төленген сыйақылардың жалпы сомасы, салықтарды қоса алғанда, 71 255 АҚШ долларын құрады.

АКЦИОНЕРЛЕРМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ

Акционерлермен диалог

Қоғам акционерлермен белсенді түрде өзара әрекеттеседі және кері байланыс алуға ұмтылады. Директорлар кеңесінің Төрағасы Кеңесті басқару және оның өз жауапкершілік аясындағы барлық аспектілер бойынша тиімді жұмыс істеуі үшін жауап береді, сондай-ақ мәселелер мен болуы мүмкін проблемаларды теңдестірілген түсінуге қол жеткізу мақсатында акционерлермен тиімді байланыс орнатады.

Тәуелсіз директорлар Қоғам акционерлерімен немесе атқарушы органдарымен қатынастар ықпалына тәуелсіз пікірлер мен пайымдаулардың қалыптасуына, сондай-ақ акционерлердің әр түрлі топтарының мүдделерін ескеретін шешімдердің қабылдануына септігін тигізеді.

Акционерлердің жалпы жиналысын сындарлы пайдалану

Акционерлердің жалпы жиналысы – «Эйр Астана» компаниясындағы корпоративтік басқарудың жоғарғы органы, ол Қоғам қызметіне қатысты барлық негізгі мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға уәкілетті. Оның функциялары мен қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасында, сондай-ақ Қоғам Жарғысының қағидалары мен ішкі құжаттарында белгіленген.

Қосымша материалдар – жылдық және аралық есептер, таныстырылымдар және басқа да хабарландырулар <https://airastana.com/uk/ru-ru/O-nas/Korporativnoe-upravlenie> адресі бойынша «Эйр Астана» веб-сайтында қолжетімді.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КОМИТЕТТЕРІ

АУДИТ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

Аудит жөніндегі комитет Директорлар кеңесіне төмендегі мәселелер бойынша жәрдемдеседі: Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметін бақылау; ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелерінің сенімділігі мен тиімділігі, корпоративтік басқару стандарттарын іске асыру; сыртқы және ішкі аудиттің тәуелсіздігі; Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуы. Аудит жөніндегі комитет 2008 жылғы наурыз айында құрылған.

Құрамы:

Дмитрий Ларионов
Комитет Төрағасы

Лорд Томас Александр Хескет
Комитет мүшесі

Барлығы 2018 жылы Аудит жөніндегі комитеттің көзбе-көз нысандағы тоғыз отырысы өткізілді. Комитет мүшелерінің 2018 жылғы отырыстарға қатысуы туралы ақпаратты 51-беттен қараңыздар.

Ролі және міндеттері

Аудит жөніндегі комитеттің құзыретіне мына мәселелер жатады:

- Қоғамның Директорлар кеңесіне сыртқы аудиторды тағайындау және ауыстыру, сыртқы аудиторға төленетін ақы мөлшерін белгілеу, сыртқы аудитор қызметтерінің сапасын бағалау, сыртқы аудитордан ілеспелі қызметтерді алу жөніндегі ұсынымдарды әзірлеу;
- Қоғамның Директорлар кеңесіне Қоғамның ішкі аудит қызметінің басшысын тағайындау және өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату жөніндегі ұсынымдарды әзірлеу;
- Қоғам басшылығы өкілдерінің қатысуынсыз сыртқы және ішкі аудиторлармен кездесулерді өткізу;
- Комитет құзырындағы мәселелер бойынша кез келген тексерулерді жүргізу.

2018 жылғы қызмет

Комитет мынадай негізгі мәселелерді қарастырды:

Ішкі аудит қызметінің жұмысы

- Жылдық және тоқсан сайынғы есептер, 2019 жылға арналған жылдық аудиторлық жоспар
- Ішкі аудит қызметінің стратегиялық жоспарын іске асыру
- Ішкі аудит қызметінің жұмысын тоқсан сайынғы бағалау
- Ішкі аудит қызметінің жұмысын бағалау рәсімін өзгерту
- Лауазымдық нұсқаулықтардағы өзгерістер, қызметтер штатындағы өзгерістер, оқытуға арналған бюджет
- Ішкі аудит қызметінің 2018 және 2019 жылдардағы сыйақы мөлшері және топтамасы

Сыртқы аудитор

- Сыртқы аудитор есептері, 2017 жылғы жылдық қаржы есептілігі және басшылыққа хат, Қоғамның алты ай ішіндегі ықшамдалған аралық қаржы есептілігі
- Тәуелсіз сыртқы консультанттың корпоративтік басқару практикасын жақсарту жөніндегі ұсынымдары
- Мемлекеттік органдар тарапынан болған әр түрлі тексерулер мен инспекциялардың нәтижелері мен сот талқылауларының жай-күйі туралы есептер

Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау

- Тәуекелдерді басқару саясатындағы және Тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін бағалау әдіснамасындағы өзгерістер
- 2018 жылғы тәуекел тіркелімі мен тәуекелдер картасы, іске асырылған тәуекелдер туралы есептер
- Функционалдық валютаның өзгеруі
- Ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалау әдіснамасындағы өзгерістер
- Кепілдіктер картасы

Ішкі құжаттар

- Есеп саясатындағы өзгерістер.
- Жаңа мінез-құлық кодексі.

2019 жылға арналған басымдықтар

Негізгі мәселелер:

- жылдық қаржы есептілігі;
- маңызды есеп саясаттарымен және ережелерімен байланысты мәселелер;

- сыртқы аудитор жұмысы;
- корпоративтік басқару, ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелеріне жүргізілген тексерулер мен аудиттердің нәтижелері бойынша ішкі және сыртқы есептер, тиісті саясаттар мен рәсімдерді келісу;
- ішкі аудит қызметінің жылдық аудиторлық жоспары, ішкі саясаттары, ережелері мен рәсімдері, құрылымы мен бюджеті, штаты мен біліктілік талаптары, сыйақысы мен бонустары;
- заңнама талаптарына сәйкестікті қамтамасыз ету мақсатындағы ішкі саясаттар мен рәсімдер;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету саясаты мен бастамашылық хабардар ету саясатының тиімділігін бағалау;
- Аудит жөніндегі комитет туралы ережені қайта қарау.

Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау

Аудит жөніндегі комитет акционерлер мүдделерінде әрекет етеді және тәуекелдерді басқару жүйесінің сенімділігі мен тиімділігін бақылау саласында Директорлар кеңесіне қолдау көрсетеді, сондай-ақ тәуекелдерді басқару жүйесі шеңберінде мына міндеттерді атқарады:

- жарты жылдық негізде тәуекелдер картасындағы өзгерістер туралы есептерді қарау;
- тәуекелдер тізіліміндегі өзгерістерді және оларда қамтылған ақпаратты қарастыру;
- негізгі тәуекелдер туралы есептерді қарастыру;
- жыл сайынғы негізде Компанияның тәуекел тәбетін қарастыру; жарты жылдық негізде іске асырылған тәуекелдер туралы ақпарат берілген есептерді қарастыру;
- нормативтік талаптарға сәйкестік және тәуекелдерді басқарудың стандартты процесінен кез келген елеулі ауытқулар туралы есептерді қарау.

Ішкі аудит

Миссиясы және функциялары

«Эйр Астана» компаниясының Ішкі аудит қызметі Директорлар кеңесінің шешімі негізінде 2007 жылғы желтоқсан айында құрылды.

Ішкі аудит қызметі ішкі аудиттің ұйымдастырылуы мен жүзеге асырылуына қамтамасыз етеді және Қоғамның Директорлар

кеңесіне есеп береді. Оның жұмысына жетекшілік етуді Аудит жөніндегі комитет қызметін регламенттейтін ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес Аудит жөніндегі комитет жүзеге асырады.

Ішкі аудит қызметінің басшысын тағайындау және лауазымынан босату акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатады. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлерін тағайындау және лауазымдарынан босату Директорлар кеңесінің құзыретіне жатады.

Ішкі аудит қызметінің миссиясы Директорлар кеңесі мен Компания Президентіне олардың Қоғамның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу жөніндегі міндеттерін орындауларына төмендегідей жүйелерді жетілдіруге бағытталған тәуелсіз және әділ кепілдіктер мен консультацияларды ұсыну арқылы қажетті көмек көрсетуден тұрады:

- тәуекелдерді басқару жүйесі;
- ішкі бақылау жүйесі;
- корпоративтік басқару жүйесі.

Ішкі аудит қызметі мына функцияларды орындайды:

- корпоративтік басқару, Қоғамның операциялық (өндірістік және қаржылық) қызметі және оның ақпараттық жүйелері саласындағы тәуекелдерді ішкі бақылаудың барабарлығы мен тиімділігін төмендегілерге қатысты бағалау:
 - Қоғамның стратегиялық мақсаттарына, сондай-ақ Қоғам қызметі туралы ақпараттың дұрыстығы мен тұтастығына қол жеткізу;
 - Қоғам қызметі мен қабылданған бағдарламалардың тиімділігі мен нәтижелілігі;
 - Қоғам мүлкінің (активтерінің) сақталуын қамтамасыз ету бойынша қолданыстағы әдістерді (тәсілдерді) және Қоғам ресурстарын пайдаланудың оңтайлылығы мен тиімділігі;
 - құрылған бақылау жүйелерінің заңнама талаптарына, нормативтік актілерге, ішкі нормативтік құжаттарға, уәкілетті және қадағалау органдарының нұсқауларына, Қоғам органдарының шешімдеріне және олардың сақталуына (комплаенс-бақылау) сәйкестік.
- Қоғамдағы корпоративтік басқару жүйесін бағалау, соның ішінде Қоғамның этикалық стандарттары мен құндылықтарына сәйкес қабылданған корпоративтік басқару қағидаттарының енгізілуі мен сақталуын бағалау;
- алаяқтық жасау тәуекелдерін және Қоғамдағы алаяқтық тәуекелдерін басқарудың тиімділігін бағалау;

- тәуекелдерді бағалау әдіснамасы мен Қоғамдағы тәуекелдерді басқару рәсімдерінің толық қолданылуы мен тиімділігін бағалау;
- Қоғамның ақпараттық жүйелеріне аудит жүргізу;
- Қазақстан Республикасы заңнамасы, халықаралық келісімдер, Қоғамның ішкі құжаттары талаптарының сақталуын, сондай-ақ уәкілетті және қадағалау органдары нұсқауларының, Қоғам органдары шешімдерінің орындалуын тексеру және осы талаптарды сақтау мақсатында құрылған жүйелерді бағалау;
- Директорлар кеңесіне, атқарушы органға, Қоғамның құрылымдық бөлімшелеріне ішкі бақылауды, тәуекелдерді басқаруды, корпоративтік басқаруды жетілдіру және ішкі аудитті ұйымдастыру мәселелері бойынша консультациялар беру;
- жоспардан тыс тексерулерді жүргізу;
- Қоғамның сыртқы аудитор ұсынымдарын орындауын қадағалау;
- қызмет берген ұсынымдардың орындалуын бақылауды жүзеге асыру;
- Ішкі аудит қызметіне жүктелген, оның құзыреті шегіндегі өзге де функциялар.

Жүргізілген бағалаулар мен тексерулердің нәтижелері бойынша Ішкі аудит қызметі өз құзыретіне енетін кез келген мәселелер бойынша тиісті ұсынымдар (соның ішінде ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жөніндегі қолданыстағы жүйелерді, жұмысты жүргізу процестерін, қағидаттары мен әдістерін жақсарту жөніндегі ұсынымдар) мен түсініктемелерді әзірлейді.

Аудит рәсімі

Ішкі аудит қызметінің жұмысы Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен жылдық аудиторлық жоспарға сәйкес жүзеге асырылады және ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару және корпоративтік басқару жүйесінің тиімділігін бағалауды қамтиды.

Ішкі аудит қызметі өз жұмысы барысында ішкі аудиттерді ұйымдастыру жөніндегі ішкі ережелер мен әдістемелік нұсқауларды, сондай-ақ ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарын басшылыққа алады.

Ішкі аудит қызметі Қоғамның әр түрлі департаменттерінен келіп түсетін сұранымдарды өңдейді, сондай-ақ ақпаратты Қоғамның ішкі сайтында жариялайды. Сұранымдар ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару, бухгалтерлік есеп жүйесіне және т.б.

қатысты мәселелер бойынша консультациялар беруді қамтиды.

Стандарттарға сәйкестік

Ішкі аудит қызметінің жұмысы ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарына сәйкес келеді, бұны 2016 жылғы сәуір айында білікті тәуелсіз сыртқы бағалаушы – «КПМГ Такс энд Эдвайзори» ЖШС растады.

Ішкі аудит қызметінің жұмысын сыртқы бағалау стандарттарға (атап айтқанда, сапалық сипаттамалар стандарттарына және қызмет стандарттарына), сондай-ақ үздік халықаралық практикаға сәйкестік тұрғысынан жүргізілді.

Шығарылған есепке сәйкес, Ішкі аудит қызметі ішкі аудитке арналған 48 халықаралық кәсіби стандарттың талаптарына сәйкес келеді.

Бағалау шеңберінде Ішкі аудит қызметінің үздік халықаралық практикаға қатысты жетілу деңгейі, «КПМГ Такс энд Эдвайзори» ЖШС әдіснамасына сәйкес, «озық» ретінде сипатталады.

Сыртқы аудит

Сыртқы аудитор аудиторлық қызметтерді жүргізу үшін аудиттің халықаралық стандарттарын (International Standards on Auditing) және қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарын (International Financial Reporting Standards) пайдаланады.

«Эйр Астана» компаниясы үшін аудиторлық ұйымды таңдаудың қолданыстағы тәртібі Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген «Эйр Астана» АҚ сатып алуды жүзеге асыру регламентінің қағидаларына сәйкес, аудиторлық ұйым қызметтерін көрсетуге арналған шартты жасасудың алдында аудиторлық ұйымды таңдау рәсімдерін жүргізуді қарастырады. Тәртіп Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғам Жарғысына, Сатып алу регламентіне және Қоғамның басқа да ішкі құжаттарына сәйкес әзірленген.

Аудитор үш жылдан аспайтын мерзімге таңдалады. Осы нәтижеге қол жеткізу бойынша сабақтастық жоспарын ротацияның жүргізілуінен кем дегенде бір жыл бұрын аудитор дайындап, Аудит жөніндегі комитеттің қарауына ұсынуы тиіс.

«Эйр Астана» компаниясының 2017-2019 жылдардағы сыртқы аудитору «КПМГ Аудит» ЖШС тәуелсіз аудиторлық ұйымы болып табылады.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КОМИТЕТТЕРІ ЖАЛҒАСЫ

ТАҒАЙЫНДАУЛАР ЖӘНЕ СЫЙАҚЫЛАР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет Қоғамның Директорлар кеңесіне Директорлар кеңесінің, атқарушы органның құрамына, Ішкі аудит қызметінің басшысы, Корпоративтік хатшы және оларды тағайындауды немесе тағайындалуын келісуді Компанияның Директорлар кеңесі немесе акционерлері жүзеге асыратын өзге де жұмыскерлер лауазымдарына білікті мамандарды тарту жөніндегі ұсынымдарды әзірлейді.

Комитет сондай-ақ аталмыш жұмыскерлер мен лауазымды тұлғаларға сыйақы төлеу мәселелері бойынша ұсынымдар береді. Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет Тағайындаулар жөніндегі комитет пен Сыйақылар жөніндегі комитеттің қосылуы арқылы 2012 жылғы қазан айында құрылды.

Құрамы:

Дмитрий Ларионов
Комитет Төрағасы

Лорд Томас Александр Хескет
Комитет мүшесі

Нұржан Байдәулетов
Комитет мүшесі

Майлз Уэсткотт
Комитет мүшесі

Барлығы 2018 жылы Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитеттің көзбе-көз нысандағы 11 отырысы өткізілді. Комитет мүшелерінің 2018 жылғы отырыстарға қатысуы туралы ақпаратты 51-беттен қараңыздар.

Ролі және міндеттері

Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитеттің құзыретіне мына мәселелер жатады:

- ▶ үміткерлерге арналған біліктілік талаптарын және тәуелсіз директорлыққа үміткерлерді, атқарушы органдағы лауазымдарға, Корпоративтік хатшы, Қоғамның Ішкі аудит қызметінің басшысы және жұмыскерлері лауазымдарына сайлау немесе тағайындау жөніндегі ұсынымды дайындау;
- ▶ Директорлар кеңесі мен Директорлар кеңесінің Комитеттері мүшелерінің, атқарушы органның, Ішкі аудит қызметі басшысының және Корпоративтік хатшының сабақтастықты жоспарлау саясатын әзірлеу;
- ▶ Директорлар кеңесі, атқарушы орган мүшелеріне, Ішкі аудит қызметінің басшысына, Корпоративтік хатшыға және сыйақыларын келісуді Директорлар кеңесі жүзеге асыратын Қоғамның өзге де жұмыскерлеріне сыйақы төлеу саясаты мен құрылымы жөніндегі ұсынымдар;
- ▶ сыйақыларын келісуді Директорлар кеңесі жүзеге асыратын Қоғам жұмыскерлеріне жыл қорытындысы бойынша сыйақы төлеу мәселесін қарастыру;
- ▶ Директорлар кеңесі, атқарушы орган мүшелеріне, Ішкі аудит қызметінің басшысына, Корпоративтік хатшыға және сыйақыларын келісуді Директорлар кеңесі жүзеге асыратын Қоғамның өзге де жұмыскерлеріне сыйақы төлеу деңгейі мен саясатының салыстырмалы талдауын жүргізу.

2018 жылғы қызмет

Комитет мынадай негізгі мәселелерді қарастырды:

- ▶ тәуелсіз атқарушы емес директорды іздеу: үміткерлерді қарастыру және ұсыну (іс басындағы тәуелсіз директорды алмастыруға және үшінші тәуелсіз директор үшін);
- ▶ Қоғамның еңбекақы төлеу саясатындағы өзгерістер және шығындар лимиттері бойынша ішкі регламенттер;
- ▶ сыйақыларын келісуді Директорлар кеңесі мен акционерлер жүзеге асыратын Қоғам жұмыскерлері үшін еңбекақыны және 2017 жыл қорытындысы бойынша бонус пен 2018 жылға жылдық бонус мөлшерін белгілеуді қоса алғанда, сыйақы төлеу жөніндегі ұсынымдар;
- ▶ басшылық үшін бонустық схеманы және сыйақыларын келісуді Директорлар кеңесі жүзеге асыратын Қоғам жұмыскерлері үшін ең жоғарғы бонус мөлшерін бекіту жөніндегі ұсынымдар;

- ▶ Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату және Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау;
- ▶ Директорлар кеңесі Комитеттерінің құрамындағы өзгерістер;
- ▶ Президенттің еңбек келісімшартына өзгерістер енгізу;
- ▶ жоғарғы басшылықтың жаңартылған сабақтастық жоспары;
- ▶ Президентті / бас директорды Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде сайлау;
- ▶ Қоғамның тәуелсіз атқарушы емес директорлары үшін сыйақы мөлшері және сыйақы төлеу талаптары;
- ▶ Қоғамның инженерлік-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі аға Вице-президентінің өкілеттіктерін тоқтату және жаңасын тағайындау.

2019 жылға арналған басымдықтар

Өзінің 2018 жылы жүргізілген реттеуші қызметіне қосымша, Комитет мына мәселелерді қарастыруға ниетті:

- ▶ Директорлар кеңесінің басшылары мен мүшелеріне арналған сабақтастық жоспары;
- ▶ Қоғам Президентіне сыйақылар мен өтемақыларды төлеудің толық топтамасы;
- ▶ жоғарғы басшылыққа арналған жылдық бонусты төлеу схемасын сыйақы төлеу талаптары тұрғысынан қайта қарау;
- ▶ Директорлар кеңесіне әлеуетті үміткерлерді ұсыну жөніндегі ұсынымдар;
- ▶ тәуелсіз атқарушы емес директорларға сыйақылар мен өтемақыларды төлеу мөлшерін қарастыру;
- ▶ тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет құзыретіне енетін басқа да мәселелерді қарастыру.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет Қоғамның Директорлар кеңесінің функцияларын тиімді орындауға жәрдемдесу және Директорлар кеңесіне стратегиялық даму мәселелері бойынша ұсынымдарды әзірлеу мақсатында құрылды.

Құрамы:

Дмитрий Ларионов
Комитет Төрағасы

Нұржан Байдаулетов
Комитет мүшесі

Алан Фрейзер
Комитет мүшесі

Барлығы 2018 жылы Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеттің көзбе-көз нысандағы бес отырысы өткізілді. Комитет мүшелерінің 2018 жылғы отырыстарға қатысуы туралы ақпаратты 51-беттен қараңыздар.

Ролі және міндеттері

Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеттің құзыретіне Қоғамның ұзақ мерзімді даму стратегиясы мен орта мерзімді бизнес-жоспарының (даму жоспарының) іске асырылуы туралы басшылық есептерін қарау, қызметтің стратегиялық маңызды көрсеткіштерінің нысаналы мәндеріне қол жеткізу, сондай-ақ Директорлар кеңесіне төмендегі мәселелер бойынша ұсынымдарды дайындау жатады:

- Қоғам қызметінің (дамуының) басымдықты бағыттарын айқындау;
- Қоғамның ұзақ мерзімді даму стратегиясын алдын ала мақұлдау, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;
- корпоративтік басқару мәселелері;
- экономикалық, саяси, әлеуметтік және бәсекелі ортадағы өзгерістерді ескере отырып, Қоғамның даму стратегиясын қайта қарау;
- ұзақ мерзімді перспективада Қоғам қызметінің тиімділігін және Қоғамның әуе тасымалдары нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттыру.

2018 жылғы қызмет

Комитет мынадай негізгі мәселелерді қарастырды:

- стратегиялық даму жоспары мен ірі инвестициялық жобаларды іске асыру;
- Қоғам жарғысындағы өзгерістер жобасы;
- жұмыс көлемінің артуына байланысты Астана қаласындағы Халықаралық әуежайда Қоғамның авиациялық-техникалық орталығы үшін қосымша құрылыс-монтаж жұмыстарын сатып алу жөнінде Компания мен «СТС Генподряд» ЖШҚ және «ОК САПА» ЖШС арасында жасалған келісім;
- компанияның жылдық есебі, компания қызметінің қаржылық және операциялық нәтижелері туралы есептер;
- таза пайданы бөлу және 2017 жылғы дивидендтерді төлеу;

- компанияның Инвестициялық саясатындағы өзгерістер;
- корпоративтік басқару саласындағы саясаттар мен рәсімдерді әзірлеу және қарастыру;
- Boeing 787 үлгісіндегі әуе кемесін жеткізу күнінің ауыстырылуы;
- Embraer E190 үлгісіндегі бір әуе кемесін кері операциялық лизингпен сату;
- төмен бюджетті тасымалдаушыны құру жобасы;
- 2019-2023 жылдарға арналған бизнес-жоспар және 2019 жылға арналған жылдық бюджет.

2019 жылға арналған басымдықтар

- Бюджетпен және инвестициялық жоспарлармен байланысты мәселелер бойынша комитеттің реттеуші қызметіне қосымша, Комитет сондай-ақ төмендегілерді қарастыруға ниетті:
- 2020-2024 жылдарға арналған бес жылдық бизнес-жоспар;
 - Компанияның қолданыстағы орта мерзімді бизнес-жоспарын іске асыру;
 - Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет туралы ережені қайта қарау.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КОМИТЕТТЕРІ ЖАЛҒАСЫЕ

КОРПОРАТИВТІК ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік жөніндегі комитет Қоғамның Директорлар кеңесі функцияларының тиімді орындалуына және ұсынымдардың әзірленіп, Қоғамның Директорлар кеңесіне ұсынылуына ықпалдасады.

Құрамы:

Лорд Томас Александр Хескет
Комитет Төрағасы

Дмитрий Ларионов
Комитет мүшесі

Ғани Битенов
Комитет мүшесі

Алан Фрейзер
Комитет мүшесі

2018 жылы Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік жөніндегі комитет көзбе-көз нысанда үш отырыс өткізді. Комитет мүшелерінің 2018 жылғы отырыстарға қатысуы туралы ақпаратты 51-беттен қараңыздар.

Ролі және міндеттері

Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік жөніндегі комитет Директорлар кеңесіне еңбек қауіпсіздігін, денсаулық пен қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз етумен байланысты әлеуметтік жауапкершілік мәселелері бойынша ұсынымдарды әзірлейді:

- Қоғамның корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік стратегиясы және оның іске асырылуын бағалау;
- Қоғамның еңбекті қорғау, өндірістік қауіпсіздік, денсаулықты қорғау, әлеуметтік жауапкершілік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы саясаты мен қызметі, сондай-ақ Қоғамның әлеуметтік және қайырымдылық қызметі;
- корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласындағы маңызды тәуекелдерді қарастыру және аталмыш тәуекелдердің теріс салдарын барынша азайту жоспарлары;
- Қоғамның Директорлар кеңесіне Қоғамның әлеуметтік есебін мақұлдауға қатысты ұсынымдар беру.

Комитет сондай-ақ корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласындағы негізгі тәуекелдерді қарастырады және жағымсыз әсерді азайту жоспарларын әзірлейді, Қоғам қызметінің заңнама талаптарына және Қоғамда қабылданған еңбекті қорғау, өндірістік қауіпсіздік, денсаулықты қорғау, әлеуметтік жауапкершілік салаларындағы ережелерге сәйкестігін қадағалайды.

2018 жылғы қызмет

Комитет мынадай негізгі мәселелерді қарастырды:

- корпоративтік әлеуметтік есептілік саласындағы 2017 жылғы қызмет туралы жыл сайынғы есеп;
- жарналары белгіленген корпоративтік зейнетақы схемасының іске асырылуын бағалау;
- қызметкерлердің белсенділік сауалнамасына шолу жасау;
- өндірістік, еңбек қауіпсіздігі, денсаулықты және қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызметке шолу жасау.

2019 жылға арналған басымдықтар

- Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік жөніндегі реттеуші қызметке қосымша, комитет төмендегілерді қамтамасыз етуге ниетті:
- корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікпен және орнықты дамумен байланысты стратегия, саясаттар және есептілік құрылымдары бойынша ұсынымдар әзірлеу;
 - Комитет құзыретіне енетін басқа да мәселелер бойынша ұсынымдар беру;
 - Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік жөніндегі комитет туралы ережені қайта қарау.

ҚАЗЫНАШЫЛЫҚ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

2017 жылы негізі қаланған Қазынашылық жөніндегі комитет Қоғамның қазынашылық функцияларымен байланысты тәуекелдерді басқару тиімділігін арттыруда және қадағалауды жүзеге асыруда Директорлар кеңесіне жәрдемдеседі.

Құрамы:

Дмитрий Ларионов
Комитет Төрағасы

Ғани Битенов
Комитет мүшесі

(ол болмағанда, Нұржан Байдәулетов мырза Комитеттің баламалы мүшесі болады)

Майлз Уэсткотт
Комитет мүшесі

(ол болмағанда, Алан Фрейзер мырза Комитеттің баламалы мүшесі болады)

2018 жылы Қазынашылық жөніндегі комитеттің көзбе-көз нысандағы алты отырысы өткізілді. Комитет мүшелерінің 2018 жылғы отырыстарға қатысуы туралы ақпаратты 51-беттен қараңыздар.

Комитет қызметі төмендегі салаларда Директорлар кеңесіне көмек көрсетуге бағытталған:

- Қоғам қызметінің қазынашылық түрлерін, қазынашылық саласындағы саясаттар мен рәсімдердің жақсартылуы мен тиімділігінің қамтамасыз етілуін бақылау тетіктеріне тексеру жүргізу;
- Қазынашылық жөніндегі комитет туралы ережеге сәйкес және Директорлар кеңесінің тапсырмасы бойынша қазынашылықпен байланысты барлық мәселелерде қызметтің қазынашылық түрлеріне қадағалау жүргізу және олармен байланысты тәуекелдер мен мүмкіндіктер туралы Директорлар кеңесін хабардар ету.

Ролі және міндеттері

- қазынашылық саласындағы саясаттардың сақталу жай-күйі туралы Қоғамның ай сайынғы есептерін қарастыру;
- Қоғам басшылығымен бірлесе отырып, қазынашылықпен байланысты тәуекелдер мен мүмкіндіктерді және Қоғамның қазынашылықты басқару жөніндегі тиісті жоспарларын тұрақты түрде (кем дегенде жарты жылда бір рет) қарастырып отыру;
- Директорлар кеңесінің алдында өз қызметі туралы кем дегенде жылына бір рет есеп беру, комитеттің жұмыс нәтижелері туралы ақпаратты акционерлердің жылдық жалпы жиналысы алдындағы есепте ашып көрсету үшін дайындау және қазынашылық жөніндегі комитет туралы ережеде көрсетілген саясаттардың барлық бұзылулары туралы Директорлар кеңесінің алдында есеп беру.

2018 жылғы қызмет

Комитет мынадай негізгі мәселелерді қарастырды:

- қазынашылықтың ай сайынғы есептері;
- депозиттердің орналастырылу жай-күйі және банктік тәуекелдер жөніндегі тоқсандық есептер;
- ақша қаражаттарын, банктік тәуекелдерді басқару саясаты мен қазынашылық есептілігіндегі өзгерістер;

- контрагент-банктер мен ұсынылатын лимиттердің жылдық шолуы;
- банктік кепілдіктер мен аккредитивтерге қойылатын талаптарға арналған нұсқаулық;
- қарыздарды тарту және оларға қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулық;
- валюталық тәуекелге ұшырауға бейімділік туралы жаңартылған ақпарат;
- дефолтқа жол берген банктермен және қиындықтарға ұшыраған банктермен байланысты жағдай бойынша жаңартылған ақпарат;
- кредиттік желілерді ашу үшін әлеуетті банктерді қарастыру;
- серіктес банктерді бағалау және аккредиттелген банктердегі кредиттік лимиттерді бекіту;
- кредиттік желілерді ұлғайту және ашу; осыған орай Қоғамның жарғылық капиталының 10% -ын және одан астамын құрайтын мөлшерде міндеттемелерді ұлғайту жөніндегі ұсынымдар;
- банктік шоттарды ашу және жабу.

2019 жылға арналған басымдықтар

- Реттеуші қызметіне қосымша, Комитет төмендегілерді қамтамасыз етуге ниетті:
- валюталық тәуекелге ұшырауға бейімділік туралы жаңартылған ақпаратты қарау;
 - контрагент-банктерді жыл сайынғы шолу;
 - аккредиттелген банктердің кредиттік лимиттерін бекіту;
 - ақша қаражаттарын, банктік тәуекелдерді басқару саясаттары мен қазынашылық есептілігін қайта қарау;
 - Қазынашылық жөніндегі комитет туралы ережені қайта қарау;
 - қазынашылықтың ай сайынғы, тоқсан сайынғы есептері;
 - Қазынашылық жөніндегі комитеттің құзыретіне енетін басқа да мәселелер.

ДИВИДЕНДТІК САЯСАТ

Біз Дивидендтік саясатымызды Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, Қоғам Жарғысына және ішкі құжаттарына сәйкес әзірледік. Саясат дивидендтердің мөлшерін, сондай-ақ оларды төлеу талаптарын белгілеудің, сонымен қатар, Компанияның жалғасып отырған дамуын қаржыландырудың ашық процесін белгілеп, сол арқылы акционерлерге құнның қайтарылуы арасындағы теңгерімді қамтамасыз етеді.

Акционерлерге дивидендтерді төлеу талаптары:

- Қоғамда жыл ішінде таза пайданың болуы;
- дивидендтерді төлеуге шектеулердің болмауы;
- Қоғамның Директорлар кеңесінің дивидендтердің мөлшері туралы ұсынымдары;
- акционерлердің Жалпы жиналысының шешімі.


Дивидендтік саясатқа сәйкес, акционерлер өзге шешім қабылдаған жағдайлардан басқасында, Қоғам қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына (ҚЕХС) сәйкес құрастырылған қаржылық есептілік негізінде дивидендтерді төлеуге таза кірістің 30 %-ын жұмсайды.

2018 жылғы 31 мамырда акционерлердің жылдық Жалпы жиналысында қабылданған шешімге сәйкес, Қоғам акционерлеріне 2018 жылғы 29 тамызда 10 643 229 АҚШ доллары немесе Компанияның 2017 жылғы таза кіріс мөлшерінің 30 %-ы көлемінде дивидендтер бойынша сыйақы төленді.

Бүкіл жылдар бойында өзгеріссіз қалып отырған жай акциялардың жалпы саны 17 000 дананы құрайды.


Бір жай акцияға есептелген және төленген дивидендтердің мөлшері

(АҚШ долл.)



Есептелген және төленген дивидендтердің жалпы саны

(АҚШ долл.)



	2012	2013	2014	2015	2016	2017	2018
Бір жай акцияға шаққанда есептелген және төленген дивидендтердің мөлшері (АҚШ долл.)	1 057	1 232	516	465	883	0	626
Алдыңғы жылғы таза кірістің мөлшері (мың АҚШ долл.)	61 260	61 076	51 364	19 453	48 741	(39 865)	39 318
Дивидендтерді төлеу коэффициенті, %	30%	35%	20%	50%	50%	-	30%

Ескертпе: Аталған жылдарда төленген дивидендтер алдыңғы жыл нәтижелері бойынша бөлінеді.

ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІ

2018 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл іші

Мазмұны

2018 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІН ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ТУРАЛЫ БАСШЫЛЫҚ РАСТАМАСЫ	64
ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАРДЫҢ ЕСЕБІ	65

2018 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІ:

Пайда немесе залал туралы есеп	67
Басқа жиынтық табыс туралы есеп	68
Қаржылық жағдай туралы есеп	69
Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есеп	70
Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп	71
Қаржы есептілікке ескертпелер	73

ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІН ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ТУРАЛЫ БАСШЫЛЫҚ РАСТАМАСЫ

2018 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл іші

«Эйр Астана» АҚ (бұдан әрі – «Компания») Басшылығы 2018 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша қаржы есептілігін, сондай-ақ оның сол күні аяқталған жыл іші қызметінің нәтижелерін, ақша қаражаттарының қозғалысы мен капиталдағы өзгерістерін барлық елеулі аспектілерінде дұрыс көрсететін қаржы есептілігінің Халықаралық қаржы есептілігі стандарттарына (бұдан әрі – «ХҚЕС») сәйкес дайындалуы үшін жауап береді.

Қаржы есептілігін дайындау кезінде басшылық:


- есеп саясаты принциптерінің дұрыс таңдалуын және қолданылуын қамтамасыз етуге;
- ақпараттың, соның ішінде есеп саясаты туралы деректердің осындай ақпараттың орындылығын, растығын, салыстырмалылығын және түсініктілігін қамтамасыз ететін нысанда ұсынуға;
- ХҚЕС талаптарын орындау есептілікті пайдаланушылардың қандай да бір мәмілелердің, сондай-ақ өзге оқиғалардың немесе шарттардың Компанияның қаржылық жағдайына және қызметінің қаржылық нәтижелеріне ықпал етуін түсінуі үшін жеткіліксіз болған жағдайда, қосымша ақпаратты ашуға;
- Компанияның көз етер болашақта өзінің қызметін жалғастыру қабілетін бағалауға жауапкершілік атқарады.

Басшылық сондай-ақ:

- Компанияның барлық бөлімшелерінде ішкі бақылаудың тиімді және сенімді жүйесінің жасалуына, ендірілуіне және сүйемелденуіне;
- есептіліктің Компанияның мәмілелерін ашуға және түсіндіруге, сондай-ақ кез келген күнге Компанияның қаржылық жағдайы туралы жеткілікті дәл ақпарат беруге және қаржы есептілігінің ХҚЕС сәйкестігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін нысанда жүргізілуіне;
- бухгалтерлік есептің Қазақстан Республикасының заңнамасына және ХҚЕС сәйкес жүргізілуіне;
- Компанияның активтерінің сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі барлық қиынды мүмкін шаралардың қабылдануына; және
- қаржылық және өзге теріс пайдаланушылық фактілерін анықтауына және олардың алдын алуына жауапкершілік атқарады.

2018 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл іші бұл қаржы есептілігін Компания басшылығы 2019 жылдың 28 ақпанда мақұлдады және бекітті.

Компания Басшылығының атынан:



Питер Фостер
Президент
2019 жылдың 28 ақпан
Алматы қ.,
Қазақстан Республикасы



Ибрагим Жанлыел
Қаржы жөніндегі атқарушы
директор
2019 жылдың 28 ақпан
Алматы қ.,
Қазақстан Республикасы



Азамат Оспанов
Қаржылық есептілік жөніндегі
вице-президент, Бас бухгалтер
2019 жылдың 28 ақпан
Алматы қ.,
Қазақстан Республикасы



ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ

«Эйр Астана» АҚ Акционерлеріне және Директорлар Кеңесіне



Пікір

Біз 2018 жылдың 31 желтоқсанындағы қаржылық жағдай туралы есебінен, көрсетілген күні аяқталған жыл бойынша пайда немесе залал, басқа жиынтық табыс, меншікті капиталдағы өзгерістер және ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есептерден, сондай-ақ, есеп саясатының маңызды тұжырымдамалары мен басқа түсіндірмелі ескертпелерден тұратын «Эйр Астана» АҚ (әрі қарай, «Компания») қаржылық есептіліктің аудитін жүргіздік.

Біздің пікірімізше, қаржылық есептілік Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына (ҚЕХС) сәйкес барлық елеулі қатынастарда Компанияның 2018 жылдың 31 желтоқсанындағы қаржылық жағдайын және көрсетілген күні аяқталған жыл бойынша қаржылық нәтижелерін және ақша қаражаттарының қозғалысын әділ көрсетеді.

Пікір білдіруге негіздеме

Біз Аудиттің халықаралық стандарттарына сәйкес аудит жүргіздік. Осы стандарттар бойынша біздің жауапкершілігіміз одан әрі есебіміздің «Қаржылық есептілік аудитіне аудиторлардың жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық әдеп стандарттары Кеңесінің кәсіби бухгалтерлерге арналған әдеп кодексіне (БАХӘСК кодексі) және біздің қаржылық есептіліктің аудитіне тиісті Қазақстан Республикасында қолданылатын әдептілік талаптарға сәйкес Компанияға қатысты тәуелсіз болып табыламыз және біз басқа да әдептілік міндеттемелерді аталған талаптар мен БАХӘСК кодексіне сәйкес орындадық. Біз алған аудиторлық дәлелдер біздің пікірімізді білдіруге негіздеме болуға жеткілікті және тиісті деп есептейміз.

Қаржылық есептілік үшін Басшылық пен басқару өкілеттілігіне ие тұлғалардың жауапкершілігі

Басшылық ҚЕХС-ға сәйкес қаржылық есептіліктің дайындауы мен әділ ұсынылуына және де алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмаланбаған қаржылық есептілікті дайындау үшін басшылық қажет деп анықтайтын ішкі бақылау жүйесіне жауапты.

Қаржылық есептілікті дайындауда басшылық Компанияның үздіксіз қызметін жалғастыру қабілетін бағалау, сәйкес жағдайларда үздіксіз қызметке қатысты мәселелерді ашып көрсету және басшылық Компанияны жауып тастауға немесе оның операцияларын тоқтатуды ниеттеніп отырған немесе одан басқа нақты балама нұсқасы болмаған жағдайларды қоспағанда бухгалтерлік есептің үздіксіз қызмет негізін қолдану үшін жауапты.

Басқару өкілеттілігіне ие тұлғалар Компанияның қаржылық есептілігін дайындауды қадағалауға жауапты.

Қаржылық есептілік аудитіне аудиторлардың жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз қаржылық есептіліктің толығымен алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмаланбағандығы туралы ақылға қонымды сенімділік алу және де біздің пікіріміз енетін аудиторлардың есебін шығару. Ақылға қонымды сенімділік жоғары дәрежедегі сенімділікті білдіреді, бірақ АХС-ға сәйкес жүргізілген аудит бар болған кездегі елеулі бұрмалануларды әрқашан табатындығына кепіл болып табылмайды. Бұрмаланулар алаяқтық әрекеттер немесе қателіктердің нәтижесі болуы мүмкін және де егер олар жеке немесе жиынтық түрінде осы қаржылық есептілік негізінде қабылданатын экономикалық шешімдерге ықпал етуі негізді түрде жорамалданса, маңызды болып саналады АХС-ға сәйкес жүргізілген аудит шеңберінде біз кәсіби пайымдауды қолданамыз және аудит бойы кәсіби күмәншілдікті сақтаймыз. Одан бөлек біз келесілерді орындаймыз:

- ▶ алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер салдарынан қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелін анықтаймыз және бағалаймыз және де осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және өткіземіз және де біздің пікірімізді білдіру үшін негіз болатын жеткілікті және тиісті аудиторлық дәлелдер аламыз. Алаяқтық әрекеттер нәтижесінде елеулі бұрмалануларды анықтамау тәуекелі қателіктер нәтижесінде елеулі бұрмалануларды анықтамау тәуекелінен жоғары, өйткені алаяқтық әрекеттер сөз байласу, жалғандық, қасақана өткізу, ақпаратты немесе әрекетті бұрмалап көрсетулерді немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өтуді қамтуы мүмкін.
- ▶ жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатымен, бірақ Компанияның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірді білдіру мақсатынсыз, аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесінің түсінігін аламыз.
- ▶ қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және бухгалтерлік бағалаулардың негізділігін және басшылықпен дайындалған ашып көрсетілген ақпаратты бағалаймыз.
- ▶ басшылықтың бухгалтерлік есептің үздіксіз қызмет негізін қолдануының заңдылығы туралы қорытынды жасаймыз және де алынған аудиторлық дәлелдер негізінде Компанияның үздіксіз қызметін жалғастыру қабілетіне елеулі күмән туғызуы мүмкін оқиғалар немесе шарттарға байланысты елеулі белгісіздіктің бар-жоқтығы туралы қорытынды жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздік бар деген қорытындыға келсек, біздің аудиторлардың есебінде қаржылық есептіліктегі сәйкес ашып көрсетілген ақпаратқа назар аудартуымыз керек немесе осындай ашып көрсетілген ақпарат орынсыз болса, пікірімізді түрлендіруіміз керек. Біздің қорытындыларымыз біздің аудиторлардың есебінің күніне дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Алайда болашақ оқиғалар немесе шарттар Компанияның үздіксіз қызметті жалғастыру қабілетінің жоғалуына әкелуі мүмкін.
- ▶ қаржылық есептіліктің ашып көрсетілген ақпараты енетін бүтіндей ұсынылуын, құрылымы мен мазмұнын, және де қаржылық есептіліктің негізінде жатқан операциялар мен оқиғаларды әділ ұсынылуын қамтамасыз етілетіндей көрсетуін бағалаймыз.

ОТЧЕТ НЕЗАВИСИМЫХ АУДИТОРОВ ЖАЛҒАСЫ

Акционернам и Совету директоров Акционерного общества «Эйр Астана»

Қаржылық есептілік аудитіне аудиторлардың жауапкершілігі, жалғасы

Біз басқару өкілеттілігіне ие тұлғаларға, тым болмағанда, аудиттің жоспарланған көлемі мен уақытын, сондай-ақ, біз аудит барысында анықтайтын ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері енетін аудиттің елеулі табуларын айтып білдіре отырамыз.

Аудиттің нәтижесі болып табылатын тәуелсіз аудиторлардың есебінің келісім партнері:



Дементьев С.А.

Қазақстан Республикасының
сертификатталған аудиторы
2012 жылдың 27 тамызында берілген
№ МФ-0000086 аудитордың біліктілік куәлігі

«КПМГ Аудит» ЖШС

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі аудиторлық қызмет жүргізу үшін 2006 жылы 6 желтоқсанда берген мемлекеттік лицензияның №0000021



Дементьев С.А.

«КПМГ Аудит» ЖШС Жарғы негізінде
әрекет ететін Бас директоры

«КПМГ Аудит» ЖШС, Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша тіркелген компания және Швейцария заңнамасы бойынша тіркелген KPMG International Cooperative ("KPMG International") қауымдастығына кіретін KPMG тәуелсіз фирмалар желісінің мүшесі. ТОО «КПМГ Аудит», компания, зарегистрированная в соответствии с законодательством Республики Казахстан, член сети независимых фирм KPMG, входящих в ассоциацию KPMG International Cooperative ("KPMG International"), зарегистрированную по законодательству Швейцарии.


ПАЙДА НЕМЕСЕ ЗАЛАЛ ТУРАЛЫ ЕСЕП

2018 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл іші
(мың қазақстандық теңгемен)

	Ескерту	2018 ж.	2017 ж. ¹
Пайда және басқа табыстар			
Жолаушылар тасымалы	5	279,336,783	234,125,870
Жүк және пошта	5	7,136,531	6,411,243
Өзге табыс	5	3,379,882	6,915,984
Кері жалдаумен жүзеге асырылған сату операциялары бойынша табыс		-	2,763,786
Барлық пайда және басқа табыстар		289,853,196	250,216,883
Операциялық шығыстар			
Жанармай		(79,736,938)	(59,826,835)
Әуежайлық қызмет көрсету және навигация	6	(38,694,042)	(33,631,403)
Жолаушыларға қызмет көрсету	6	(31,374,125)	(28,243,092)
Инженерлік-техникалық қызмет көрсету	6	(29,740,889)	(22,550,423)
Қызметкерлер жөніндегі шығыстар	6	(27,581,626)	(23,179,432)
Әуе кемелердің операциялық лизингі бойынша шығыстар	6	(24,616,775)	(20,020,648)
Сату жөніндегі шығыстар	6	(14,044,175)	(13,190,215)
Экипажға байланысты шығыстар	6	(12,136,894)	(9,861,592)
Тозу және амортизация	11	(8,836,296)	(8,804,819)
Мүлік жалдау жөніндегі шығыстар		(1,928,997)	(1,639,393)
Сақтандыру	6	(1,448,127)	(1,261,460)
Ақпараттық технологиялар		(1,256,813)	(1,184,274)
Консультациялық, заңды және кәсіби қызметтер		(1,093,420)	(1,368,378)
Табыс салығынан басқа салықтар		(868,324)	(783,391)
Дебиторлық берешек бойынша құнсызданудан болған шығындар		(194,072)	-
Өзгелер		(3,717,697)	(4,050,215)
Барлық операциялық шығыстар		(277,269,210)	(229,595,570)
Операциялық пайда			
		12,583,986	20,621,313
Қаржылық шығыстар	7	(3,635,656)	(3,624,325)
Қаржылық кірістер	7	1,011,379	2,377,603
Бағам айырмашылығынан алынған залал, таза мөлшерде		(5,820,428)	(3,380,448)
Салық салуға дейінгі пайда		4,139,281	15,994,143
Табыс салығы бойынша шығыстар	8	(2,294,390)	(3,175,793)
Жыл ішіндегі таза пайда		1,844,891	12,818,350
Акцияға келетін негізгі және тоғытылған пайда (теңгемен)	18	108,523	754,021

¹ Компания 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап 15 (IFRS) ХҚЕС және 9 (IFRS) ХҚЕС-на қолданыла бастады. Салыстырмалы ақпарат таңдалған өтпелі әдістерге сәйкес қайта есептелмейді (2-ескертуді қараңыз).

Компания Басшылығының атынан:



Питер Фостер
Президент
2019 жылдың 28 ақпан
Алматы қ.,
Қазақстан Республикасы



Ибрагим Жанлыел
Қаржы жөніндегі атқарушы
директор
2019 жылдың 28 ақпан
Алматы қ.,
Қазақстан Республикасы



Азамат Оспанов
Қаржылық есептілік жөніндегі
вице-президент, Бас бухгалтер
2019 жылдың 28 ақпан
Алматы қ.,
Қазақстан Республикасы

73-115-ші беттердегі ескертулер осы қаржы есептілігінің ажырамас бөлігі болып табылады. Тәуелсіз аудиторлардың есебі 65-66 беттерде келтірілген.

БАСҚА ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС ТУРАЛЫ ЕСЕП

2018 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл іші
(мың қазақстандық теңгемен)

	Ескерту	2018 ж.	2017 ж. ¹
Жыл іші таза пайда/(залал)		1,844,891	12,818,350
келесі кезеңдерде пайдаға немесе залалға қайта жіктелмеген айырбас бағамы		4,389,839	-
Салық шегерісінен кейін, келесі кезеңдерде пайда немесе залал құрамына қайта топтастыру мүмкіндігіне ие басқа жиынтық табыс/ (шығыс):			
Ақша ағымдарын хеджирлеу құралдары бойынша нәтиже		-	384,229
Ақша ағымдарын хеджирлеу бойынша нәтиженің кейінге қалдырылған салығы		-	(76,846)
Ақша ағымдарын хеджирлеу құралдары бойынша іске асырылған шығын	23	3,746,653	3,355,090
Ақша ағымдарын хеджирлеу құралдары бойынша іске асырылған шығын бойынша кейінге қалдырылған салық	23	(749,400)	(671,018)
Жыл іші басқа жиынтық табыс, табыс салығының шегерісінен кейін		2,997,253	2,991,455
Жыл іші жалпы жиынтық пайда/(залал)		9,231,983	15,809,805

¹ Компания 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап 15 (IFRS) ХҚЕС және 9 (IFRS) ХҚЕС-на қолданыла бастады. Салыстырмалы ақпарат таңдалған өтпелі әдістерге сәйкес қайта есептелмейді (2-ескертуді қараңыз).

73-115-ші беттердегі ескертулер осы қаржы есептілігінің ажырамас бөлігі болып табылады. Тәуелсіз аудиторлардың есебі 65-66 беттерде келтірілген.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЕСЕП

по состоянию на 31 декабря 2018 ж.

(мың қазақстандық теңгемен)

	Ескерту	31 декабря 2018 ж.	31 декабря 2017 ж. ¹
АКТИВТЕР			
Ұзақ мерзімді активтер			
Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар	9	97,973,689	86,988,810
Материалдық емес активтер	10	831,409	976,558
Ұзақ мерзімді активтер үшін алғытөлемдер	14	5,617,772	2,687,174
Кепілдікті салымдар	12	7,365,114	6,525,659
Саудалық және өзге дебиторлық берешек	15	1,559,468	1,303,990
		113,347,452	98,482,191
Ағымдағы активтер			
Тауарлы-материалдық босалқы қорлар	13	17,275,553	12,832,135
Берілген алғытөлемдер	14	9,668,777	9,767,208
Табыс салығы бойынша алдын-ала төлем		513,291	245,220
Саудалық және өзге дебиторлық берешек	15	10,232,399	8,479,909
Өзге салықтар бойынша алдын-ала төлем	16	8,707,893	6,010,537
Кепілдікті салымдар	12	12,232,544	11,589,839
Банктердегі депозиттер		-	1,570
Ақша қаражаттары және банк есепшоттарындағы қалдықтар	17	51,031,749	49,245,150
Басқа қаржылық активтер		45,336	-
		109,707,542	98,171,568
Активтер жиыны		223,054,994	196,653,759
МЕНШІКТІ КАПИТАЛ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Меншікті капитал			
Жарғылық капитал		2,501,550	2,501,550
Қосымша төленген капитал		48,996	48,996
Валюталық есеп беру үшін резерв		4,497,625	-
Хеджирлеу құралдары бойынша резерв, салық шегерісінен кейін		(20,860,354)	(23,749,821)
Бөлінбеген пайда		47,872,280	50,033,094
Меншікті капитал жиыны	18	34,060,097	28,833,819
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Несиелер	22	2,977,934	3,495,775
Қаржылық лизинг бойынша міндеттемелер	23	92,604,879	93,317,211
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	8	6,322,011	3,662,874
Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетуге резерв	20	14,838,957	20,109,275
		116,743,781	120,585,135
Ағымдағы міндеттемелер			
Несиелер	22	539,801	541,863
Қаржылық лизинг бойынша міндеттемелер	23	15,557,795	13,268,515
Болашақ кезеңдердің табыстары	19	20,259,250	16,095,939
Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетуге резерв	20	18,677,115	4,406,580
Саудалық және өзге кредиторлық берешек	21	17,217,155	12,921,908
		72,251,116	47,234,805
Міндеттемелер жиыны		188,994,897	167,819,940
Меншікті капитал мен міндеттемелер жиыны		223,054,994	196,653,759

¹ Компания 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап 15 (IFRS) ХҚЕС және 9 (IFRS) ХҚЕС-на қолданыла бастады. Салыстырмалы ақпарат таңдалған өтпелі әдістерге сәйкес қайта есептелмейді (2-ескертуді қараңыз).

73-115-ші беттердегі ескертулер осы қаржы есептілігінің ажырамас бөлігі болып табылады. Тәуелсіз аудиторлардың есебі 65-66 беттерде келтірілген.

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП

2018 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл іші
(мың қазақстандық теңгемен)

	Жарғылық капитал	Қосымша төленген капитал	Хеджирлеу құралдары бойынша резерв	Валюталық айырмашылықтар резерві	Бөлінбеген пайда	Меншікті капитал жиыны
2017 жылдың 1 қаңтарында	2,501,550	48,996	(26,741,276)	-	37,214,744	13,024,014
Жыл ішіндегі пайда/(залал)					12,818,350	12,818,350
Ақша ағындарын хеджирлеу құралдары, салықты шегергенде	-	-	307,383	-	-	307,383
Отындарды хеджирлеу құралдарында шығындарды өтеу, салықтарды шегергенде	-	-	2,684,072	-	-	2,684,072
Жыл ішіндегі жалпы жиынтық пайда/(залал)	-	-	2,991,455	-	12,818,350	15,809,805
2017 жылдың 31 желтоқсанында	2,501,550	48,996	(23,749,821)	-	50,033,094	28,833,819
2018 жылдың 1 қаңтарында	2,501,550	48,996	(23,749,821)	-	50,033,094	28,833,819
9 ҚҰХС (IFRS) және 15 (IFRS) ХҚЕС бастапқы қолдану күніне түзетулер) ¹	-	-	-	-	(160,200)	(160,200)
2018 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша түзетілген теңгерім¹	2,501,550	48,996	(23,749,821)	-	49,872,894	28,673,619
Жыл ішіндегі пайда/(залал)	-	-	-	-	1,844,891	1,844,891
Отындарды хеджирлеу құралдарында шығындарды өтеу, салықтарды шегергенде	-	-	2,997,253	-	-	2,997,253
Басқа валюталардан айырбастау кезінде айырбастау айырмашылықтары	-	-	(107,786)	4,497,625	-	4,389,839
Жыл ішіндегі жалпы жиынтық пайда/(залал)	-	-	2,889,467	4,497,625	1,844,891	9,231,983
Жарияланған дивидендтер	-	-	-	-	(3,845,505)	(3,845,505)
2018 жылдың 31 желтоқсанында	2,501,550	48,996	(20,860,354)	4,497,625	47,872,280	34,060,097

¹ Компания 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап 15 (IFRS) ХҚЕС және 9 (IFRS) ХҚЕС-на қолданыла бастады. Салыстырмалы ақпарат таңдалған өтпелі әдістерге сәйкес қайта есептелмейді (2-ескертуді қараңыз).

73-115-ші беттердегі ескертулер осы қаржы есептілігінің ажырамас бөлігі болып табылады. Тәуелсіз аудиторлардың есебі 65-66 беттерде келтірілген.

АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

2018 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл іші
(мың қазақстандық теңгемен)

	Ескерту	2018 ж.	2017 ж. ¹
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ			
Салық салуға дейінгі пайда/(залал)		4,139,281	15,994,143
Түзетулер:			
Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар тозуы мен материалдық емес активтердің амортизациясы	11	8,836,296	8,804,819
Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтардың шығуынан түскен табыстар	5	(269,563)	(2,958,230)
Алғытөлемдер мен саудалық және өзге дебиторлық берешек құнсыздануы үшін резервтердің есептелуі/(қалпыну келуі)		112,375	(1,565,775)
Өтімді емес тауарлы-материалдық босалқы қорларды есептен шығару	13	392,280	4,384
Қолданылмаған демалыс бойынша резервтің есептелуі		(389,867)	70,382
Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету резервінің есептелуі	6	7,840,429	6,412,776
Жолаушыларды ынталандыру бағдарламасы бойынша резерттің есептелуі		797,659	1,187,399
Бағам айырмасынан шеккен залал, таза		5,820,428	3,380,448
Қаржылық табыстар, құнсыздануды есептемегенде		(888,662)	(830,263)
Қаржылық шығыстар, құнсыздануды есептемегенде	7	3,594,291	3,624,325
Айналым капиталындағы өзгерістерге дейін операциялық қызметтен түскен ақша қаражаттары		29,984,947	34,124,408
Саудалық және өзге дебиторлық берешектердің өзгеруі		(751,813)	1,221,945
Берілген алғытөлемдердің өзгеруі		(502,587)	(2,667,608)
Тауарлы-материалдық босалқы қорлардың өзгеруі		(2,553,267)	924,405
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржы активтері мен міндеттемелерінің және хеджирлеу құралдарының өзгеруі		(2,065,847)	(2,302,194)
Саудалық және өзге кредиторлық берешектің және өзге ағымдағы міндеттемелердің өзгеруі		619,789	2,166,729
Болашақ кезеңдер табыстарының өзгеруі		(155,464)	-
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражаттары		24,575,758	33,467,685
Төленген табыс салығы		(1,770,775)	(2,458,086)
Алынған сыйақы		857,294	1,032,502
Операциялық қызметтен түскен таза ақша қаражаттары		23,662,277	32,042,101
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ			
Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтарды сатып алу		(8,624,644)	(9,074,454)
Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтарды сатудан түсім		1,118,929	2,298,262
Материалдық емес активтерді сатып алу		(56,188)	(222,111)
Мерзімдік банктік және кепілдік депозиттерін орналастыру		(18,302,722)	(6,735,869)
Мерзімдік банк және кепілдік депозиттерін өтеу		19,316,859	37,099,566
Инвестициялық қызметтен алынған/(пайдаланылған) таза ақша қаражаттары		(6,547,766)	23,365,394

Жалғасы келесі бетте

73-115-ші беттердегі ескертулер осы қаржы есептілігінің ажырамас бөлігі болып табылады. Тәуелсіз аудиторлардың есебі 65-66 беттерде келтірілген.

АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП ЖАЛҒАСЫ

2018 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл іші
(мың қазақстандық теңгемен)

	Ескерту	2018 ж.	2017 ж. ¹
ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ			
Қаржылық жалдау бойынша төлемдер	23	(13,444,724)	(13,073,475)
Төленген сыйақы	23	(3,628,417)	(4,077,286)
Несиелерді төлеу	23	(512,239)	(517,893)
Дивидендтер бойынша төлемдер	18	(3,668,749)	-
Қаржылық қызметте пайдаланылған таза ақша қаражаттары		(21,254,129)	(17,668,654)
АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БАЛАМАЛАРЫНЫҢ ТАЗА ҰЛҒАЮЫ/(АЗАЮЫ)		(4,139,618)	37,738,841
Шетелдік валютада ұсталатын ақша қаражаттарына йырбас бағамдары өзгерістерінің әсері		(1,153,055)	1,512,066
Құнсыздану		345	-
Басқа валюталардан айырбастау кезінде айырбастау айырмашылықтары		7,078,927	-
ЖЫЛ БАСЫНДАҒЫ АҚША ҚАРАЖАТТАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БАЛАМАЛАРЫ	17	49,245,150	9,994,243
ЖЫЛ СОҢЫНДАҒЫ АҚША ҚАРАЖАТТАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БАЛАМАЛАРЫ	17	51,031,749	49,245,150

¹ Компания 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап 15 (IFRS) ХҚЕС және 9 (IFRS) ХҚЕС-на қолданыла бастады. Салыстырмалы ақпарат таңдалған өтпелі әдістерге сәйкес қайта есептелмейді (2-ескертуді қараңыз).

73-115-ші беттердегі ескертулер осы қаржы есептілігінің ажырамас бөлігі болып табылады. Тәуелсіз аудиторлардың есебі 65-66 беттерде келтірілген.

ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТУЛЕР

2018 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл іші
(мың қазақстандық теңгемен)

1. ҚЫЗМЕТІНІҢ СИПАТЫ

«Эйр Астана» АҚ (бұдан әрі «Компания») Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің анықтамасына сәйкес акционерлік қоғам болып табылады. Компания Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 тамыздағы № 1118 қаулысына сәйкес 2001 жылғы 14 қыркүйекте жабық акционерлік қоғам ретінде құрылды. Заңнамаға 2003 жылы енгізілген өзгерістердің нәтижесінде 2005 жылдың 27 мамырда Компания акционерлік қоғам болып қайта тіркелді.

Компанияның негізгі қызметі жолаушыларға ішкі және халықаралық авиатасымалдары бойынша қызметтер көрсету болып табылады сондай-ақ, өзге қызмет жүк және пошта әуе тасымалдарын қамтиды. Компания өзінің алғашқы рейсін 2002 жылдың 15 мамырында Boeing-737 әуе кемесімен Алматы қаласынан Қазақстанның елордасы Астана қаласына ұшуды жүзеге асыру арқылы орындады. 2018 жылдың 31 желтоқсанында Компания қысқа бағыттарға тасымалдауларды жүзеге асыратын 10 әуе кеме және ұзақ бағыттарға тасымалдауларды жүзеге асыратын 21 әуе және ұзақ бағыттарға тасымалдауларды жүзеге асыратын 3 кемесінен тұратын 34 турбореактивті әуе кемесі кіретін паркпен жұмыс істеді, оның ішінде 10 әуе кемесі қаржы лизингі аясында алынған және 24 әуе кемесі операциялық лизинг аясында алынды (2017 жылы: қысқа бағыттарға тасымалдауларды жүзеге асыратын 9 әуе кеме және ұзақ бағыттарға тасымалдауларды жүзеге асыратын 23 әуе кемесінен тұратын 32 турбореактивті әуе кемесі, оның ішінде 10 әуе кемесі қаржы лизингі аясында алынған және 22 әуе кемесі операциялық лизинг аясында алынған).

2010 жылы Компания өз офисін Қазақстан Республикасының Астана қаласынан Қазақстан Республикасының Алматы қаласына Закарпатская көшесі, 4А мекен-жайы бойынша қайта тіркеуді жүргізді, өйткені Компаниямен негізгі әрекеттесуші әуежай Алматы қаласының Халықаралық Әуежайы болып табылады.

Компанияның акционерлері Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан «Самұрық-Қазына» Ұлттық Әл-ауқат Қоры» АҚ және «BAE Systems Kazakhstan Ltd.» компаниясы болып табылады, олар Компания акцияларының тиісінше 51% және 49% иелік етеді.

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕП-ҚИСАПТЫҢ ЖАҢА ЖӘНЕ ҚАЙТА ҚАРАЛҒАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАРЫН ҚАБЫЛДАУ

Компания 2018 жылғы 1 қаңтардан бері 15-ші ХҚЕС (IFRS) (А тармағын қараңыз) және 9-шы ХҚЕС (IFRS) (Ә тармағын қараңыз) қолдана бастады. 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап бірқатар өзге жаңа стандарттар күшіне енеді, алайда олар Компанияның қаржылық есеп-қисабына айтарлықтай ықпал етпейді.

Бұл стандарттарды қолданған кезде Компания таңдаған көшу әдістеріне сәйкес, осы қаржылық есеп-қисаптағы салыстырмалы ақпарат жаңа стандарттардың талаптарын көрсету ниетімен қайта есептелмейді.

Бұл стандарттардың бастапқы қолданысының ықпалы ең бастысы төмендегілерді меңзейді:

- пайдаланылмаған билеттер бойынша түсімді кешірек тану; және
- билет мәліметтерін өзгерту үшін салынатын айыппұлдар бойынша түсімді кешірек тану;
- қаржылық активтерге қатысты танылған құнсызданудан туындаған шығындар сомасының артуы.

А. «Сатып алушылармен жасалған келісімшарттар бойынша түсім» 15-ші ХҚЕС

15-ші ХҚЕС (IFRS) түсімнің танылу қажеттілігін, сомасы мен уақытын белгілейтін негізгі қағидаттарды орнатады. Стандарт түсімді тану жөніндегі қолданыстағы нұсқаулықты, соның ішінде «Түсім» 18-ші ХБЕС (IAS), «Құрылыс келісімшарттары» 11-ші ХБЕС (IAS) және тиісті түсініктемелерді алмастырады. 15-ші ХҚЕС (IFRS) сәйкес сатып алушы тауарлар мен қызметтерді толық басқару мүмкіндігіне қол жеткізгенде ғана түсім танылады. Белгілі бір кезде немесе уақыт аралығында басқару мүмкіндігін табыстаудың уақыт шеңберін белгілеу үшін пайым қолдану қажет болады.

Компания бастапқы қолданым күніндегі (яғни 2018 жылғы 1 қаңтардағы) бастапқы қолданымның ықпалын көрсетіп, 15-ші ХҚЕС стандартына ауысты және жиынтық әсерді көрсету әдісін (практикалық түрдегі жеңілдіксіз) пайдаланды. Тиісінше 2017 жылға қатысты берілген ақпарат қайта есептелмеген, яғни ол бұрын 18-ші ХБЕС (IAS), 11-ші ХБЕС (IAS) және тиісті түсініктемелерде берілген түрде ұсынылған. Бұдан бөлек 15-ші ХҚЕС (IFRS) ішіндегі ақпаратты мәлім ету талаптары әдетте салыстырмалы ақпаратқа қолданылмайды.

Келесі кестеде 15-ші ХҚЕС (IFRS) стандартына көшудің нәтижесінде 2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдайға сәйкес салықтарды есептемегендегі әсер көрсетілген:

	2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдайға сәйкес 15-ші ХҚЕС (IFRS) стандартын қолданудың әсері	
	Ескертпелер	
Бөлінбеген пайда		
Пайдаланылмаған билеттер	(А)	(40,215)
Билет мәліметтерін өзгерту үшін салынатын айыппұл	(Б)	(21,270)
		(61,485)

ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТУЛЕР ЖАЛҒАСЫ

2018 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл іші
(мың қазақстандық теңгемен)

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕП-ҚИСАПТЫҢ ЖАҢА ЖӘНЕ ҚАЙТА ҚАРАЛҒАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАРЫН ҚАБЫЛДАУ жалғасы

15-ші ХҚЕС (IFRS) стандартын қолдану Компанияның 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған қаржылық нәтижесіне және қаржылық жағдайына материалдық әсер тигізген жоқ.

Төменде есеп саясатының жаңа негізгі ережелері туралы және Компания көрсететін түрлі қызметтерге қатысты алдыңғы есеп жүргізу әдістерінің өзгеріс сипаты туралы ақпарат берілген.

Өзгеріс сипаты	Атқарылатын міндеттерді орындаудың сипаты және мерзімі	Есеп саясатын өзгертудің сипаты
а. Пайдаланылмаған билеттер	<p>15-ші ХҚЕС (IFRS) стандартына сәйкес пайдаланылмаған билеттерден түсетін табысты тану сәті компания сатылған билеттердің бір бөлігі ешқашан пайдаланылмайды деп сеніп-сенбегеніне, яғни пайдаланылмаған билеттерден түсетін танылған түсімнің реверстелу («түзетілу») ықтималдығы жоғары болып-болмағанына байланысты болады.</p> <p>Компания осы түсімді танып-танымау қажеттілігін және мөлшерін бағалау үшін айнымалы өтемді есепке алу талаптарын ескереді. Компания кейін реверстелмеу ықтималдығы жоғары болған пайдаланылмаған билеттерден түсетін табыстың осындай сомасын есептеуі тиіс. Бұл сома сатып алушылардың өз құқықтарын іске асыру болжамы негізінде жолаушылар тасымалынан түсетін табыс ретінде танылады.</p> <p>Әйтпегенде, компания сатып алушының одан қызмет бойынша өз міндеттемелерін орындауды талап ету ықтималдығы екіталай болғанда пайдаланылмаған билеттерден түсетін табысты таниды.</p>	<p>18-ші ХБЕС (IAS) стандартына сәйкес Компания пайдаланылмаған билеттер сатылған кезде олардан түсетін табыстың белгілі бір бөлігін тарихи деректердің негізінде таныған.</p> <p>15-ші ХҚЕС (IFRS) стандартына сәйкес Компания пайдаланылмаған билеттерден түсетін табысты ұшу (келісімшарт міндеттемелерін орындау — тасымалдау қызметтері) күніне дейін тани алмайды. Компания пайдаланылмаған билеттер бойынша сенімді тарихи деректерге ие болғандықтан, 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап пайдаланылмаған билеттерден түсетін табыстың белгілі бір бөлігі ұшу датасында сатып алушының Компаниядан қызмет бойынша өз міндеттемелерін орындауды талап ету ықтималдығының екіталай болған мөлшерде танылады.</p>
ә. Билет мәліметтерін өзгерту үшін салынатын айыппұлдар	<p>Орындау міндеті тұжырымдамасының шеңберінде көптеген әуекомпаниялар билет мәліметтерін өзгертуге алынатын айыппұлдан түсетін табыстың ұшу кезінде танылуы тиіс екеніне келісті. Осылайша қазіргі уақытта бұл қызмет жолаушыларды тасымалдау қызметімен біріктіріліп, бастапқы орындау міндетінен, яғни әуетасымалдан бөліне алмайды (яғни сатып алушы ұшпай, осы қызметтен бөлек пайда алмайды).</p> <p>Билет мәліметтерін өзгерту қызметі ұшу датасына дейін көрсетілетініне қарамастан, сатып алушы осы қызметтен ұшып-қонғанда ғана пайда көреді.</p>	<p>18-ші ХБЕС (IAS) стандартына сәйкес билет мәліметтерін өзгертуге алынатын айыппұлдан түсетін табыс сатып алушы мұндай өзгертуді сұрап, айыппұл төлеген сәтте танылған. 15-ші ХҚЕС (IFRS) стандартының талаптарына сәйкес тиісті табысты тану сәтін өзгертуге қоса тәсілді өзгерту салдарынан да пайда мен шығын туралы есеп құрамында осы түсім басқа табыстардан жолаушылар тасымалынан түсетін табысқа қайта жіктеледі.</p>

Б. «Қаржы құралдары» 9-шы ХҚЕС (IFRS)

9-шы ХҚЕС (IFRS) стандартында қаржылық активтерді, қаржылық міндеттемелерді және қаржылық емес нысандарды сатып алу немесе сату жөніндегі белгілі шарттарды тану және бағалауға қатысты талаптар көрсетілген. Осы стандарт «Қаржы құралдары: тану және бағалау» 39-шы ХБЕС (IAS) стандартын алмастырады.

Күтілген кредиттік шығындарды тануға байланысты 9-шы ХҚЕС (IFRS) стандартын қабылдау бастапқы балансқа тигізетін әсер 98,715 мың теңгені құрайды.

Қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелерді жіктеу және бағалау

9-шы ХҚЕС (IFRS) стандартында қаржылық активтерді жіктеудің үш негізгі санаты қарастырылған: амортизациялық құн бойынша бағаланатыны; басқа жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша бағаланатыны; немесе пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатыны. 9-шы ХҚЕС (IFRS) стандартындағы қаржылық активтердің жіктелімі әдетте аясында қаржылық актив басқарылатын бизнес модельге және ақшалай қаражат ағыны туралы шартта бар қаржылық активке байланысты сипаттамаларға негізделген. 9-шы ХҚЕС (IFRS) 39-шы ХБЕС (IAS) ішінде қаржылық активтердің бар санаттарын, яғни өтеу мерзіміне дейін ұсталатын кредиттер мен дебиторлық берешек және сату үшін қолда бар қаржылық активтердің санаттарын жояды. 9-шы ХҚЕС (IFRS) стандартында қаржылық міндеттемелерді жіктеу мен бағалауға қатысты 39-шы ХБЕС (IAS) стандартының қолданыстағы талаптары едәуір сақталады.

9-шы ХҚЕС (IFRS) стандартына көшу Компанияның қаржылық міндеттемелер мен туынды қаржы құралдарына қатысты есеп саясатына елеулі әсер тигізбеді.

Компанияның барлық қаржылық активтері 39-шы ХБЕС (IAS) стандартына сәйкес қарыздар мен дебиторлық берешек ретінде жіктелді және 2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 9-шы ХҚЕС (IFRS) стандартына сәйкес амортизациялық құн бойынша бағаланады. 9-шы ХҚЕС (IFRS) стандартына көшудің 2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қаржылық активтердің баланстық құнына тигізетін әсері төменде көрсетілгендей құнсыздандудың жаңа талаптарына ғана қатысты:

Қаржылық активтер	39-шы ХБЕС (IAS) стандартына сәйкес бастапқы жіктелім	9-шы ХҚЕС (IFRS) стандартына сәйкес жаңа жіктелім	39-шы ХБЕС (IAS) стандартына сәйкес бастапқы баланстық құн	9-шы ХҚЕС (IFRS) стандартына сәйкес жаңа баланстық құн
Кепілдікті депозиттер	Қарыздар мен дебиторлық берешек	Амортизациялық құн бойынша	18,115,498	18,041,108
Саудалық және өзге дебиторлық берешек	Қарыздар мен дебиторлық берешек	Амортизациялық құн бойынша	9,783,899	9,760,649
Банктердегі депозиттер	Қарыздар мен дебиторлық берешек	Амортизациялық құн бойынша	1,570	1,570
Ақшалай қаражат және оның эквиваленттері	Қарыздар мен дебиторлық берешек	Амортизациялық құн бойынша	49,245,150	49,244,075
Қаржылық активтердің жиыны			77,146,117	77,047,402

Құнсыздану — Қаржылық активтер

9-шы ХҚЕС (IFRS) стандартында 39-шы ХБЕС (IAS) ішінде пайдаланылатын «келтірілген шығындар» моделі «күтілген кредиттік шығындар» моделіне ауыстырылады. Құнсыздандудың жаңа моделі амортизациялық құны бойынша бағаланатын қаржылық активтерге, өзге жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық құнды қағаздарға құйылатын инвестициялар мен келісімшарт бойынша активтерге қолданылады, бірақ үлестік құралдарға құйылатын инвестицияларға қолданылмайды. 9-шы ХҚЕС (IFRS) стандартына сәйкес 39-шы ХБЕС (IAS) стандартына қарағанда кредиттік шығындар ерте танылады.

9-шы ХҚЕС (IFRS) стандартының құнсыздануды бағалау моделін қолдану аясына қатысы бар активтер бойынша әдетте құнсыздану шығыны өсіп, одан да құбылмалы болады деп күтіледі. Компания 2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдайға сәйкес 9-шы ХҚЕС (IFRS) стандартының құнсыздануға қатысы бар талаптарын қолдану нәтижесінде құнсыздану шығыны резервінің келесі қосымша сомалары жатқызылатынын анықтады.

9-шы ХҚЕС (IFRS) стандартына сәйкес 2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдайға сай құнсыздану шығыны бойынша бағалау резерві

Кепілдікті депозиттер	74,390
Саудалық және өзге дебиторлық берешек	23,250
Ақшалай қаражат және оның эквиваленттері	1,075
Жиыны	98,715

Саудалық және өзге дебиторлық берешек

Күтілген кредиттік шығындар қоржынға қарай соңғы екі-алты жылдағы кредиттік шығындардың іс жүзіндегі деректері негізінде есептелген. Компания күтілген кредиттік шығындардың деңгейін кәсіпорындар мен жеке тұлғаларға қатысты бөлек есептеді. Әр санат кредиттік тәуекелге ұшырағыштығы ұқсас компанияларға (мысалы, заңды тұлғалар бойынша сала туралы деректер негізінде) бөлінді.

Дебиторлық берешектің қысқа мерзімді сипатын ескерсек, кредиттік шығындар бойынша іс жүзіндегі тәжірибе тарихи деректерді жинау барысындағы экономикалық жағдайлар мен қазіргі жағдайлар арасындағы айырмашылықтарды ескеріп, сондай ақ дебиторлық берешектің болжалды мерзімі барысындағы экономикалық жағдайларға деген Компанияның көзқарасын ескеріп түзетілмеген.

Компанияның бағаларына сәйкес, 2018 жылғы 1 қаңтардағы құнсыздану бойынша 9-шы ХҚЕС (IFRS) талаптарын қолдану нәтижесінде 39-шы ХБЕС (IAS) стандарттарына сәйкес танылған құнсыздануға қарағанда 23,250 мың теңгеге арту орын алады.

Кепілдікті депозиттер

Кепілдікті депозиттердің көбі Компанияның жалға берушілерінде орналасқан ұзақ мерзімді кепілдікті депозиттермен ұсынылған. Бұл депозиттер бірнеше айдың лизингтік төлемдерін және/немесе Компания дефолт жағдайын жариялағанда ұшақты қайтару алдындағы соңғы жөндеу жұмысының шығынын жабу үшін орналастырылады. Компания жалға берушілердің дефолтын екіталай оқиға деп қарастырғанымен, 9-шы ХҚЕС (IFRS) талаптарына сәйкес күмәнді борыштар бойынша резерв әлі де осы сомаларға есептеледі.

Жалға берушілердің көбі 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдайға сәйкес Standard and Poor's рейтингіне сай AA-BB аралығындағы бағаға ие. Компания күтілген кредиттік шығындарын (ECL) Standard and Poor's компаниясының дефолт матрицасына сай есептеген.

Компанияның бағаларына сәйкес, 2018 жылғы 1 қаңтардағы құнсыздану бойынша 9-шы ХҚЕС (IFRS) талаптарын қолдану нәтижесінде 39-шы ХБЕС (IAS) стандарттарына сәйкес танылған құнсыздануға қарағанда 74,390 мың теңгеге арту орын алады.

ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТУЛЕР ЖАЛҒАСЫ

2018 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл іші
(мың қазақстандық теңгемен)

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕП-ҚИСАПТЫҢ ЖАҢА ЖӘНЕ ҚАЙТА ҚАРАЛҒАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАРЫН ҚАБЫЛДАУ жалғасы

Ақшалай қаражат және оның эквиваленттері

Ақшалай қаражат және оның эквиваленттері 2017 жылғы 31 желтоқсандағы Standard and Poor's рейтингіне сай AA-B аралығындағы бағаға ие банк және қаржы ұйымдарында сақталады.

Ақшалай қаражат және оның эквиваленттерінің бағалық құнсыздануы 12 айдағы күтілген шығындар негізінде есептелген және қысқа мерзімді өтелуді білдіреді. Контрагенттердің сыртқы кредит рейтингтеріне сай, Компания өз ақшалай қаражаты мен оның эквиваленттері төмен кредиттік тәуекелге ие деп санайды.

Ақшалай қаражат және оның эквиваленттерінің ККШ-сын бағалау үшін Компания кепілдікті депозиттердің құнсыздануын бағалауға пайдаланылған тәсілге ұқсас тәсілді қолданды.

Компания 2018 жылғы 1 қаңтардағы 9-шы ХҚЕС (IFRS) бойынша құнсыздануға қатысты талаптарды қолданды, ал бұның нәтижесінде 39-шы ХБЕС (IAS) стандартына сәйкес танылған құнсыздану шығыны 1,075 мың теңгеге өсті.

Көшу

9-шы ХҚЕС (IFRS) қабылдау нәтижесінде пайда болатын есептік саясаттағы өзгерістер төмендегі жағдайлардан басқа кезде ретроспективті түрде қолданылады.

- Компания жіктеу мен бағалаудағы (соның ішінде құнсыздану) өзгерістерге қатысты алдыңғы кезеңдердегі салыстырмалы ақпаратты қайта есептемеу мүмкіндігін беретін босатылу жағдайын пайдаланды. 9-шы ХҚЕС (IFRS) қабылдау нәтижесінде пайда болатын қаржылық міндеттемелер мен қаржылық активтердің баланстық құнындағы айырмалар 2018 жылғы 1 қаңтардағы үлестірілмеген пайдада көрсетілген.
- Компания қаржылық актив есебін жүргізудің бизнес моделін анықтау үшін бастапқы қолданыс күні бар болған фактілер мен жағдайлар негізінде бағалар беруі тиіс.

Жаңа стандарттар және әлі пайдалануға қабылданбаған интерпретациялар

16-шы ХҚЕС (IFRS) стандарты 2019 жылғы 1 қаңтардан кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етіледі. Алайда осы қаржылық есеп-қисапты дайындаған кезде Компания жаңа және өзгертілген стандарттарға мерзімінен бұрын көшкен жоқ.

16-шы ХҚЕС (IFRS) стандарты бастапқы қолданыс кезеңінде Компанияның қаржылық есеп-қисабына айтарлықтай ықпал тигізеді деп күтілуде.

Компания жаңа стандарттың қолданысы қаржылық есеп-қисапқа тигізетін бағалық әсерін төменде сипатталғандай анықтады. 2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдайға сәйкес 16-шы ХҚЕС (IFRS) стандартын қолданудың іс жүзіндегі әсері өзгеруі мүмкін, өйткені есеп саясатының жаңа ережелері Компания бастапқы қолданыс күнін қамтитын өзінің бірінші қаржылық есеп-қисабын дайындау процесін аяқтағанша өзгеріп отыруы мүмкін.

16-шы ХҚЕС (IFRS) стандартына сәйкес жалға алушылардың жалгерлік шарттардың есебін жүргізуінің бірыңғай моделі енгізіледі, осылайша осы шарттар жалға алушы балансында көрініс табады деп ұйғарылған. Осы модельге сәйкес жалға алушы базалық активті пайдалану құқығы болып табылатын пайдалану құқығы түріндегі активті және жалгерлік ақыларды төлеу міндеті болып табылатын жалға алу міндеттемесін тануы тиіс. Қысқа мерзімді жалға және төмен құнды нысандарды жалға алуға қатысты міндетті емес жеңілдіктер қарастырылған. Жалпы алғанда жалға берушілер үшін есеп жүргізу ережелері сақталады, яғни олар жалды қаржылық және операциялық деп жіктеуді жалғастыратын болады.

16-шы ХҚЕС (IFRS) стандарты жалға қатысты қолданыстағы нұсқаулықты, соның ішінде «Жал» 17-ші ХБЕС (IAS) стандартын, «Келісімде жал белгілерінің бар-жоғын анықтау» 4-ші ХҚЕИК (IFRIC) түсіндірмесін, «Операциялық жал— ынталар» 15-ші ИТК (SIC) түсіндірмесін және «Жалдың заңдық формасына ие операциялардың мәнін анықтау» 27-ші ИТК (SIC) түсіндірмесін алмастырады.

(i) Компания жалға алушы болып көрсетілген жалгерлік шарттар

Компания әуе кемелерінің, қойманың және өзге де өндірістік емес активтердің операциялық жалы жөніндегі өз келісімшарттары бойынша жаңа активтер мен міндеттемелерді мойындайды. Бұл келісімшарттарға қатысты танылатын шығындардың сипаты өзгереді, себебі Компания активтер амортизациясының шығындарын пайдалану құқығы түрінде және жал міндеттемелеріне қатысты пайыздық шығындар түрінде көрсетуге тиісті болады.

Бұрын Компания жал мерзімі барысында операциялық жал шығындарын біркелкі көрсеткен және активтер мен міндеттемелерді іс жүзіндегі жал төлемдері мен танылған шығындар арасындағы уақыттық айырмашылығы шамасында ғана таныған.

Компания түрлендірілген ретроспективті тәсілді қолдануды жоспарлап жүр, ал оған сәйкес Компания бұрын күші жойылған стандартты қолданатын операциялық жал ретінде жіктелген жал бойынша бастапқы қолданыс күніндегі жал міндеттемесін таниды. Мұндай жал міндеттемесі Компанияның

алғашқы қолданыс күніне қосымша қарыздық қаражатты тарту мөлшерлемесін пайдаланып дисконтталған, қалған жалгерлік төлемдердің көрсетілген құны бойынша бағаланады. Компания пайдалану құқығы түріндегі активті төмендегі әдістердің біреуін пайдаланып таниды:

- (i) өндірістік активтер жағдайында, пайдалану құқығы түріндегі актив стандарт жалдау күнінен бастап қолданылғандағыдай оның баланстық құны бойынша өлшенеді;
- (ii) по прочим активам, актив в форме права пользования равен обязательству по аренде.

Стандартты қолданудан болатын негізгі өзгерістер:

Компания 16-шы ХҚЕС (IFRS) стандартында белгіленген жаңа жал моделі негізінде әуе кемелерінің, ангардың және өзге де активтердің операциялық жалы жөніндегі келісімшарттарын капиталға айналдырады. Жалдау мерзімі әр келісімшарттың күші жойылмайтын қолданылу мерзіміне сәйкес келеді, себебі Компанияның келісімшарттық мерзімдерді өзгертуге ешбір опционы жоқ. Жал міндеттемесін бағалауға пайдаланылған дисконттау мөлшерлемесі әр келісімшарт бойынша стандарт мақсаттары үшін банктердің индикативтік ұсыныстарына негізделген компанияның қарыз мөлшерлемесіне сәйкес келеді.

Компания 16-шы ХҚЕС (IFRS) стандартында ұсынылған, жал мерзімі бастапқы қолданыс күнінен бастап 12 ай ішінде аяқталатын жалгерлік келісімшарттарға қатысты жалға алушыларға жаңа есеп моделін қолданбауға мүмкіндік беретін практикалық жеңілдікті қолданады. Сонымен қатар, Компания қысқа мерзімді жалды баланста танымауға мүмкіндік беретін тағы да бір практикалық жеңілдікті қолдану ниеті бар.

16-шы ХҚЕС қолданудың бағалық әсері:

	16-шы ХҚЕС қолданудың әсері	16 ХҚЕС қолданудың әсері	2019 жылғы 1 қаңтардағы түзетілген баланс
Негізгі құралдар	97,973,689	63,393,000	161,366,689
Жал міндеттемелері (соның ішінде қаржылық жал)	108,162,674	74,919,000	183,081,674
Бөлінбеген пайда	47,872,280	(8,836,600)	39,035,680
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	6,322,011	2,689,400	4,093,651

2019 жылдың 1 қаңтарындағы пайдалану құқығына қатысты түзетілген активтер қалдығы 140,028,221 мың теңгені, соның ішінде қазіргі кезде танылған қаржылық жалдағы әуе кемелерінің 76,353,987 мың теңгесін құрайды.

Компания әлі де әуе кемелерінің кей жалгерлік келісімшарттарындағы әуе кемелерін жөндеу бойынша келісімшарттық міндеттемелерге 16-шы ХҚЕС (IFRS) стандартының ықпалын бағалайды.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ

Сәйкестік туралы мәлімдеме

Бұл қаржылық есеп-қисап Халықаралық қаржылық есеп-қисап стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес әзірленген.

Ол — «Клиенттермен жасалған келісімшарттардың түсімі» 15-ші ХҚЕС және «Қаржы құралдары» 9-шы ХҚЕС стандарттары алғаш рет қолданылған бірінші қаржылық есеп-қисап. Есеп саясатының негізгі қағидаттарындағы өзгерістер 2-ескертпеде сипатталған.

Қаржылық есеп-қисапты әзірлеу қағидаттары

Осы қаржылық есеп-қисап төменде сипатталғандай әділ құны бойынша есептелетін кей қаржы құралдарын қоспағанда тарихи құны бойынша есептеу қағидаттарына сәйкес әзірленген. Тарихи құны әдетте сатып алу күніндегі активтердің орнына берілген сыйақының әділ құнына сай белгіленеді.

Компания өзге жиынтық табысты пайда немесе шығын туралы есептен бөлек ашып көрсетеді.

Төменде көрсетілген есеп саясатының негізгі ережелері осы қаржылық есеп-қисапта берілген барлық мерзімдерге жүйелі түрде қолданылған.

Функциялық валюта және қаржылық есеп-қисапты беру валютасы

Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы — теңге, ол Компанияның тиісті операцияларының, оқиғаларының және жағдайларының экономикалық болмысын білдіргендіктен және Компания операциялар жүргізген экономикалық ортада негізгі функциялық валютасы болғандықтан 2017 жылғы 31 желтоқсанға дейін Компанияның функциялық валютасы болды.

ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТУЛЕР ЖАЛҒАСЫ

2018 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл іші
(мың қазақстандық теңгемен)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ жалғасы

Функциялық валюта және қаржылық есеп-қисапты беру валютасы жалғасы

2017 жылы басшылық Компанияның халықаралық тасымал операцияларының артып келе жатқанына ерекше көңіл бөліп, Компанияның функциялық валютасын белгілейтін индикаторларды қайта бағалады. Басшылық операциялардың көбіне АҚШ доллары немесе басқа шетелдік валюталар әсер ететінін байқады. Сондықтан 2017 жылғы 31 желтоқсаннан бастап (Халықаралық қаржылық есеп-қисап стандарттарына сәйкес есептердің мақсаттары бойынша көшу күні) Компанияның функциялық валютасы АҚШ доллары болады деп шешті.

АҚШ доллары Компания операцияларында әжептәуір пайдаланылады немесе сол операцияларға, оның табысына және операциялық шығындарға, соның ішінде ұшақтар жалына әжептәуір әсер тигізеді. Одан бөлек, ұшақтарды қаржыландыру міндеттемесі бар ұшақтарды сатып алу жағдайы баланста АҚШ долларымен көрсетіледі. Жоғарыда аталған жағдай Компанияға қатысы бар базалық операциялардың, оқиғалар мен жағдайлардың экономикалық болмысын көрсетеді. Сондықтан көшу күнінен бастап Компания функциялық валюта ретінде АҚШ долларын пайдаланып жүр. Функциялық валютадан басқа барлық валюта шетелдік болып саналады.

Акционерлер талап еткенде, Компания АҚШ доллары мен Қазақстан теңгесі валюталарымен ұсынылған қаржылық есеп-қисаптың екі жиынтығын дайындайды, себебі акционерлер екі валюта да Компанияның қаржылық есеп-қисап пайдаланушыларына пайдалы деп санайды. Осы қаржылық есеп-қисап теңге түрінде ұсынылған. Теңге түрінде ұсынылған барлық қаржылық ақпарат жуық мыңға дөңгелектелген.

Қаржылық есеп-қисапты дайындаған кезде функциялық валютадан басқа валютада («шетелдік валюталар») көрсетілген мәмілелер мәміле күніндегі айырбастау бағамы бойынша көрсетіледі. Шетелдік валютамен көрсетілген ақша баптары есеп-қисап жасалған күндегі тиісті валюталық бағам бойынша есептеледі. Шетелдік валютада көрсетілген әділ құны бойынша есептелетін ақшасыз баптар әділ құн белгіленген күнінде қолданылған айырбастау бағамдары бойынша қайта есептелуі тиіс. Шетелдік валюта түрінде тарихи құны бойынша көрсетілген ақшасыз баптар қайта есептелмейді.

Компанияның қаржылық нәтижелері мен қаржылық жағдайы ұсыну валютасына келесі процедуралармен аударылады:

- а) активтер мен міндеттемелер есеп күніндегі бағам бойынша қайта есептелген;
- б) шығыстар мен кірістер, сондай-ақ есептік кезең бойынша қаражат қозғалысы 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдың орташа айырбастау бағамы бойынша аударылған;
- в) пайда болған барлық бағамдық айырмалар өзге жиынтық табыс құрамында шетелдік валютаны қайта есептеу резерві болып танылды.

Кірістер

Жолаушыларды тасымалдаудан түскен кірістер

Сатылған билеттер тасымалдау қызметі көрсетілгенде кіріс болып танылады. Сатылған, бірақ пайдаланылмаған ұшақ билетінің құны Компанияның қаржылық жағдайы жөніндегі есепте болашақ кірістер ретінде көрсетілген. Қаржылық жағдай жөніндегі есептің осы жолы жолаушылардың тасымалдануына қарай немесе жолаушы билетін қайтарғанда азаяды. Компания өткен жылдардың тарихи деректері негізінде пайдаланылмайтын немесе қайтарылмайтын сатылған билеттердің пайызына қатысты жолаушыларды тасымалдаудан түскен кірістерді таниды.

Компания саудасын билет сататын делдал ретінде әрекет ететін агенттер арқылы жүргізеді. Орта есеппен алғанда, дебиторлық берешек пайда болған сәттен бастап бір ай ішінде өтеледі. Ұшақ билеттерінің қысқа мерзімді сипатына байланысты Компания саудасының елеулі компоненттері жоқ.

Жолаушыларды тасымалдаудан түскен кірістерге басқа әуекомпаниялармен жасалған «code-share» келісімшарттары бойынша түскен кірістер кіреді. Бұл келісімшарттарға сәйкес Компания осы әуекомпаниялардың рейстеріне орындар сатады және бұл әуекомпаниялар да Компания рейстеріне орындар сатады. Басқа әуекомпаниялардың рейстеріне орын сатудан түскен кірістер Компанияның пайда мен шығын құрамында нетто болып көрсетіледі, өйткені Компания осындай түрдегі келісімшарттарда агент рөлін атқарады. Компания рейстеріне басқа әуекомпаниялар сатқан билеттерден түскен кірістер жолаушылар тасымалынан түскен кірістер құрамындағы пайда немесе шығын ішінде көрсетіледі.

Алымдар мен салықтар сияқты әуежай қызметтерінен түскен түсім оған қатысты болған шығындардан бөлек көрсетіледі. Компания операция көлемі негізінде бағалайтын іс жүзіндегі әуежайлық шығындардағы өзгерістерге Компанияның ұшырауы осы презентацияны түсіндіреді. Осылайша Компания агент ретінде емес, принципал ретінде әрекет етеді.

Жүк тасымалынан түскен кірістер

Жүк тасымалынан түскен Компанияның кірістері тасымалдау қызметтерін көрсету бойынша міндеттемелер орындалғанға қарай кіріс болып танылады. Сатылған, бірақ көрсетілмеген жүк тасымалдау қызметі болашақ кірістер болып көрсетіледі.

Клиенттер бейілділігі бағдарламасы

«Nomad Club» бағдарламасы бойынша қосымша ұпай алуды қарастыратын билет саудасы бір билетке енгізілген, орындалуға тиісті екі бөлек міндеттеме ретінде есептеледі. Мәміле бағасы тасымалдау қызметі мен ұпайлар арасында жеке-дара бағаларына сәйкес бөлінеді. Сатылған ұпайлар бойынша мәміле бағасы бастапқы сату сәтінде кіріс ретінде танылмай, болашақтағы кіріс болып көрсетіледі және Компанияның орындау міндеттемелері толық орындалып, осы сый талап етілгенде түсім ретінде танылады.

Туристік агенттіктердің комиссиялары

Жолаушыны тасымалдау қызметі көрсетілгенде, туристік агенттіктер сатқан ұшақ билеттерінің комиссиялары шығын болып танылады.

Резервтеу комиссиялары

Резервтеу комиссиялары ақы төленген сәтте шығындар болып танылады, себебі айтпегенде Компания танитын активтердің амортизация кезеңі бір жылдан кем.

Сегментті есеп-қисап

Операциялық шешімдерді қабылдау үшін ұсынылатын қаржылық ақпаратқа сәйкес, «Эйр Астана» бір операциялық сегмент ретінде басқарылады. Операциялық сегмент жөніндегі есептер операциялық шешім қабылдауға жауапты Компания жетекшісіне ұсынылып ішкі есеп-қисапқа сәйкес әзірленеді. Бүкіл желі бойынша ресурстарды үлестіру шешімдері Компанияның қаржы нәтижесін оңтайландыру үшін қабылданады.

Кіріс рейстің межелі жеріне сай болатын сегменттерге жатқызылған.

Жал

Жал талаптарына сәйкес активтерге ие болуға байланысты елеулі қауіптер мен пайдалар жалға алушыға табысталған жағдайда, жал қаржылық жал болып жіктеледі. Жалдың өзге барлық түрлері операциялық жал болып жіктеледі.

Жалға алушы ретіндегі Компания

Қаржылық жал келісімшарттарына сәйкес жалға алынған активтер бастапқыда жал мерзімінің басындағы жалға алынған мүліктің әділ құны арасындағы ең төменгісі және минималды жал төлемдерінің дисконтталған құны бойынша есептеледі. Жалға беруші алдындағы тиісті міндеттемелер қаржылық жағдай туралы есепте қаржылық жал міндеттемелері ретінде көрсетіледі. Жал ақысының сомасы қаржы шығындары мен жал міндеттемелерін азайту арасында міндеттеменің қалдығы бойынша тұрақты пайыздық мөлшерлеме алынатындай етіп үлестіріледі. Жіктелетін активтерге тікелей қатысы жоқ болса, қаржылық шығыстар пайда немесе шығын туралы есепте көрсетіледі. Соңғы жағдайда, олар қарыздар бойынша шығындарға қатысты Компанияның жалпы саясатына сәйкес капиталға айналады.

Кейінгі жалгерлік ақылар орын алған кезеңдегі шығындар болып танылады. Басқа жүйелік базада жалға алынған активтен экономикалық пайда табудың одан дұрыс көрінісі берілген жағдайлардан басқа кезде, операциялық жал төлемдері тиісті жал мерзімі ішінде тікелей әдіс бойынша шығындар болып танылады. Әуе кемелерінің жалы әжептәуір тұрақты және ауыспалы жалгерлік төлемдерді қамтиды, олар ұшып өткен сағаттар мен циклдерге қарай өзгеріп отырады және орын алған кезеңіндегі шығындар болып танылады. Кейінгі жалгерлік төлемдер орын алғанына қарай кезеңдегі шығындар болып танылады. Кей жалгерлік төлемдер (белгілі талаптар сақталғанда) әуе кемелерін қайтару бойынша орындалмаған кез келген міндеттемені өтеу үшін лизинг берушіге қамтым ретінде алынған аккредитивтермен өтеледі. Операциялық жал келісімшартына отырғанда сыйақы алынған жағдайда, мұндай сыйақылар міндеттемелер болып танылады. Басқа жүйелік базада жалға алынған активтен экономикалық пайда табудың одан да дұрыс көрінісі берілген жағдайлардан басқа кезде, мұндай сыйақылардың сомалық пайдасы тікелей әдіс бойынша жал шығындарының азаюы болып танылады.

ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТУЛЕР ЖАЛҒАСЫ

2018 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл іші
(мың қазақстандық теңгемен)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ жалғасы

Кепілдікті депозиттер

Әуе кемелерін жалға алудың кепілдікті депозиттері операциялық жал бойынша жасалған келісімшарттардың талаптарына сәйкес әуе кемелерінің жалға берушілеріне төлеген сомалар болып табылады. Осы депозиттер жал мерзімі аяқталғаннан кейін Компанияға қайтарылады. Операциялық жал келісімшарттары бойынша кепілдікті депозиттер қаржылық жағдай жөніндегі есепте активтер ретінде көрсетілген. Бұл депозиттердің сыйақысы жоқ және 2,25 % жылдық көрсеткішті құрайтын орташа нарықтық табыстылық деңгейіндегі (2017 ж.: 2,25 %) амортизациялық құн бойынша көрсетілген. Депозит бастапқыда танылғанда, Компания дисконт пен мерзімі ұзартылған активті (қосымша жалгерлік төлем) бірге таниды. Дисконт тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалану арқылы жал мерзімі ішінде амортизацияланады, ал мерзімі ұзартылған актив депозит мерзімі ішінде тең сомалармен амортизацияланады.

Шетелдік валюталармен орындалатын операциялар

Қаржылық есеп-қисапты әзірлеу барысында Компанияның функциялық валютасынан басқа валютада (шетелдік валюта) орындалатын операциялар сол операциялар іске асырылған күндері қолданылған айырбастау бағамдарына сәйкес есептеледі. Әр есептік кезеңнің аяғында шетелдік валюта түрінде берілген ақша баптары осы күні қолданылатын бағамдарға сай қайта есептеледі. Шетелдік валютада көрсетілген әділ құны бойынша есептелетін ақшасыз баптар әділ құны анықталған күні қолданылған бағамдарға сай аударылады. Шетелдік валютадағы тарихи құнмен бағаланатын ақшасыз баптар аударылмайды.

Келесі кестеде 2018 жылғы 31 желтоқсан мен 2017 жылғы 31 желтоқсандағы АҚШ долларының айырбастау бағамдары туралы ақпарат берілген:

	Орташа бағам		Есептік күндегі «спот» айырбастау бағамы	
	2018 ж.	2017 ж.	2018 жылдың 31 желтоқсан	2017 жылдың 31 желтоқсан
1000 теңге	2.90	3.06	2.60	3.00
Еуро (еуро)	1.18	1.12	1.14	1.19
Ағылшын фунт стерлингі (фунт)	1.33	1.28	1.27	1.35

Төменде 31 желтоқсан және осы күнге аяқталған жылдар бойынша теңгенің айырбастау бағамдары көрсетілген:

	Орташа бағам		Есептік күндегі «спот» айырбастау бағамы	
	2018 ж.	2017 ж.	2018 жылдың 31 желтоқсан	2017 жылдың 31 желтоқсан
АҚШ доллары (АҚШ долл.)	344.71	326.00	384.20	332.33
Еуро (еуро)	406.66	368.52	439.37	398.23
Ағылшын фунт стерлингі (фунт)	459.49	420.12	488.13	448.61

Қаржылық кірістер мен шығыстар

Қаржылық кірістер банк депозиттерінен түскен сыйақылар мен пайда мен шығын арқылы қаржы құралдарынан түскен пайдадан тұрады

Компанияның экономикалық пайдаға қол жеткізу ықтималдығы жоғары болса және кіріс көлемін нақты анықтау мүмкін болса, қаржылық активтер бойынша пайыздық кірістер танылады. Пайыздық кірістер қаржылық активтің (пайызды есептемегенде) баланстық құнынан және тиімді пайыздық мөлшерлемеден есептеледі, ал ол танылу сәтінде осы активтің баланстық құнына дейін қаржылық активті өтегенге дейін күтілген болашақ ақшалай кірістердің дисконтталуын қамтамасыз ету үшін есептеледі.

Қаржылық шығыстар сыйақы шығындарынан, банк комиссияларынан, пайда мен шығын арқылы қаржы құралдарынан туындаған шығындардан құралған. Жоспарлы пайдалану мен сатуға дейін дайындығы үшін біршама уақыт қажет болатын активтерді сатып алуға, құруға немесе жасауға тікелей байланысты болған қарыздар бойынша шығындар жоспарлы пайдалануға немесе сатуға дайын болғанша сондай активтердің құнына енгізіледі. Қарыздар бойынша өзге барлық шығындар пайда болуына қарай пайда мен шығындарда көрсетіледі.

Белгілі қарыздар бойынша олардың жіктелген активтер құрамында танылуына дейін уақытша ақша құюдан алынған инвестициялық кіріс капиталға айналдыратын қарыз қаражатынан шегеріледі.

Қызметкерлердің сыйақылары

Қызметкерлердің қысқа мерзімді сыйақылары бойынша міндеттемелер тиісті қызмет көрсетілген кезеңде пайда немесе шығын құрамындағы шығындар болып танылады.

Қызметкер жұмысы нәтижесінде Компанияның мұндай сыйақыны төлеу бойынша қазіргі заңды міндеттемесі бар болса және осы сыйақы мөлшерін жеткілікті нақтылықпен бағалау мүмкін болса, резерв қысқа мерзімді бонустар мен Компания пайдасының бонустары бойынша күтілген төленетін сыйақы мөлшеріне сай жасалады.

Табыс салығы

Табыс салығы бойынша шығын қазіргі және кейінге қалдырылған салықтардан тұрады. Қазіргі табыс салығы есептік жылдың салық салынатын пайдасына негізделген. Салық салынатын пайда пайда мен шығындарда көрсетілген таза пайдадан өзгеше болады, себебі соңғысы басқа жылдарда салық салынуға мен шегерілуге тиісті кірістер мен шығындарды қамтиды, сондай-ақ таза пайдаға салық салынбайтын немесе шегерілмейтін баптар кіреді. Қазіргі табыс салығы бойынша Компанияның міндеттемесі есептік күні қолданылатын немесе көбінесе қолданылатын салық мөлшерлемесін пайдаланып, бір жыл бойынша салық салынатын кірістен төленетін күтілген салық болып табылады.

Кейінге қалдырылған салық қаржылық есеп-қисапта көрсетілген активтер мен міндеттемелердің баланстық құны арасындағы уақыттық айырмаларға және салық салынатын кірісті есептегенде пайдаланылатын салық есебінің тиісті деректеріне қатысты танылады. Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері әдетте салық салынатын барлық уақыттық айырмаларды есепке алып көрсетіледі. Осы уақыттық айырмаларды пайдалануға жеткілікті салық салынатын кірісті болашақта алудың ықтималдылығы жоғары болған жағдайда, кейінге қалдырылған салық активтері шегерілетін барлық уақыттық айырмаларды ескеріп көрсетіледі. Уақыттық айырмалар салық салынатын және бухгалтерлік кіріске әсер тигізбейтін мәмілелер шеңберінде пайда болса, салық активтері мен міндеттемелері қаржылық есеп-қисапта көрсетілмейді.

Кейінге қалдырылған салық активтерінің баланстық құны әр есептік кезеңнің аяғында қайта қаралып, осы активтерді толық немесе бөліп пайдалануға жеткілікті болатын салық салынатын кірісті болашақта алу ықтималдылығы енді жоғары болмаса төмендетіледі.

Кейінге қалдырылған салық активтері және міндеттемелері есептік күнде қолданылған салық мөлшерлемелеріне (салық заңына) сай актив іске асырылатын немесе міндеттеме өтелетін есептік кезеңіне қолданылатын салық мөлшерлемелері бойынша өлшенеді. Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелер есебінде Компания есептік күні тиісінше өз салық активтерін немесе міндеттемелерін өтейді немесе іске асырады деп күтуі нәтижесінде туатын салық салдар көрсетілген.

Қазіргі салық активтерін бар болған қазіргі салық міндеттемелерін өтеу есебіне жатқызудың заңға сәйкес дәлелді құқық бар болғанда және олар бір салық органы есептеген табыс салығына жатқанда және Компания өз салық міндеттемелері мен активтерін нетто негізде есепке алуға ниеттенгенде, кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері өзара есепке алынады.

Қазіргі және кейінге қалдырылған салықтар өзге жиынтық табыс немесе капитал құрамына тікелей жатқызылатын баптарға жатқызылатын жағдайлардан басқа кезде, олар пайда мен шығындарда танылады. Бұл жағдайда қазіргі және кейінге қалдырылған салықтар тиісінше өзге жиынтық табыста немесе тікелей капиталда да танылады.

Негізгі құралдар

Қызметтерді көрсету және әкімшілік мұқтаждықтар үшін пайдаланылатын негізгі құралдар жиналған тозу мен құнсыздану залалдары шегерілген күйде Компанияның өзіндік құн бойынша қаржылық жағдайы жөніндегі есепте көрсетілген.

Әуе кемелері мен құрылыс сатысындағы басқа елеулі активтерді сатып алу есебіне жасалған алғы төлемдерге қатысты пайыздар капиталға айналдырылып, осы актив құнына қосылады.

Активтің пайдалы қолдану мерзімін ұзартатын немесе оның құнын өсіретін, сосын капиталға айналдырылатын бағдарламаларды (мысалы, әуе кемесі мен қозғалтқыштың техникалық қызметі) есептемегенде, техникалық қызмет шығындары олар орын алған кезең ішіндегі шығындар болып есептеледі.

ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТУЛЕР ЖАЛҒАСЫ

2018 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл іші
(мың қазақстандық теңгемен)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ жалғасы

Негізгі құралдар жалғасы

Әуе кемелері

Әуе кемелерінің сатылу бағасы АҚШ доллары түрінде беріледі.

Әуе кемелері 25 жылдық орташа пайдалы қолданыс мерзімі есебімен тікелей есептен шығару әдісімен жойылу құнынсыз амортизацияланады. Операциялық цикл ішінде Компания амортизацияланатын құнды немесе пайдалы қызмет мерзімін қайта қарау қажеттілігін талдап, қажет болса, жойылу құнын бағалау қажеттілігін белгілейді.

Барлық әуе кемелердің фюзеляжі мен қозғалтқыштарына жасалатын жөндеу жұмыстары капиталға айналдырылған құнды актив компоненттері ретінде есептеледі және сатып алу және келесі күрделі жөндеу жұмысы аралығындағы кезең ішінде амортизацияланады.

Күрделі жөндеу бойынша шығындар, соның ішінде қосалқы бөлшектер мен еңбек күшіне жұмсалатын шығын ұшу сағаттары мен циклдері негізіндегі күрделі жөндеу жұмыстарының аралығындағы орташа күтілген мерзім ішінде капиталға айналдырылып, амортизацияланады.

Басқа барлық қосалқы бөлшектер мен әуе кемесінің техникалық қызметіне жататын басқа шығындар қолданылған немесе орын алған сайын пайда не шығын ішінде танылады.

Айналатын қосалқы бөлшектер

Айналатын қосалқы бөлшектер негізгі құралдар құрамына енгізілген.

Мүлік, машиналар және жабдық объектісін пайдаланудан болашақта болатын экономикалық пайданы Компания алады деген ықтималдылық болып, оның құнын сенімді түрде белгілеу мүмкін болса, объект компонентін ауыстыруға байланысты шығындар осы компоненттің баланстық құны бойынша есептеледі. Техникалық қызмет пен жөндеуге жұмсалатын қазіргі барлық шығындар орын алған сайын табыстар немесе шығындар құрамына енгізіледі.

Өзге негізгі құралдар

Құнның құрамына активті сатып алуға тікелей жататын шығындар кіреді. Компанияның өз күшімен құрылған активтердің құны материалдардың құнын, еңбек шығындарын және негізгі құралды жұмыс күйіне келтіруге тікелей қатысы бар басқа барлық шығындарды және негізгі құралдарды қирату мен көшіру және олар орналасқан жерді қалпына келтіру құнын қамтиды. Тиісті жабдықтың функцияларын орындаудың ажырамас бөлігі болып табылатын сатып алынған бағдарламалық құрал осы жабдықтың бір бөлігі ретінде капиталға айналдырылады.

Тозу

Негізгі құралдар объектілерінің тозуы осы объектілердің пайдалы қызмет ету мерзімі бойы біркелкі есептен шығару әдісімен есептеледі және табыстар немесе шығыстар құрамында көрсетіледі.

Төменде осы және салыстырмалы кезеңдер бойынша негізгі құралдардың пайдалы қызмет ету мерзімдері берілген:

➤ Үйлер мен ғимараттар	14-50 жыл
➤ Әуе кемесі (бөлек актив компоненттерінен басқа)	25 жыл
➤ Айналатын қосалқы бөлшектер	3-10 жыл
➤ Кеңсе жабдығы және жиһазы	4-7 жыл
➤ Көлік құралдары	7-9 жыл
➤ Басқасы	5-10 жыл

Амортизация негізгі құралдардың (жер телімдерін, аяқталмаған құрылыс объектілерін және әуе кемесі активінің бөлек компоненттерін қоспағанда) құнын жойылу құнын шегеріп, пайдалы қолданыстың күтілген мерзімі ішінде біркелкі есептен шығару үшін есептеледі. Әуе кемесі активінің бөлек компоненттері ұшу сағаттарына және циклдері негізіндегі күрделі жөндеу жұмыстарының аралығындағы орташа күтілетін пайдалы қолданыс мерзімі ішінде амортизацияланады.

Пайдалы қолданыстың күтілген мерзімдері, баланстық құн және амортизацияны есептеу әдісі әр есептік кезеңнің соңында талданады, бұл ретте бағалардағы барлық өзгерістер есеп-қисапта салыстырмалы көрсеткіштерді қайта қарамастан көрсетіледі.

Негізгі құралдардың объектісі актив шығарылған жағдайда немесе оны әрі қарай пайдаланудан экономикалық пайда түспейді деп күтілген жағдайда есептен шығарылады. Негізгі құралдардың объектілерін сатудан немесе өзгеше шығарлуынан түскен табыс немесе келген шығын осы объектілердің сату бағасы мен баланстық құны арасындағы айырма ретінде белгіленеді және табыстар немесе шығындар ішінде танылады.

Материалдық емес активтер

Жинақталған амортизацияны және құнсыздану шығынын есептемегенде, материалдық емес активтер өзіндік құн бойынша көрсетілген.

Амортизация материалдық емес активтердің пайдалы қызмет мерзімінің ішінде біркелкі есептен шығару әдісінің негізінде есептеледі. Активтердің пайдалы қызмет мерзімдері есептік кезеңнің соңында қайта қаралады және бағалардағы барлық өзгерістердің әсерін болашақта танылады. Осы және салыстырмалы кезең бойынша бағдарламалық құралдың пайдалы қызмет мерзімдері 7 және 10 жыл аралығын құрайды.

Материалдық және материалдық емес активтердің құнсыздануы

Әр есептік күні Компания өз активтерінің қазіргі құнын қайта қарастырып, активтердің құнсыздану белгілерінің бар-жоғын анықтайды. Мұндай белгілер пайда болған жағдайда, (анықталған болса) құнсыздану залалын есептеу үшін бұл активтің өтеу құны анықталады. Жеке активтің өтеу құнын анықтау мүмкін болмаған жағдайда, Компания актив тиесілі болған бірліктің ақша ағындарын шығаратын өтем құнын анықтайды. Осылайша дәлелді және қисынды түрде салыстыру мүмкін болғанда, Компания корпоративтік активтердің кез келген шығарушы бірлікке тиесілі болуын анықтайды, әйтпесе, мұндай активтер ең төменгі құнмен сенімді түрде анықталуы мүмкін шығарушы бірліктердің ең аз тобына жатқызылады.

Өтелетін құн — сатуға жұмсалатын шығындарды және пайдалану құнын шегергендегі әділ құн ішіндегі ең үлкен құн. Пайдалану құнын бағалаған кезде, болашақ ақша ағындары ақшаның уақытша құнының қазіргі нарықтық бағаларын және ақшалай қаражаттың болашақ ағындары бағаларының түзетуіне негіз болмаған активке тән тәуекелдерді көрсететін, салықтар шегерілгенге дейін дисконт мөлшерлемесі көмегімен қазіргі құнына дейін дисконтталады.

Активтің (немесе шығарушы бірліктің) өтелетін құны активтің қазіргі құнынан кем бағаланатын болса, онда активтің (немесе шығарушы бірліктің) қазіргі құны өтелетін құнға дейін азайтылады. Тиісті актив қайта бағаланып қойған жағдайдан (мұндай жағдайда құнсыздану шығыны қайта бағалау резервін азайту жолымен есептеледі) басқа кезде, құнсыздану шығыны табыстар немесе шығындар құрамында көрсетіледі.

Құнсыздану шығыны кейін қалыпқа келтірілген жағдайда, активтің (немесе шығарушы бірліктің) қазіргі құны өтелетін құнның қайта қаралған мөлшеріне дейін арттырылады, бірақ алдыңғы кезеңдерде активтің (немесе шығарушы бірліктің) құнсыздануы болмағанда орын алуы мүмкін болған қазіргі құнның мөлшерінен аса алмайды. Құнсыздану шығынының қалыпқа келуі табыс немесе шығын құрамында көрсетіледі.

Шартты міндеттемелер және шартты активтер

Шартты міндеттемелер қаржылық есеп-қисапта танылмайды. Олар экономикалық пайданы қамтитын ресурстардың кетуі айқын және көз жетерлік болған жағдайлардан басқа кезде қаржылық есеп-қисап ескертпелерінде ашылып көрсетіледі.

Шартты активтер де қаржылық есеп-қисапта көрсетілмейді. Экономикалық пайдалардың келуі ықтимал болған кезде, олар қаржылық есеп-қисап ескертпелерінде ашылып көрсетіледі.

Тауарлық-материалдық қорлар

Тауарлық-материалдық қорлар сатып алудың іс жүзіндегі құны мен ықтимал сатудың таза бағасы арасындағы ең азы бойынша көрсетіледі. Тауарлық-материалдық қорларды есептен шығарудың өзіндік құны ФИФО әдісі бойынша анықталады, бұған жанармай және мұздың қатуымен күресетін сұйықтық кірмейді, себебі олардың есептен шығарылуы құны орташа өлшенген құн әдісімен анықталады. Жанармай және мұздың қатуымен күресетін сұйықтық іс жүзінде пайдаланылған сайын есептен шығарылады. Ықтимал сатудың таза бағасы жөнге келтіруге жұмсалатын барлық болжалды шығындар мен сатуға жұмсалатын шығыстарды шегеріп тастағандағы қорлардың есептелген сату бағасын білдіреді.

Кеден баждары, тасымал, брокерлік қызметтер, т.с.с. материалдарды сатып алған кезде орын алатын үстеме шығыстар материалдардың жеке-дара есептеріне әсер етіп, тиісті материалдар пайдаланылған сайын есептен шығарылады.

Резервтер

Өткен оқиғаның нәтижесінде Компанияның (заңдық немесе келісімшарттық) міндеттемесі болғанда және Компания осындай міндеттемені өтеуге міндетті болады деген ықтималдылық жоғары болғанда, ал осындай міндеттеменің мөлшерін сенімді түрде бағалауға болғанда, резервтер қаржылық жағдай жөніндегі есепте танылады.

Резерв болып танылатын сома осы жағдайдан туындайтын барлық тәуекелдер мен тұрлаусыздықтарды назарға алғанда есептік күні бар болған міндеттемелерді өтеу бойынша ең жақсы баға болып табылады. Резервтер міндеттемелерді өтеуге қажетті ақшалай ағындардың көмегімен бағаланған жағдайда, олардың баланстық құны осындай ақшалай ағындардың қазіргі құны болып табылады.

Міндеттемелерді өтеуге қажетті экономикалық игіліктердің бір бөлігі немесе барлығын үшінші тұлға өтейтін жағдайда, Компания дебиторлық берешекті өтем алынады деген ықтималдылық әжептәуір жоғары болғанда және өтемнің мөлшерін жеткілікті түрде дәл анықтау мүмкін болғанда актив ретінде таниды.

Операциялық жал аясында алынған, әуе кемелерінің техникалық қызметі бойынша резерв

Компания жасаған операциялық жал жөніндегі келісімшарттардың талаптарына және авиациялық қауіпсіздік жөніндегі заңнамалық талаптарға сәйкес, Компания әуе кемелеріне жүйелі техникалық қызмет көрсетуге міндетті. Операциялық жал жөніндегі келісімшарттарда әуе кемелерін жал мерзімі аяқталғанда лизинг берушіге қанағаттанарлық күйде қайтару талап етіледі, ал бұл қайтарудың алдында белгілі рәсімдерді орындауды талап етуі мүмкін. Компанияның әуе кемелеріне жүйелі түрде техникалық қызмет көрсету бағдарламасы әуе кемесін қайтару кезінде шығыстардың туындау жағдайларын азайтуға арналған. Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетудің негізгі түрлері әуе кемесінің корпусына (С-чек, D-чек бағдарламалары және қайтаруға дейінгі дайындық деп те аталады) және қозғалтқышына қатысты болады. С-чек дегеніміз — бекітілген уақыт аралығында көрсетілетін егжей-тегжейлі техникалық қызмет. Әуе кемесінің түріне қарай С-чек 6 000-7 500 ұшу сағаты сайын немесе 3 000-5 000 ұшу циклі және 18-24 ай сайын (екеуінің ерте орын алғаны) жүргізіледі.

D-чек (4С, 6YR, 12YR) дегеніміз — әуе кемесін бөлшектеуге, конструкциясын тексеруге және антикоррозиялық бағдарламаға қатысты егжей-тегжейлі техникалық қызмет. D-чек әуе кемесінің түріне қарай 72 ай сайын жүргізіледі. Қозғалтқышты жөндеу жұмыстары ұшу сағаттарының немесе циклдерінің белгіленген саны өткеннен кейін жүргізіледі. Операциялық лизингтің кей келісімшарттары Компания жалға берушісі қозғалтқыштың жөндеу жұмыстарынан кейін өтеуге тиісті жалгерлік төлемнің ауыспалы құрамдас бөлігін қамтиды.

ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТУЛЕР ЖАЛҒАСЫ

2018 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл іші
(мың қазақстандық теңгемен)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ жалғасы

Резервтер жалғасы

Жалдың ауыспалы құрамдас бөлігі бойынша шығыстар орын алған кездегі табыстар немесе шығыстар құрамындағы шығыстар ретінде танылады. Басқа операциялық лизинг келісімшарттары жағдайында, жалгерлік төлемнің ауыспалы құрамдастарын (белгілі жағдайлар орындалғанда) әуе кемелерін қайтару бойынша орындалмаған барлық міндеттемелерді жабу үшін қамтым ретінде алынған аккредитивтер жабады және жалдың ауыспалы бөлігінің тиісті сомалары резервтердің құрамына қосылған. С-чек жөндеуі бойынша резервтер Компания басшылығының бағаларына сай болашақ жөндеу жұмыстарының шығындары құрамында көрсетіледі және тұрақты түрде есептеледі. Қозғалтқышты жөндеу бойынша резервтер жалға беруші өтейтін сомадан жөндеу жұмыстарына кететін іс жүзіндегі шығындардың асып кету мөлшері жөніндегі Компания басшылығының бағаларына сай көрсетіліп, тұрақты түрде есептеледі. Компанияның әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету бойынша міндеттемелері АҚШ доллары түрінде көрсетілген.

Қаржы құралдары

Тану және бастапқы баға

Саудалық дебиторлық берешек бастапқыда орын алған сәтте танылады. Басқа барлық қаржы активтері мен міндеттемелері бастапқыда Компания мәнін көрсетілген құралдар құрайтын келісімшарттық қарым-қатынасқа кіргенде танылады.

Қаржылық актив (ол құрамында қаржыландырудың елеулі компоненті жоқ саудалық дебиторлық берешек болмаған жағдайда) немесе қаржылық міндеттеме бастапқыда әділ құны бойынша бағаланады, ал әділ емес құнмен бағаланатын есеп объектісі үшін пайда немесе шығын арқылы, оған қоса оны сатып алуға немесе шығаруға тікелей қатысты мәміленің шығындар сомасы бойынша бағаланады. Құрамында қаржыландырудың елеулі компоненті жоқ саудалық дебиторлық берешек бастапқыда мәміле бағасымен бағаланады.

Жіктеу және кейін бағалау

Қаржылық активтер — 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданылатын саясат

Бастапқыда танылған кезде қаржылық актив бағаланатын болып жіктеледі: амортизациялық құн бойынша, өзге жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша — борышкерлік құралдар үшін өзге жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша — үлестік құралдар үшін пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша.

Компания басқарудың бизнес моделін өзгерткен жағдайда ғана, қаржылық активтер бастапқыда танылғаннан кейін қайта жіктеледі, және бұл жағдайда, ықпал тиген барлық қаржылық активтер бизнес модель өзгерісінен кейін келетін есептік кезеңнің бірінші күні қайта жіктеледі.

Қаржылық актив тек төмендегі екі талапқа сәйкес келіп, пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде жіктелмеген болса ғана амортизациялық құны бойынша бағаланады:

- ▶ ол мақсаты шартта қарастырылған ақшалай қаражат ағынын алу үшін активтерді ұстап қалу болып табылатын бизнес модель шеңберінде ұсталады, және
- ▶ оның шарттық талаптары бойынша белгіленген мерзім ішінде тек негізгі соманы және негізгі соманың өтелмеген бөлігінің сыйақысын төлеу болып табылатын ақшалай қаражат ағынының пайда болуы қарастырылған.

Төмендегі екі талапқа сәйкес келіп, пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде жіктелмеген болса, борыштық құралға құйылатын инвестиция өзге жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша бағаланады:

- ▶ ол мақсаты шартта қарастырылған ақшалай қаражат ағынын алу арқылы және қаржылық активтерді сату арқылы орындалатын бизнес модель шеңберінде ұсталады, және
- ▶ оның шарттық талаптары бойынша белгіленген мерзім ішінде тек негізгі соманы және негізгі соманың өтелмеген бөлігінің сыйақысын төлеу болып табылатын ақшалай қаражат ағынының пайда болуы қарастырылған.

Саудаға арналмаған үлестік құралдарға құйылатын инвестицияларды бастапқыда таныған кезде, Компания өз пайымына сай өзге жиынтық табыс құрамында олардың әділ құны өзгерістерін ұсыну шешімін қабылдай алады, бірақ кейін одан бас тарту құқығы болмайды. Осы таңдау әр инвестицияға бөлек жасалады.

Амортизациялық құны бойынша немесе жоғарыда сипатталғандай басқа жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша бағалау шарттарына сәйкес келмейтін барлық қаржылық активтер пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланады. Бұған барлық туынды қаржылық активтер кіреді. Бұл тәсіл басқаша жағдайда туындайтын есеп сәйкессіздігін жоюға немесе айтарлықтай азайтуға мүмкіндік берсе, бастапқы тану кезінде Компания өз ұйғарымы бойынша амортизациялық құны немесе өзге жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша бағалау шарттарына сәйкес келетін қаржылық активті пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде жіктеуі мүмкін, бірақ кейін қайта жіктеу құқығы болмайды.

Қаржылық активтер — бизнес-модельді бағалау: 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданылатын саясат

Компания активті қаржы құралдары қоржыны деңгейінде ұстап тұратын бизнес модель мақсатын бағалайды, өйткені бұл бизнесті басқару мен басшылыққа ақпарат ұсыну тәсілін ең жақсы түрде білдіреді. Бұл ретте келесі ақпарат қаралады:

- осы қоржын үшін белгіленген саясаттар мен мақсаттар, сонымен қатар осы саясаттардың практикадағы әрекеті. Оның құрамына келісімшартта қарастырылған пайыздық кірісті алу бойынша басшылықтың стратегиясы, пайыздық мөлшерлемелердің белгілі құрылымын қолдау, осы активтерді қаржыландыруға пайдаланылатын қаржылық міндеттемелерді өтеу мерзімі мен қаржылық активтерді өтеу мерзімдерінің сәйкестігін қамтамасыз ету немесе ақшалай қаражаттың күтілген кетуі немесе активтерді сату арқылы ақша ағындарын жүзеге асыру кіреді.
- Қоржын нәтижелілігінің бағалану жолы және осы ақпараттың Компания басшылығына жеткізілу жолы.
- Бизнес модельдің (және осы бизнес модель аясында ұсталатын қаржылық активтердің) нәтижелігіне әсер ететін тәуекелдер және осы тәуекелдердің басқарылу жолы.
- Қоржынды басқаруға жауапты менеджерлерге сыйақының берілу жолы (мысалы, бұл сыйақының көрсетілген активтердің әділ құнына немесе келісімшартта қарастырылған ақша ағындарының активтері бойынша алынғанға тәуелділігі).
- Бұрынғы кезеңдердегі қаржылық активтерді сату жиілігі, көлемі және мерзімдері, мұндай сатулардың себептері және болашақ сату деңгейіне қатысты болжамдар.

Тануды тоқтату критерийлеріне сәйкес келмейтін мәмілелерде үшінші тұлғаларға қаржылық активтерді табыстау осы мақсатта сату деп қарастырылмайды және Компания осы активтерді әрі қарай таниды.

Сауда үшін ұсталатын немесе басқаруда болған және нәтижелігі әділ құны негізінде бағаланатын қаржылық активтер пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланады.

Қаржылық активтер — келісімшартта қарастырылған ақша қаражатының ағындары негізгі сома мен пайыздардың төлемі ғана болып болмағанын бағалау: 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданылатын саясат

Бұл бағалау процесі мақсаттарында «негізгі сома» бастапқы танылуы кезінде қаржылық активтің әділ құны болып белгіленеді. «Пайыздар» уақытша белгілі уақыт аралығында өтелмеген болып қала беретін негізгі сомаға қатысты кредиттік тәуекел үшін және басқа кредиттеуге қатысты (мысалы өтімділік қаупі және әкімшілік шығындар) негізгі тәуекелдер мен шығындар үшін ақшаның уақытша құны бойынша өтем болып белгіленеді, сондай-ақ пайданың маржасын қамтиды.

Келісімшартта қарастырылған ақша ағындары негізгі соманың және негізгі соманың өтелмеген бөлігі пайыздарының («SPPI критерийі») төлемі ғана болып-болмағанын бағалаған кезде, Компания қаржы құралының келісімшарттық талаптарын талдайды. Бұл қаржылық активтің құрамында келісімшартта қарастырылған мерзімдерді немесе соманы қаржылық актив талданатын талапқа сәйкес келмейтіндей өзгерте алатын келісімшарттық талаптың бар-жоғын бағалау кіреді. Бағалаған кезде Компания төмендегілерді талдайды:

- ақшалай қаражат мерзімдері мен ағындарының сомасын өзгерте алатын шартты оқиғалар;
- келісімшартта қарастырылған купондық мөлшерлемені, соның ішінде ауыспалы мөлшерлеме жөніндегі талапты түзете алатын шарттар;
- мерзімінен бұрын өтеу және қолданылу мерзімін ұзарту туралы шарттар; және
- Компанияның талаптарын ескертілген активтерден ақша ағындарымен шектейтін шарттар (мысалы, регресс құқығы жоқ қаржылық активтер).

Мерзімінен бұрын өтеу шарты мерзімінен бұрын өтеу кезінде төленген сома шын мәнінде негізгі соманың өтелмеген бөлігі мен өтелмеген бөлігінің пайыздары болып, келісімшарт қолданысын мерзімінен бұрын тоқтатудың қисынды қосымша өтемақысын қамтуы мүмкін болған жағдайда SPPI критерийіне сәйкес келеді. Сонымен қатар, мерзімінен бұрын өтеу шарты қаржылық актив келісімшартта көрсетілген номинал сомаға қатысты дисконтпен немесе сыйақымен сатып алынғанда немесе құрылғанда, мерзімінен бұрын өтеу кезінде төленуге тиісті сома шын мәнінде келісімшартта көрсетілген номинал сомамен қатар келісімшартта қарастырылған есептелген (бірақ төленбеген) пайыздары болғанда (және келісімшарт қолданысын мерзімінен бұрын тоқтату үшін қисынды қосымша өтемақыны қамтуы мүмкін) және қаржылық активті бастапқы таныған кезде оның мерзімінен бұрын өтеу шартының әділ құны елеусіз болғанда осы критерийге сәйкес келеді деп қарастырылады.

ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТУЛЕР ЖАЛҒАСЫ

2018 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл іші
(мың қазақстандық теңгемен)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ жалғасы

Қаржы құралдары жалғасы

Қаржылық активтер — кейін бағалау және пайда мен шығын: 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданылатын саясат

Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер	Бұл активтер кейін әділ құны бойынша бағаланады. Пайданың немесе шығынның таза шамасы, соның ішінде кез келген пайыздық кіріс пен дивидендтер кезең ішіндегі пайда немесе шығын құрамында танылады.
Амортизациялық құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер	Бұл активтер кейін тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісімен амортизациялық құны бойынша бағаланады. Амортизациялық құн құнсыздану шығындарының көлеміне төмендейді (төмендегі (ii) параграфын қараңыз). Пайыздық кіріс, оң және теріс бағамдағы айырмалар және құнсыздану сомалары пайда немесе шығын құрамында танылады. Тануды тоқтатудан түскен кез келген пайда немесе шығын кезең ішіндегі пайда немесе шығын құрамында танылады.
Басқа жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық құралдарға құйылатын инвестициялар	Бұл активтер кейін әділ құны бойынша бағаланады. Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісімен есептелген пайыздық кіріс, оң және теріс бағам айырмалары және құнсыздану сомалары пайда немесе шығын құрамында танылады. Тануды тоқтатқаннан кейін, басқа жиынтық табыс құрамында жинақталған пайда немесе шығын кезең ішіндегі пайдаға немесе шығын санатына қайта жіктеледі.
Басқа жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын үлестік құралдарға құйылатын инвестициялар	Бұл активтер кейін әділ құны бойынша бағаланады. Дивиденд инвестицияның бастапқы құнының бір бөлігін өтеу болғаны айқын болмағанда ғана, дивидендтер кезең ішіндегі пайда немесе шығын құрамындағы кіріс ретінде танылады. Пайданың немесе шығынның басқа таза шамалары басқа жиынтық табыс құрамында танылады және ешқашан кезең ішіндегі пайда немесе шығын санатына қайта жіктелмейді.

Қаржылық активтер — 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданылатын саясат

Компания өз қаржылық активтерін келесі санаттардың біріне жіктеді:

- дебиторлық берешек;
- кепілдікті депозиттер;
- ақшалай қаражат және оның эквиваленттері;
- банктердегі депозиттер.

Барлық санаттар амортизациялық құн бойынша бағаланады.

Қаржылық міндеттемелер - жіктеу, кейінгі бағалау және пайда мен шығындар

Қаржылық міндеттемелер амортизациялық құн бойынша немесе пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын ретінде жіктеледі. Саудаға арналған деп жіктелсе, қаржылық міндеттеме пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын ретінде жіктеледі (бұл — туынды құрал), немесе оны ұйым бастапқы танығанда өз пайымы бойынша солай жіктейді. Пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер әділ құн бойынша бағаланады, ал пайданың немесе шығынның нетто шамалары, соның ішінде кез келген пайыздық шығын пайда немесе шығын құрамында танылады. Өзге қаржылық міндеттемелер кейін тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісімен амортизациялық құны бойынша бағаланады. Пайыздық шығыс, оң және теріс бағамдағы айырмалар пайда немесе шығын құрамында танылады. Тануды тоқтатқанда орын алатын барлық пайда немесе шығын да пайда немесе шығын құрамында танылады.

Қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер шарттарын түрлендіру

Қаржылық активтер

Қаржылық активтің шарттары өзгерсе, Компания мұндай түрлендірілген актив бойынша қаражат ағындары айтарлықтай өзгеше болып болмайтынын бағалайды. Қаражат ағындары айтарлықтай өзгеше болса («шарттардың елеулі түрде түрлендірілуі»), бастапқы қаржылық актив бойынша келісімшартта қарастырылған қаражат ағындарына қатысты құқық мерзімі аяқталды деп есептеледі. Бұл жағдайда бастапқы қаржылық активті тану тоқтатылып, есепте әділ құн бойынша жаңа қаржылық актив танылады.

Компания шарттар елеулі түрде түрлендіріліп-түрлендірілмейтінін сандық және сапалық тұрғыдан бағалайды, яғни бастапқы қаржылық актив бойынша қаражат ағындары мен түрлендірілген немесе оның орнын басқан қаржылық актив бойынша қаражат ағындары арасында айтарлықтай айырмашылық бар-жоғын анықтайды. Компания сапалық факторларды, сандық факторларды және сандық пен сапалық факторлардың жиынтық әсерін талдап, шарттардың елеулі түрде түрлендірілгенін сандық және сапалық тұрғыдан бағалайды. Ақшалай қаражат ағындары айтарлықтай өзгеше болса, бастапқы қаржылық актив бойынша келісімшартта қарастырылған қаражат ағындарына қатысты құқық мерзімі аяқталды деп есептеледі. Мұндай бағалау кезінде Компания аналогия бойынша қаржылық міндеттемелерді тануды тоқтатуға қатысты нұсқауларды басшылыққа алады.

Келесі сапалық факторлар негізінде Компания шарттар елеулі түрде түрлендірілді деген қорытынды шығарады:

- қаржылық актив валютасының өзгеруі;
- қамтым түрінің немесе актив сапасын арттырудың басқа құралдарының өзгеруі;

Амортизациялық құн бойынша бағаланатын түрлендірілген актив бойынша қаражат ағындары елеулі түрде өзгеше болмаса, шарттардың ондай түрлендірілуі қаржылық актив танылуының тоқтатылуына себеп болмайды. Мұндай жағдайда Компания қаржылық активтің жалпы баланстық құнын қайта есептеп, жалпы баланстық құн сомасын пайда немесе шығын құрамында түрлендіруден болған пайда немесе шығын ретінде таниды. Қаржылық активтің жалпы баланстық құны осы қаржылық актив бойынша бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдаланып дисконтталған қайта қаралған немесе түрлендірілген қаражат ағындарының келтірілген құны ретінде қайта есептеледі. Орын алған шығындар мен комиссиялар түрлендірілген қаржылық активтің баланстық құнын түзетеді және түрлендірілген қаржылық активтің қалған қолданылу мерзімі ішінде амортизацияланады.

Қаржылық міндеттемелер

Қаржылық міндеттеменің шарттары түрлендірілген міндеттеме бойынша қаражат ағындарының шамасы елеулі түрде түрленетіндей өзгергенде, Компания қаржылық міндеттемегі тануды тоқтатады. Бұл жағдайда түрлендірілген шартты жаңа қаржылық міндеттеме әділ құн бойынша танылады. Бұрынғы қаржылық міндеттемелердің баланстық құны мен жаңа түрлендірілген шартты қаржылық міндеттемелердің құны арасындағы айырма пайда немесе шығын құрамында танылады.

Шарттарды түрлендіру (немесе қаржылық міндеттемені ауыстыру) қаржылық міндеттемені танудың тоқтатылуына себеп болмаса, шарттарды түрлендіру жағдайы қаржылық активтің танылуын тоқтатуға себеп болмағанда Компания қаржылық активтің жалпы баланс құнын түзетуге қатысты түрлендіруге сәйкес келетін есептік саясатын қолданады, яғни Компания осындай түрлендіру (немесе қаржылық міндеттемені ауыстыру) нәтижесінде пайда болатын қаржылық міндеттеменің амортизацияланған құнының барлық түзетуін шарттар түрлендірілген (немесе қаржылық міндеттеме ауыстырылған) күндегі пайда немесе шығын құрамында таниды.

Келісімшарттың қазіргі шарттарының салдары болса (мысалы, тиісті кредиттеу келісімшартында банктердің пайыздық мөлшерлемені өзгерту мүмкіндігі қарастырылса және Компанияның елеулі айыппұл төлемей, номинал құн бойынша мерзімінен бұрын өтеу құқығы болса, НБРК LIBOR негізгі мөлшерлемесінің өзгерістеріне байланысты пайыздық мөлшерлеменің өзгерістері), қолданыстағы қаржылық міндеттемелер бойынша ақшалай қаражат ағындары шамасының өзгерістері шарттардың түрлендірілуі болып есептелмейді. Нарықтағы жағдайлардың өзгеруіне жауап ретінде пайыздық мөлшерлеменің нарық деңгейіне дейін өзгерісін Компания құбылмалы пайыздық мөлшерлемесі бар құралдарға қолданылатын есеп тәртібімен есептейді, яғни пайыздық мөлшерлеме болашақта қайта қаралады.

Компания сапалық факторларды, сандық факторларды және сандық пен сапалық факторлардың жиынтық әсерін талдап, шарттардың елеулі түрде түрлендірілгенін сандық және сапалық тұрғыдан бағалайды. Келесі сапалық факторлар негізінде Компания шарттар елеулі түрде түрлендірілді деген қорытынды шығарады:

- қаржылық міндеттеме валютасының өзгеруі;
- қамтым түрінің немесе міндеттеме сапасын арттырудың басқа құралдарының өзгеруі;
- айырбастау шартының қосылуы;
- қаржылық міндеттеме субординациясының өзгеруі.

Ақшалай қаражат ағынының келтірілген құны жаңа шарттарға сәйкес, соның ішінде бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені дисконтталған, алынған комиссиялық сыйақысыз комиссиялық сыйақының төлемдері бастапқы қаржылық міндеттеме бойынша қалған қаражат ағындарының дисконтталған келтірілген құнынан кемінде 10 %-ға өзгеше болса, сандық бағалау процесін өткізу мақсаттары үшін шарттар елеулі түрде өзгеше болып есептеледі. Бір борыштық құралды басқасымен ауыстыру немесе оның шарттарын түрлендіру жағдайы есепте өтем болып көрсетілсе, онда орын алған шығындар мен комиссиялар тиісті борыштық міндеттемені өтеуден түскен пайда немесе шығын бөлігі болып танылады. Бір борыштық құралды басқасымен ауыстыру немесе оның шарттарын түрлендіру жағдайы есепте өтем болып көрсетілмесе, онда тиісті міндеттеменің баланстық құны орын алған шығындар мен комиссиялар сомасына түзетіледі және бұл түзету түрлендірілген міндеттеменің қалған қолданылу мерзімі ішінде амортизацияланады.

Тануды тоқтату

Қаржылық активтер

Компания қаржылық актив бойынша келісімшартта қарастырылған қаражат ағындарына қатысты құқықтан айырылған сәтте немесе осы қаржылық активтің меншік құқығына байланысты тәуекелдер мен пайдалардың барлығы дерлік екінші тарапқа берілетін немесе Компания осы қаржылық активке деген меншік құқығына байланысты барлық тәуекелдер мен пайдалардың елеулі бөлігін бермейтін немесе сақтамайтын мәмілені іске асыру нәтижесінде келісімшартта қарастырылған қаражат ағындарын алуға қатысты құқығын табыстағанда, Компания қаржылық активті тануды тоқтатады.

Компания шарттары бойынша қаржылық жағдай жөніндегі есепте танылған активтерді табыстайтын мәмілелер жасайды, бірақ табысталған активтердің меншік құқығынан туатын тәуекел мен пайдалардың барлығын дерлік сақтап қалады. Бұл жағдайларда табысталған активтер үзбей таныла береді.

ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТУЛЕР ЖАЛҒАСЫ

2018 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл іші
(мың қазақстандық теңгемен)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ жалғасы

Тануды тоқтату, жалғасы

Қаржылық міндеттемелер

Келісімшарттық міндеттемелері орындалғанда, күші жойылғанда немесе тоқтатылғанда, Компания қаржылық міндеттемені тануды тоқтатады. Шарттары түрлендірілгенде және осындай түрлендірілген міндеттеме бойынша ақша ағындарының шамасы елеулі түрде өзгеше болғанда және түрлендірілген шарттарға негізделген, осы жағдай пайда болатын жаңа қаржылық міндеттеме әділ құн бойынша танылғанда да, Компания қаржылық міндеттемені тануды тоқтатады.

Қаржылық міндеттемені тану тоқтатылғанда, өтелген баланстық құн мен төленген өтем (соның ішінде табысталған ақшалай емес барлық активтер немесе қабылданған міндеттемелер) арасындағы айырма пайда немесе шығын құрамында танылады.

Өзара есепке алу

Компанияның қазіргі сәтте танылған сомаларды өзара есепке алу бойынша заңды қорғанысы қамтамасыз етілген құқығы бар болып, олар бойынша нетте негізде есеп айырысу немесе бір уақытта активті іске асыру және міндеттемені орындау ниеті бар болғанда ғана, қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер өзара есепке алынады және қаржылық жағдай жөніндегі есепте нетто шамада танылады.

Жарғылық капитал

Кәдімгі акциялар жеке капитал болып жіктеледі. Кәдімгі акцияларды және акциялар бойынша опциондарды шығаруға тікелей байланысты қосымша шығындар салық әсерін есепке ала отырып жеке капитал шамасынан шегерілген мөлшер ретінде көрсетіледі.

Дивидендтер

Дивидендтер жарияланған кезеңіндегі міндеттеме болып танылады.

Қаржылық активтердің құнсыздануы

2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданылатын саясат

Компания бағалау резервтерін төмендегілер бойынша ККШ-ға қатысты шығындар ретінде таниды:

- ▶ амортизациялық құн бойынша бағаланатын қаржылық активтер;
- ▶ өзге жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын борыштық құралдарға құйылатын инвестициялар.

Компания резервтерді бүкіл мерзім ішіндегі ККШ-ға тең сомаға шығын ретінде бағалайды. Бұған келесі құралдар кірмейді, себебі олар бойынша танылатын резерв сомасы 12 айлық күтілген кредиттік шығынға тең болады.

- ▶ есептік күні кредиттік тәуекелі төмен деп анықталған жағдайда, кепілдікті депозиттер; және
- ▶ өзге кепілдікті депозиттер және бастапқы тану сәтінен кредиттік тәуекелі (яғни қаржы құралы қолданылатын болжалды мерзім ішінде дефолттың орын алу қаупі) елеулі түрде артпаған банк шоттары бойынша қалдықтар.

Саудалық дебиторлық берешекке қатысты шығын ретіндегі бағалау резервтері әрдайым бүкіл мерзім ішіндегі күтілген кредиттік шығындарға тең сомада бағаланады.

Бастапқы тану сәтінен қаржылық актив бойынша кредиттік тәуекелдің елеулі түрде артуы орын алған-алмағанын бағалағанда және ККШ бағалағанда, Компания шамадан тыс шығын немесе күш жұмсамай қисынды және қолжетімді болған, дәлелді және расталатын ақпаратты талдайды. Бұған сандық және сапалық ақпарат пен Компанияның бұрынғы тәжірибесіне және кредиттік сапаның дәлелді бағасына негізделген талдау және болжамдық ақпарат кіреді.

Мерзімі 30 күннен асып кетсе немесе халықаралық рейтинг агенттігі қаржылық активте берген сыртқы кредиттік рейтингі Moody's, Standard & Poor's немесе Fitch кредиттік рейтинг агенттіктеріне сәйкес алты сатыға төмендесе, Компания қаржылық актив бойынша кредиттік тәуекел елеулі түрде артты деп пайымдайды.

Келесі жағдайларда Компания қаржылық активті дефолт оқиғасына ұшыраған қаржылық активтерге жатқызады:

- ▶ Компания кепілзаттық қамтымды (бар болған жағдайда) іске асыру сияқты шараларды қолданбай, қарыз алушының Компания алдындағы өз кредиттік міндеттемелерін өтеуі екіталай болуы; немесе
- ▶ қаржылық активтің мерзімінен 90 күнге кешіктірілуі.

Компания кредиттік рейтингі әлемде барша қабылдаған «инвестициялық сапа» рейтингі сипаттамасына сәйкес болған борышқорлық құнды қағаздың кредиттік тәуекелі төмен деп есептейді. Компания оны Ваа3 рейтингіне тең немесе Moody's не ВВВ бағалары бойынша одан жоғары немесе Standard and Poor's бағалары бойынша одан жоғары деп қарастырады.

Бүкіл мерзім ішіндегі ККШ — қаржы құралының күтілген қолданылу мерзімі бойы ықтимал дефолт оқиғаларының барлығы нәтижесінде орын алатын ККШ.

12 айлық ККШ — есептік күннен бастап 12 ай ішінде (немесе қаржы құралының күтілген қолданылу мерзімі 12 айдан кем болса, одан қысқа мерзім ішінде) орын алуы ықтимал дефолт оқиғаларының нәтижесінде пайда болатын ККШ бөлігі.

ККШ келісімшартта қарастырылған, ішінде Компанияға кредиттік тәуекелге тап болуы мүмкін максималды кезең бойынша бағаланғанда максималды кезең қарастырылады.

ККШ бағалау

Күтілген кредиттік шығындар кредит шығындарының ықтималдылығын ескеріп өлшенген есептік баға болып табылады. Кредиттік шығындар бүкіл күтілген алынбаған қаражаттың келтірілген құны (яғни келісімшартқа сәйкес Компанияға тиесілі ақша ағындары мен Компания аламын деп күткен қаражат ағындары арасындағы айырма) болып есептеледі.

ККШ осы қаржылық активтің тиімді пайыздық мөлшерлемесімен дисконтталады.

Кредиттік-құнсызданған қаржылық активтер

Әр есептік күні Компания амортизациялық құн бойынша көрсетілетін қаржылық активтер мен өзге жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша көрсетілетін борыштық құнды қағаздарды кредиттік құнсыздану бойынша бағалайды. Қаржылық актив бойынша есептік болашақ ақша ағындарына теріс әсер ететін бір не бірнеше оқиға орын алғанда, мұндай қаржылық актив «кредиттік-құнсызданған» болады.

Қаржылық активтің кредиттік құнсыздануын келесі байқалатын деректер растайды, атап айтқанда:

- қарыз алушының немесе эмитенттің елеулі қаржылық қиындықтары;
- дефолт немесе төлемді 90 күннен артық кешіктіру сияқты келісімшарт талаптарының бұзылуы;
- Компанияның басқа жағдайларда қарастырылмайтын шарттармен қарыздың немесе аванстық төлемнің құрылымын өзгертуі;
- қарыз алушының банкротқа ұшырау ықтималдылығының немесе басқа қаржылық қайта ұйымдастырылуының пайда болуы; немесе
- қаржылық қиындықтар нәтижесінде құнды қағаз үшін активті нарықтың жоқ болуы.

Қаржылық жағдай жөніндегі есепте күтілген кредиттік шығындар ретінде бағалау

Амортизациялық құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер бойынша шығындар ретінде бағалау резервтері сол активтердің жалпы баланстық құнынан шегеріледі.

Өзге жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын борыштық құнды қағаздар жағдайында, шығындар ретіндегі бағалау резерві пайда немесе шығын құрамында есептеледі және өзге жиынтық табыс құрамында көрсетіледі.

Есептен шығару жағдайлары

Компанияның қаржылық актив толық мөлшерде немесе бір бөлігі өтеледі деп күтуге негізі болмаса, қаржылық активтің толық баланстық құны есептен шығарылады. Ұқсас активтер бойынша сомаларды өтеудің бұрынғы тәжірибесіне сүйеніп, Компания жеке тұлғаларға қатысты жалпы баланстық құнды есептен шығару саясатын қолданады. Компания есептен шығарылған сомалардың аса өтелуін күтпейді.

Туынды емес қаржылық активтер

Пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын болып жіктелмеген қаржылық активтер құнсызданудың объективті дәлелі бар-жоғын анықтау үшін әр есептік күні бағаланды.

Қаржылық активтердің құнсызданғаны жайлы объективті дәлелдер:

- Борышкер жағынан дефолт немесе кешіктіру;
- Компанияның басқа жағдайларда қарастырылмайтын шарттармен төленуге тиісті сомалардың құрылымын өзгертуі;
- борышкер немесе эмитент банкроттық рәсімін бастайтынына меңзейтін белгілер;
- қарыз алушының немесе эмитенттің төлем статусын теріс түрде өзгертуі;
- қаржылық қиындықтар нәтижесінде құнды қағаз үшін активті нарықтың жоқ болуы; немесе
- қаржылық активтер тобынан бағалауға болатын қаражат ағындары шамасының кемігенін білдіретін бақыланатын деректер.

Мұндай активтердің құнсыздануын білдіретін белгілерді Компания жеке-дара активтер деңгейінде де, активтер тобының деңгейінде де қарастырады. Жеке-дара түрде елеулі болған активтердің барлығы құнсыздану бойынша бөлек бағаланады. Жеке-дара актив деңгейінде құнсыздануы анықталмаған активтер құнсыздану бойынша топтық түрде бағаланады. Активтер тобы деңгейінде құнсыздануын бағалағанда, Компания қалпына келтірудің тарихи трендтерін, 45 күннен артық кешіктіру жағдайларының санын арттыру және қоржын шығындарымен қатынасы бар экономикалық жағдайлардағы көз жетерлік өзгерістерді пайдаланады.

Құнсыздану шығынының сомасы активтің баланстық құны мен сол активтің бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемесі бойынша дисконтталған, күтілген болашақ ақша ағындарының келтірілген құны арасындағы айырма түрінде есептеледі. Шығындар кезеңдегі пайда немесе шығын құрамында танылады және құнсыздану резерві есебінде көрсетіледі. Компания активтерді өтеу перспективалары шындыққа жанаспайды деп есептесе, тиісті сомалар есептен шығарылады. Құнсыздану шығыны шамасының азаюына себеп болатын кез келген кейінгі оқиға орын алып, бұл азаю жағдайын құнсыздану танылғаннан кейін орын алған оқиғамен объективті түрде байланыстыру мүмкін болса, бұрын құнсыздану шығынына жатқызылған қалпына келтірілген сома кезеңдегі пайда немесе шығын құрамында көрсетіледі.

ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТУЛЕР ЖАЛҒАСЫ

2018 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл іші
(мың қазақстандық теңгемен)

4. БАҒАЛАР ТҮРЛАУСЫЗДЫҒЫНЫҢ НЕГІЗГІ КӨЗДЕРІ ЖӘНЕ СЫНИ БУХГАЛТЕРЛІК ПАЙЫМДАРЫ

ХҚЕС стандарттарына сәйкес қаржылық есеп-қисапты дайындау үшін басшылық есептік саясатты және хабарланатын активтердің сомаларының, міндеттемелердің, кірістер мен шығыстардың қолданылуына әсер ететін пайымдарды, бағаларды және ұйғарымдарды қабылдауы тиіс. Іс жүзіндегі нәтижелер бұл бағалардан өзгеше болуы мүмкін.

Бағалар мен олардың негізіндегі ұйғарымдар жүйелі түрде қайта қаралады. Қазіргі кезеңге қатысты болса немесе қайта қарау кезеңі мен болашақ кезеңде және қазіргі және болашақ кезеңдерде мұндай өзгерістер ықпал еткен болса, есептік бағалардың өзгерістері болашақ кезеңдердегі өзгерістер орын алған кезеңде танылады.

Төменде Компанияның есептік саясатын қолдану барысында басшылық берген және қаржылық есеп-қисапта көрсетілген сомаларға айтарлықтай әсер ететін сыни пайымдар мен бағалар тізілген.

Резервтер

Резервтер негізінен әуе кемелерге көрсетілетін техникалық қызмет резервтерін қамтиды (20-ескертпе).

Болашақ техникалық қызметке байланысты ауыспалы жалгерлік төлемдердің

Әуе кемелерін операциялық жалға алу келісімшарттарына сәйкес, Компания жалға берушілерге қозғалтқыштардың, қызмет мерзімдері шектеулі қозғалтқыш бөліктерінің және фюзеляждың негізгі инспекцияларының ұшу сағаттары негізінде есептелген ауыспалы жалгерлік төлемдерді жасайды. Бұл сомалар техникалық қамтамасыз ету қызметінің құнына қолданылады және оны жалға берушілер жөндеу жүргізгенде (қозғалтқышты жөндеу, қызмет мерзімдері шектеулі қозғалтқыш бөліктерін ауыстыру) өтейді. Өтем Қазақстан Республикасының Азаматтық авиация комитеті («ААК») келіскен Компанияның техникалық қызмет көрсету бағдарламасының кестесіне енгізілген жөндеу мен ауыстыру жұмыстары бойынша ғана жүзеге асырылады.

Әуе кемесі кесте бойынша жоспарланған жөндеуден кейін, бірақ қайтару алдындағы шартты орындау қажеттілігі пайда болғанға дейін қайтарылған жағдайда, жалға берушілерге төленген қолданылмайтын ауыспалы жалгерлік төлемдердің сомалары өтелмейтін болып табылады және әуе кемесінің келесі жалға алушысына берілуі үшін депозит ретінде жалға берушіде қалады. Компания басшылығы 2018 жылдың 31 желтоқсанында 34 344 205 мың теңгені (2017 ж.: 29 047 000 мың теңге) құрайтын ауыспалы жалгерлік төлемдердің жарналарын әуе кемелердің жалға берушілері жөндеу жұмыстарынан кейін өтеуге тиіс деп санайды. Басшылық Компания төлеген ауыспалы жалгерлік төлемдердің өтелімділігін үнемі бағалайды. Жөндеу бойынша күтілмеген шығыстар орын алған сәттегі табыстар немесе шығыстар құрамында көрсетіледі.

Салық заңдарының талаптарына сәйкес болу

Қазақстан Республикасының салықтық, валюталық және кедендік заңдарын әртүрлі түсінуге болады және олар жиі өзгеріп отырады. Бұл ретте басшылықтың Компанияның қызметіне қатысты салық заңдары ережелерін түсіну жолына айыппұл салуға және өсімпұл есептеуге заңды құқығы бар тиісті өңірлік билік органдары келіспеуі мүмкін. Бұрын күмән туғызбаған мәмілелердің салық есебіне болашақта қарсы шығу ықтималдығы бар. Салық кезеңі келесі бес күнтізбелік жылдың ішінде салық органдарының тексерісі үшін ашық болып қалады.

Белгілі жағдайларда тексерістер одан да ұзақ кезеңдерді қамтуы мүмкін. Компания басшылығы салық заңдарының өз түсінігіне сай салықтар бойынша міндеттемелер толық көлемде көрсетілді деп пайымдаса да, жоғарыда аталған фактілер Компания үшін қосымша салық тәуекелдерінің туындауына себеп болуы мүмкін.

Функциялық валютаны белгілеу

3-ескертпеде көрсетілгендей, Компанияның функциялық валютасы — АҚШ доллары, басшылықтың ойынша ол Компания жүргізетін операциялардың және оның қызметіне, есеп күніне әсер ететін операциялармен байланысты жағдайлардың басым бөлігінің экономикалық болмысын білдіреді. Әр есептік күні Компания басшылығы есептік күндегі жағдайлар негізінде функциялық валютаны белгілеуге әсер етуі мүмкін факторларды қайта бағалайды. Негізгі экономикалық ортаны, соның ішінде баға белгілеу саясатын, халықаралық және жергілікті бағыттардан түсетін табыстар құрылымын, шығындар құрылымын, сондай-ақ болашақта халықаралық бағыттарды кеңейту үшін Компания стратегиясын үздіксіз дамытуды талдау үшін басшылықтан айтарлықтай кәсіпқой пікірлер талап етіледі. Осылайша әрі қарай өрбитін жағдайлар өзгеше болып, әр түрлі қорытындыларға себеп болуы мүмкін.

Сроки полезной службы основных средств и нематериальных активов

Негізгі құралдар көрсетілгенде, активтердің пайдалы қызмет мерзімі бағаланады, сондай-ақ жылына кемінде бір рет құнсыздандудың бар-жоғы анықталады.

Бағалау резервтері

Компания дебиторлық берешектің құнсыздандуы бойынша резервтер есептейді. Компания күтілген бүкіл пайдалану мерзімі негізінде дебиторлық берешек дефолтының ықтималдылығын есептейді. Экономикадағы және клиенттердің бизнесіне қатысты жағдайлардағы өзгерістер тарихи ақпарат негізінде алынған дефолт ықтималдылығының коэффициенті мен дефолт жағдайындағы шығынды түзетуді қажет етуі мүмкін, осылайша қаржылық есеп-қисапта көрсетілген күмәнді есептер бойынша резервтердің түзетуіне ықпалын тигізеді. 2018 және 2017 жылдардың 31 желтоқсанында күмәнді қарыздар бойынша резервтер сәйкесінше 754,150 мың теңге және 499,873 мың теңге мөлшерінде болды (14 және 15-ескертпе).

Қаржылық активтердің өзге көбіне бір не бірнеше халықаралық кредиттік агенттік рейтингтерін тағайындаған: Moody's, Fitch немесе Standard and Poor's. Болжалды кредиттік шығын бастапқы танылу күніндегі кредиттік тәуекелге қарағанда кредиттік тәуекелі елеулі түрде артқан активтер бойынша пайдалы қолданыстың бүкіл кезеңіне есептеледі.

Құнсызданған активтер бойынша Компания құнсыздану шығынын активтің баланстық құны мен активтің бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемесі бойынша дисконтталған ықтимал болашақ ақша ағындарының қазіргі құны арасындағы айырма ретінде есептейді. Шығындар кіріс және шығыс түрінде танылады және бағалау қорының есебінде көрсетіледі. Компания активті қалпына келтірудің шын мүмкіндіктері жоқ деп есептегенде, тиісті сомалар есептен шығарылады. Құнсызданған активтің пайыздары дисконттау мөлшерлемесін «айналдыру» жолымен таныла береді. Кейінгі оқиға 2-сатыда құнсыздануды танудан кейін орын алған кредиттік тәуекелдің төмендеуіне себеп болғанда, Компания сол активтерді 1-сатыға көшіру үшін қарыз алушының қазіргі қаржы позициясының тұрақтылығын талдайды. 2018 жылдың 31 желтоқсанына құнсыздану қоры 18,135,393 теңгені құрады, бұл сома көзі 15-ескертпеде тәптіштелген (2017 жылдың 31 желтоқсаны: 16,296,017 мың теңге).

Есептік күні өткізілетін түгендеу мәліметтерінің негізінде Компания жыл сайын өтімсіз тауарлық-материалдық қорлардың есептен шығарылу қажеттілігін бағалайды. 2018 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдайға сәйкес, Компания өтімсіз тауарлық-материалдық қорлардың 650,451 мың теңге мөлшерінде есептен шығарылуын таныды (2017 ж.: 184,278 мың теңге) (13-ескертпе).

Клиенттер бейілділігі бағдарламасы

«Nomad Club» бағдарламасы — жолаушыларға әр ұшқаны үшін ұпай алу мүмкіндігін беретін клиенттерді тарту бағдарламасы. Жеткілікті ұпай санын жинаған жолаушы ұпайларын билетке ауыстыруға мүмкіндік алады. Компания ұпайдың бағасын беру үшін билеттердің бағалық құнын пайдаланады. Әр есептік күні пайдаланылмаған ұпайлардың құны кейінге шегерілген кіріс ретінде танылады. Ұпайлар құны болып әр бағдар мен класс бойынша билеттердің орташа сатылу бағасы негізінде есептелген жеке-дара сату бағасы есептеледі. Тарихи деректерге сүйеніп, Компания пайдаланылуы екіталай ұпайлар бойынша талап етілмеген құқықтардың сомасын белгілейді.

5. ТАБЫСТАР ЖӘНЕ БАСҚА ДА ПАЙДА

ҚЕХС (IFRS) 15-ның бастапқы қолданысы Клиенттермен жасалған келісімшарттардан Топтың табысына сипатталады. 15 ҚЕХС (IFRS) қолдану кезінде таңдалған өтпелі әдіске байланысты салыстырмалы ақпарат жаңа талаптарға сәйкес қайта есептелмеді.

Жолаушылар тасымалы	2018 ж.	2017 ж.
Жолаушылар тасымалы	226,754,375	195,034,343
Жанармай алымы	35,357,249	24,431,222
Әуежай алымдары	15,374,066	13,142,692
Мөлшерден тыс жүк	1,851,093	1,517,613
	279,336,783	234,125,870

Жүк және пошта	2018 ж.	2017 ж.
Жүк тасымалдары	6,473,998	5,856,146
Пошта жөнелтімдері	662,533	555,097
	7,136,531	6,411,243

Өзге табыстар	2018 ж.	2017 ж.
Күтпеген табыс	2,112,728	595,276
Жерде қызмет көрсету	316,788	365,003
Жарнамадан түскен табыстар	272,321	655,863
Қозғалтқышты шығару кезінде пайда	269,563	257,191
Агенттік шарттар бойынша айыппұлдар	164,427	2,768,460
Авиациялық жанармайды сату	122,027	1,481,688
Кепілдіктік қайтарымдар	11,375	379,381
Өзгелер	110,653	413,122
	3,379,882	6,915,984

Билеттердің өзгеруіне байланысты айыппұлдар және 15 ҚЕХС-ке сәйкес кабинетте орындықтарды таңдағаны үшін комиссия 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап басқа кірістерден жолаушыларға түсетін түсім бойынша жіктеледі.

2018 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл бойынша жолаушылар, жүктермен пошта тасымалдаудан түсетін табыс төмендегі бағыттардан алынды:

ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТУЛЕР ЖАЛҒАСЫ

2018 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл іші
(мың қазақстандық теңгемен)

5. ТАБЫСТАР ЖӘНЕ БАСҚА ДА ПАЙДА жалғасы

	2018 ж.	2017 ж.
Ішкі бағыттар	76,741,409	67,179,146
ТМД елдері	73,969,595	51,403,354
Азия	71,989,926	69,342,808
Еуропа	63,772,384	52,611,835
Жолаушылар мен жүк тасымалдарынан түскен барлық табыс	286,473,314	240,537,143

2018 жылдың 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде, бір клиентпен жасалған мәмілелердің табысы 10% немесе одан да көп жиынтық кірістен, болған жоқ (2017 ж.: болған жоқ).

6. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ШЫҒЫСТАР

Әуежайлық қызмет көрсету және навигация	2018 ж.	2017 ж.
Аэронавигация	16,210,677	14,197,374
Техникалық қызмет көрсету	13,632,591	11,093,874
Ұшу-қону	8,233,743	7,796,055
Метеоқамсыздандыру	78,594	52,914
Өзгелер	538,437	491,186
	38,694,042	33,631,403

Жолаушыларға қызмет көрсету	2018 ж.	2017 ж.
Әуежайлардың қызметтері	15,892,855	13,586,458
Тамақтану	8,986,245	9,032,972
Ұшу кезінде жолаушылар үшін ойын-сауықтар	1,843,509	1,671,315
Қауіпсіздік	1,498,799	1,287,827
Өзге қызмет көрсетулер	3,152,717	2,664,520
	31,374,125	28,243,092

Инженерлік-техникалық қызмет көрсету	2018 ж.	2017 ж.
Техникалық қызмет көрсету – айнымалы жалдық төлемдер	10,946,955	10,090,262
Техникалық қызмет көрсету – резервтер (20-ші Ескерту)	7,840,429	6,412,776
Техникалық қызмет көрсету – құрамдық бөліктер	6,125,841	1,789,565
Қосалқы бөлшектер	3,980,366	3,589,459
Техникалық инспекция	847,298	668,361
	29,740,889	22,550,423

Қызметкерлер жөніндегі шығыстар	2018 ж.	2017 ж.
Өндірістік қызметкерлердің жалақысы	17,696,377	14,682,500
Әкімшілік қызметкерлердің жалақысы	4,462,616	3,571,643
Әлеуметтік салық	2,649,441	2,369,232
Сату жөніндегі қызметкерлердің жалақысы	1,481,219	1,254,614
Өзгелер	1,291,973	1,301,443
	27,581,626	23,179,432

	2018 ж.	2017 ж.
Қызметкерлердің орташа саны	5,202	4,934

Әуе кемелерінің операциялық лизингі бойынша шығыстар	2018 ж.	2017 ж.
Тиянақталған қаржылық төлемдер	22,915,631	19,514,908
Қозғалтқышты қанатқа жалға беру құны	758,017	-
Әуе кемелерін қайтару бойынша шығыстар	512,584	112,972
Қозғалтқыштар мен айналымдағы қосалқы бөлшектердің ағымдағы жалдық төлемдері	430,543	392,768
	24,616,775	20,020,648

Сату жөніндегі шығыстар	2018 ж.	2017 ж.
Брондау жүйелері бойынша шығыстар	7,268,555	6,508,720
Комиссиялық сыйақы	3,948,653	3,559,067
Жарнама	2,512,591	2,809,214
Интерлайн-келісімдері бойынша комиссиялар	172,355	169,571
Өзгелер	142,021	143,643
	14,044,175	13,190,215

Экипаждарға жұмсалатын шығыстар	2018 ж.	2017 ж.
Орналастыру және марапаттау	5,197,537	4,700,708
Келісімшарттық экипаждар	4,673,578	3,106,679
Оқыту және тренингтер	2,265,779	2,054,205
	12,136,894	9,861,592

Сақтандыру	2018 ж.	2017 ж.
Әуе кемелерді сақтандыру	568,772	493,682
Азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру	550,847	447,500
Медициналық сақтандыру	242,676	227,727
Өзгелер	85,832	92,551
	1,448,127	1,261,460

7. ҚАРЖЫЛЫҚ ТАБЫСТАР МЕН ШЫҒЫСТАР

Қаржылық кірістер	2018 ж.	2017 ж.
Банк депозиттерінен сыйақы бойынша табыстар	867,290	517,341
Қаржылық активтердің құнсыздануы бойынша резервке түзетпе жасау	122,717	1,547,340
Кадеттердің Ab-initio бағдарламасы бойынша дебиторлық берешегін дисконттан босату	9,997	47,097
Өзгелер	11,375	242,656
	1,011,379	2,377,603

Қаржылық шығыстар	2018 ж.	2017 ж.
Қаржылық жалдау бойынша сыйақы жөніндегі шығыстар	3,150,305	3,624,325
Банк депозиттерінен сыйақы бойынша шығыстар	329,198	-
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржы активтері мен міндеттемелерден таза іске асырылған пайда/(залал)	114,788	-
Қаржылық активтердің құнсыздануына резерв	41,365	-
	3,635,656	3,624,325

ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТУЛЕР ЖАЛҒАСЫ

2018 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл іші
(мың қазақстандық теңгемен)

8. ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР

31 желтоқсанда аяқталатын жылдар үшін Компанияның табыс салығы бойынша шығыстар төменде көрсетілген:

	2018 ж.	2017 ж.
Табыс салығы	1,170,980	2,473,905
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша шығыс	1,123,410	701,888
	2,294,390	3,175,793

Кейінге қалдырылған табыс салығы қаржы есептілігінің мақсаттары үшін активтер мен міндеттемелердің ағымдағы құндарының уақытша айырмашылығынан алынатын таза салықтық әсерді және салық салу мақсаттары үшін пайдаланылатын шамаларды көрсетеді. 2018 жылдың 31 желтоқсанына және 2017 жылдың 31 желтоқсанына кейінге қалдырылған активтер мен міндеттемелердің құрамында көрсетілетін негізгі уақытша айырмашылықтардан алынатын салықтық әсер төменде көрсетілген:

Кейінге қалдырылған салық активтері	2018 ж.	2017 ж.
Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетуге арналған резерв	6,636,287	4,903,197
Саудалық және өзге кредиторлық берешек	1,334,327	837,430
Кейінге қалдырылған залал	-	351,547
Жиыны	7,970,614	6,092,174
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері		
Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтардың баланстық құнындағы айырмашылықтар	(13,619,890)	(9,708,633)
Тауарлы-материалдық босалқы қорлар	(424,925)	-
Алдын ала төленген шығыстар	(178,653)	(4,319)
Материалдық емес активтер	(69,157)	(42,096)
Жиыны	(14,292,625)	(9,755,048)
Кейінге қалдырылған барлық міндеттемелер	(6,322,011)	(3,662,874)

Жергілікті салық заңдарына сәйкес табыс салығын есептеу шегерілетін шығыстарына хеджирленген бағам айырмашылығынан алынған залал жатады. Егер осындай шегерілетін шығыстар туындаған жылы толық пайдаланылмаса, салық кодексі бойынша Компанияға ондай жинақталған шығыстарды кейінгі 9 жылға қалдыруға болады.

Жоғарыда көрсетілген кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелеріндегі өзгерістер кейінге қалдырылған салықтың бөлігіне қатысты капиталда танылған корпоративтік табыс салығы бойынша шығындарға байланысты 749,400 мың теңгеден басқа, пайда мен залал құрамында көрсетілді ақша ағындарын хеджирлеу (2017: 747,844 мың теңге).

Компания Қазақстанда орналасқандықтан қолданылатын табыс салығының мөлшерлемесі 2018 және 2017 жылдары 20% құрады. Жыл ішінде есептелген салықтың мөлшері салық салуға дейінгі пайдаға табыс салығының мөлшерлемесін қолданумен алынатын салық сомасынан ерекшеленеді. Төменде табыс салығының 20% (2017 ж.: 20%) мөлшерлемесін және Компанияның табыстар немесе шығыстар және басқа жиынтық табыстар туралы есебінде ескерілген табыс салығының нақты сомасының салыстырылуы келтірілген:

	2018 ж.	2017 ж.
Салық салуға дейінгі пайда/(шығыс)	4,139,281	15,994,143
Корпоративтік табыс салығы	20%	20%
Белгіленген ставка бойынша табыс салығы	827,856	3,198,829
Эффекттің ауытқуы курстың айырмашылығы	1,169,739	-
Салық салынбайтын айналымдардан салықтық әсер	(96,519)	(309,470)
Шегерілмейтін шығыстардан салықтық әсер	393,314	286,434
Табыс салығы бойынша шығыстар	2,294,390	3,175,793

9. ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК, ҒИМАРАТТАР МЕН ЖАБДЫҚТАР

	Оборотные запчасты	Офисное оборудование и мебель	Здания и сооружения, земля	Транспортные средства	Воздушные суда в рамках финансовой аренды	Оборудование в пути и незавершенное строительство	Всего
Құны							
2016 жылдың 31 желтоқсан	14,099,528	1,892,726	1,080,198	807,876	98,958,713	5,884,452	122,723,493
Түсулер	3,624,084	310,091	98,411	444,666	4,051,762	1,365,498	9,894,512
Шығулар	(1,240,105)	(93,272)	(38,042)	(80,437)	(6,859,308)	(395,486)	(8,706,650)
Босалқы қорларға аудару	(339,335)	-	-	-	-	-	(339,335)
2017 жылдың 31 желтоқсан	16,144,172	2,109,545	1,140,567	1,172,105	96,151,167	6,854,464	123,572,020
Түсулер	2,857,646	282,662	467,771	128,577	3,096,530	231,990	7,065,176
Шығулар	(905,553)	(55,154)	(58,601)	(44,468)	(2,179,601)	-	(3,243,377)
Босалқы қорларға аудару	(28,611)	-	-	-	-	-	(28,611)
Аударма	174,768	1,724	6,571,896	(243,710)	137,195	(6,641,873)	-
Шетел валютасын аудару бойынша резерв	2,760,255	355,617	977,760	164,684	15,127,873	335,345	19,721,534
2018 жылдың 31 желтоқсан	21,002,677	2,694,394	9,099,393	1,177,188	112,333,164	779,926	147,086,742
Есептелген тозу							
2016 жылдың 31 желтоқсан	5,781,214	1,363,724	399,703	407,012	24,376,952	-	32,328,605
Жыл үшін есептеу (11-ші ескерту)	1,992,998	195,608	122,388	107,831	6,091,453	-	8,510,278
Шығулар	(1,066,703)	(88,768)	(36,356)	(75,111)	(2,988,735)	-	(4,255,673)
2017 жылдың 31 желтоқсан	6,707,509	1,470,564	485,735	439,732	27,479,670	-	36,583,210
Жыл үшін есептеу (11-ші ескерту)	2,134,789	238,884	190,625	88,590	5,860,070	-	8,512,958
Шығулар	(162,014)	(52,051)	(58,601)	(38,952)	(2,082,393)	-	(2,394,011)
Шетел валютасын аудару бойынша резерв	1,272,801	250,924	91,090	74,251	4,721,830	-	6,410,896
2018 жылдың 31 желтоқсан	9,953,085	1,908,321	708,849	563,621	35,979,177	-	49,113,053
Баланстық құны							
2017 жылдың 31 желтоқсан	9,436,663	638,981	654,832	732,373	68,671,497	6,854,464	86,988,810
2018 жылдың 31 желтоқсан	11,049,592	786,073	8,390,544	613,567	76,353,987	779,926	97,973,689

ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТУЛЕР ЖАЛҒАСЫ

2018 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл іші
(мың қазақстандық теңгемен)

9. ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК, ҒИМАРАТТАР МЕН ЖАБДЫҚТАР жалғасы

Ұйымның географиялық ақпаратын айқындау тұрғысында негізінен әуе кемелерінен (олардың 24-і операциялық лизингте) және негізінен Қазақстан Республикасында тіркелген/орналасқан жер бетіндегі жабдықтан тұратын активтер. Сондықтан географиялық сегменттер бойынша активтерді бөлу үшін негіз жоқ.

Қаржы лизинг бойынша Компания міндеттемелері 76,353,987 мың теңгені (2017 жыл: 68,671,497 мың теңге) (23-ші Ескерту) құрайтын теңгерімдік сомасы бар жалдамалы активтерге қатысты лизинг берушінің құқығымен қорғалған.

Компанияның банктік заем бойынша міндеттемелері баланстық құны 7,683,616 мың теңгені құрайтын негізгі құралдармен қамтамасыз етілді (23-Ескерту).

2018 жылдың 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтардың құрамына 77,215 мың теңге ЕҚЖДБ несиенің сыйақысы капитализацияланған (2017 жыл: 469,589 мың теңге) (23-ші Ескерту).

Компания өзінің операциялық жоспарларын талдап және авиациялық индустрияны әуе кемелерінің қызмет көрсету мерзіміне қолдануына қатысты тәжірибені ескере отырып, Компания әуе кемелерінің қызмет ету мерзімін 2016 жылы 1 қазаннан бастап 20 жылдан 25 жылға ұзарту шешімін қабылдады. Бұл өзгеріс 2017 жылғы есептелген жылдық амортизацияның 915,808 мың теңге төмендеуіне әкелді.

2018 жылы Компания негізгі құралдар құнына енгізілген екі техникалық қызмет көрсету компоненттерінің пайдалы қызмет мерзімін қайта қарастырды: қызмет мерзімі шектеулі қосалқы бөлшектерді жөндеу үшін капиталдандыр.

10. МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕР

Құны	
2017 жылдың 1 қаңтарында	2,215,799
Түсулер	222,111
2017 жылдың 31 желтоқсанында	2,437,910
Түсулер	56,188
Шетел валютасын аудару бойынша резерв	387,018
2018 жылдың 31 желтоқсанында	2,881,116
Жинақталған амортизация	
2017 жылдың 1 қаңтарында	1,166,811
Амортизацияны есептеу (11-ші Ескерту)	294,541
2017 жылдың 31 желтоқсанында	1,461,352
Амортизацияны есептеу (11-ші Ескерту)	323,338
Шетел валютасын аудару бойынша резерв	265,017
2018 жылдың 31 желтоқсанында	2,049,707
Баланстық құн	
2017 жылдың 31 желтоқсанында	976,558
2018 жылдың 31 желтоқсанында	831,409

11. ТОЗУ ЖӘНЕ АМОРТИЗАЦИЯ

	2018 ж.	2017 ж.
Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтардың тозуы (9-шы Ескерту)	8,512,958	8,510,278
Материалды емес активтерден амортизациясы (10-шы Ескерту)	323,338	294,541
	8,836,296	8,804,819

12. КЕПІЛДІКТІ САЛЫМДАР

	2018 жылдың 31 желтоқсан	2017 жылдың 31 желтоқсан
Ұзақ мерзімді кепілдікті салымдар		
Жалға алынған әуе кемелері бойынша кепілдікті салымдар	6,633,981	5,955,895
Өзге кепілдікті салымдар	848,698	569,764
Құнсыздануға арналған резерв	(117,565)	-
	7,365,114	6,525,659
Ағымдағы кепілдікті салымдар		
Техникалық қызмет көрсету міндеттемелер бойынша ашылған аккредитивтерге кепілдікті салымдар	10,974,289	10,923,955
Жалға алынған әуе кемелері бойынша кепілдікті салымдар	712,307	251,906
Өзге кепілдікті салымдар	560,932	413,978
Құнсыздануға арналған резерв	(14,984)	-
	12,232,544	11,589,839
	19,597,658	18,115,498

Жалға алынған әуе кемелері бойынша кепілдікті депозиттер Компанияның лизинг төлемдері жөніндегі міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету үшін ашылған әуе кемелерін операциялық жалдау шарттары бойынша депозиттерді қамтиды. Кепілдікті салымдар, негізінен, АҚШ долларымен деноминацияланған.

Компания осы депозиттердің кредиттік тәуекелін төмен деп бағалады, себебі барлық лизинг берушілердің Standard & Poor's рейтингіндегі рейтингтері AA-BB.

Жалға алынған әуе кемелері бойынша кепілдікті салымдар мен техникалық қызмет көрсету міндеттемелер төменде айтылғандай өтелуі тиіс:

	2018 жылдың 31 желтоқсан	2017 жылдың 31 желтоқсан
Бір жылға дейін	11,686,596	11,175,861
Бір жылдан бес жылға дейін	811,430	2,417,841
Бес жылдан астам	5,833,693	3,556,928
	18,331,719	17,150,630
Әділ құнына дейін түзету	(11,142)	(18,873)
	18,320,577	17,131,757

ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТУЛЕР ЖАЛҒАСЫ

2018 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл іші
(мың қазақстандық теңгемен)

13. ТАУАРЛЫ-МАТЕРИАЛДЫҚ БОСАЛҚЫ ҚОРЛАР

	2018 жылдың 31 желтоқсан	2017 жылдың 31 желтоқсан
Қосалқы бөлшектер	10,815,230	7,825,301
Жанармай	2,905,705	1,827,483
Ыдыс	1,301,670	802,245
Жолдағы тауарлар	768,784	999,336
Жарнамалық материалдар	570,153	513,203
Бірыңғай формалы киімдер	475,255	382,455
Мұз қатуға қарсы сұйықтық	195,558	164,086
Қатаң есептілік бланкілері	76,456	76,095
Өзгелер	817,193	426,209
	17,926,004	13,016,413
Ескірген және өтімсіз тауарлы-материалдық босалқыларды жинап есептен шығаруын шегергенде	(650,451)	(184,278)
	17,275,553	12,832,135

31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін ескірген және өтімсіз тауарлы-материалдық босалқы қорларға резервтің қозғалысы төменде көрсетілген:

	2018 ж.	2017 ж.
Жыл басындағы ескірген және өтімсіз қорларды жинап есептен шығару	(184,278)	(179,894)
Жыл ішінде есептен шығарылған	(401,932)	(17,999)
Жыл ішінде бұрын есептен шығарылғанды қайтару	9,652	13,615
Шетел валютасын аудару бойынша резерв	(73,893)	-
Жыл соңындағы ескірген және өтімсіз қорларды жинап есептен шығару	(650,451)	(184,278)

14. БЕРІЛГЕН АЛҒЫТӨЛЕМДЕР

	2018 жылдың 31 желтоқсан	2017 жылдың 31 желтоқсан
Ұзақ мерзімді		
Ұзақ мерзімді активтерге берілген алғытөлемдер	3,166,576	522,247
Қызметтер көрсетуге берілген алғытөлемдер	2,463,490	2,164,927
	5,630,066	2,687,174
Минус: Құнсызданған алғытөлемдер бойынша резерв	(12,294)	-
	5,617,772	2,687,174
Қысқа мерзімді		
Қызметтер көрсетуге берілген алғытөлемдер	5,026,873	4,848,917
Қаржылық жалдау бойынша алдын ала төлемдер	2,059,696	1,822,071
Операциялық жалдау бойынша алдын ала төлемдер	1,457,655	949,102
Тауарлар жеткізуге берілген алғытөлемдер	1,269,396	2,283,563
	9,813,620	9,903,653
Минус: Құнсызданған алғытөлемдер бойынша резерв	(144,843)	(136,445)
	9,668,777	9,767,208

2018 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша ұзақ мерзімді активтерге берілген алғытөлемдер Boeing-ке үш әуе кемелерін сатып алуға берілетін алғытөлемдерді құрайды (26-ші Ескерту).

31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін құнсызданған алғытөлемдер бойынша резервтің қозғалысы төменде көрсетілген:

	2018 ж.	2017 ж.
Жыл басына	(136,445)	(139,109)
Жыл ішінде түзетулер	-	2,664
Бұрын құрылған резервтен есептен шығарылған	689	-
Жыл ішінде есептелгені	(21,381)	-
Жыл соңына	(157,137)	(136,445)

15. САУДАЛЫҚ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

	2018 жылдың 31 желтоқсан	2017 жылдың 31 желтоқсан
Ұзақ мерзімді		
Өзге қаржылық активтері	18,840,400	16,922,156
Қызметкерлер мен Ab-initio кадеттер берешегі	854,461	677,851
	19,694,861	17,600,007
Алу: құнсызданған борыштар бойынша резерв	(18,135,393)	(16,296,017)
	1,559,468	1,303,990
Қысқа мерзімді		
Саудалық дебиторлық берешек	9,386,390	5,839,325
Жалға берушілердің берешегі - жалдық төлемдердің айнымалы бөлігін өтеу	1,117,254	2,697,340
Қызметкерлер мен Ab-initio кадеттер берешегі	325,802	306,672
	10,829,446	8,843,337
Алу: құнсызданған борыштар бойынша резерв	(597,047)	(363,428)
	10,232,399	8,479,909

2016 жылы «ҚазИнвестБанк» АҚ және «Delta Bank» АҚ кредиттік сапасы айтарлықтай нашарлауына байланысты, содан кейін банк лицензиясының күшін жою жаңа депозиттер қабылдауға және жаңа шоттар ашуға лицензиясының уақытша тоқтата тұру салдарынан, басшылық, тиісінше 4,744,144 мың теңге және 14,926,399 мың теңге сомасында осы банктердегі депозиттерді банктік депозиттерден ұзақ мерзімді сауда және өзге де дебиторлық берешекке жіктеді. Бағалау негізінде, басшылық 2016 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша «ҚазИнвестБанк» АҚ-на және «Delta Bank» АҚ-на 90% құнсыздану бойынша резерв құрған.

2017 жылы маусым айының соңында уақытша әкімшілік «ҚазИнвестБанк» АҚ-ның активтері мен міндеттемелерінің бір бөлігін «Альфа-Банк» АҚ-на тапсырды. «Альфа-Банк» АҚ қарыз алушылардан берілген корпоративтік кредиттер бойынша қаражат жинап, салымшылар арасында табыстарды таратып, делдал қызметін атқарады. Компания «ҚазИнвестБанк» АҚ-дағы міндеттемелерінің бір бөлігін «Альфа-Банк» АҚ-на аударуына келісім берді. 2017 жылдың шілде-қараша айларында Компания «Delta Bank» АҚ-нан мәжбүрлеу шаралары арқылы қолма 1,454,375 мың теңге қайтарып алды.

2018 жылдың 24 қаңтарында АҚ мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енді ҚазИнвестБанк. Жою комиссиясы сегізінші кезектегі кредиторлардың талаптарын ішінара өтеу орнына 62,048 мың теңге төледі бұл талаптың 1,48% -на сәйкес келеді «ҚазИнвестБанк» АҚ компанияларына. Қалған талаптарды өтеу тарату комиссиясының әрекеттеріне байланысты болады. "

2018 жылдың 13 ақпанында сот «Delta Bank» АҚ мәжбүрлеп тарату туралы шешім қабылдады, оның шешімі 2018 жылдың 25 сәуірінде күшіне енді. Тарату комиссиясы Компанияның 1,059,940 мың теңге және 9,554,520 мың теңге шағымдары және сегізінші, кредиторлардың талаптарының кезекті тізілімін мойындады. Қалған талаптарды өтеу тарату комиссиясының әрекеттеріне байланысты болады.

Жалға берушілердің берешегі есепті күнге дейін жүргізілген жөндеу нәтижелері бойынша Компанияға жалға берушілер өтеуге тиіс болатын жалдық төлемдердің айнымалы бөлігінің сомасымен көрсетілген.

Бастапқы құнының 50% қатысты Ab-initio оқу бағдарламасында оқитындардың берешегі процентсіз несие ретінде талданады. Ал қалған бөлігі, жеті жыл ішінде еңбек шартын тоқтатқан жағдайда кадеттен оқу құнын қайтаруға Компанияның құқығы бар, ол алдын ала төлем ретінде талданып және жеті жыл ішінде амортизацияланады.

ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТУЛЕР ЖАЛҒАСЫ

2018 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл іші
(мың қазақстандық теңгемен)

15. САУДАЛЫҚ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК жалғасы

Алайда 2015 жылдың желтоқсан айында Компания менеджменті қызметкерлерді уәждемелеу жүйесі аясында бастапқы дайындыққа Ab-initio оқу бағдарламасынан оқитындарға жаңа қарызды өтеу нұсқасын ұсынды. Осы нұсқа бойынша оқу шығындарын өтеу міндеттемелері жойылады, ал толық сома қызметкерлер Компаниядан кеткен жағдайда өтеуге тиіс болады. Кадеттердің таңдалған нұсқаны бойынша, болашақ кезендердің шығындары ретінде қарастырылып, қалғаны амортизациялық мерзімінің ішінде тікелей желілік әдісін пайдалана отырып амортизацияланады.

2018 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша IATA Bank Settlement Plans (BSP) қоса алғанда, сегіз дебиторлар – бүкіл әлем бойынша туристік агенттіктерден түсімдер жинауды орындайтын компаниялар – саудалық және өзге дебиторлық берешектің 51%-ын құрады (2017 ж.: сегіз дебитор 45%-ын құрады).

31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның гросс саудалық және өзге дебиторлық берешегі төменде айтылған валюталармен көрсетілген:

	2018 ж.	2017 ж.
Теңге	5,857,897	4,238,443
АҚШ доллары	2,555,698	2,788,675
Еуро	880,202	812,223
Ресей рублі	385,737	401,876
Өзгелер	2,112,333	1,542,682
	11,791,867	9,783,899

31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін құнсызданған борыштар бойынша резервтің қозғалысы төменде көрсетілген:

	2018 ж.	2017 ж.
Жыл басына	(16,659,445)	(18,270,275)
ҚЕХС 16	(23,250)	-
Кепілдендірілген резервтерді төмендету	(16,682,695)	(18,270,275)
Жыл ішінде түзетулер	202,345	1,559,770
Жыл ішінде есептелгені	(378,147)	(132,189)
Жеңілдік амортизациясы	89,969	135,530
Бұрын құрылған резерв есебінен шығарулар	42,399	47,719
Бағамдық айырма	540,505	-
Капиталдың есеп беруі бойынша резерв	(2,546,816)	-
Жыл соңына	(18,732,440)	(16,659,445)

16. ӨЗГЕ САЛЫҚТАР БОЙЫНША АЛДЫН АЛА ТӨЛЕМ

	2018 жылдың 31 желтоқсан	2017 жылдың 31 желтоқсан
Өтелуге тиіс қосылған құн салығы	8,452,400	5,786,240
Өзге салықтар бойынша алдын ала төлемдер	255,109	224,003
Қоршаған ортаға эмиссия бойынша алдын ала төлемдер	384	294
	8,707,893	6,010,537

Қайта қосылған құн салығы ағымдағы активтерде мойындалады, өйткені Компания осы сомаларды келесі жылы өтеуді жоспарлап отыр.

17. АҚША ҚАРАЖАТТАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БАЛАМАЛАРЫ

	2018 жылдың 31 желтоқсан	2017 жылдың 31 желтоқсан
Шетелдік банктердегі ағымдағы шоттар	32,550,961	28,515,939
Өтеудің бастапқы мерзімі 3 айдан кем қазақстандық банктердегі мерзімді депозиттер	14,625,341	6,669,263
Қазақстандық банктердегі ағымдағы шоттар	3,795,512	14,025,583
Кассадағы ақша қаражаттары	41,109	34,365
Есептелген сыйақы	19,594	-
	51,032,517	49,245,150
Құнсыздануға арналған резерв (9 ҚЕХС)	(768)	-
	51,031,749	49,245,150

31 желтоқсандағы жағдай бойынша ақша қаражаттары мен олардың баламалары төмендегі валюталарда көрсетілді:

	2018 ж.	2017 ж.
АҚШ доллары	49,127,270	47,074,365
Үнді рупийі	506,760	1,066,253
Еуро	348,085	189,601
Ресей рублі	272,014	93,951
Қытай юані	162,901	22,927
Теңге	119,102	477,772
Ағылшын фунт стерлингі	107,576	40,511
Өзбек сомы	31,889	41,444
Өзгелер	356,152	238,326
	51,031,749	49,245,150

18. КАПИТАЛ

2018 және 2017 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жарғылық капитал бір акциясының номинал құны 147,150 теңге тұратын бекітілген, шығарылған және толықтай төленген 17,000 жай акциялардан тұрады.

Қарапайым акция иелері жүйелі түрде жарияланып тұратын дивидендтерді алуға, сондай-ақ «бір акция – бір дауыс» ережесіне сүйене отырып, Компания жиналыстарында дауыс беруге құқылы.

